Ж.Н.СҮЛЕЙМЕНОВА

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ж.Н.СҮЛЕЙМЕНОВА

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Алматы, 2001

ББК 81.2 Каз-96
С 90

С 90 Сүлейменова Ж.Н. Қазақ тілін оқытудың кейбір мәселелері. - Алматы: "Білім", 2001. - 115 бет.

ISBN 9965-493-43-Х

Оқу құралы сабақ орыс тілінде жүретін мектепте қазақ тілін оқытумен байланысты кейбір мәселелерге арналған. Қазақ тіліндегі етістік сөз табын оқытудың материалдарының негізінде құрылған.

Құрал (басылым) студенттер мен оқытушы, мұғалімдерге арналады.

Пікір жазғандар: педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
Жақсылықова К.

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
Асанова Ұ.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты Ғылыми Кеңесі ұсынған.

Оқу құралы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты қазақ тілі кафедрасында мақұлданған.

С $\frac{4310020000}{00(05) - 01}$

ББК 81.2 Каз-96

ISBN 9965-493-43-Х

© Сүлейменова Ж., 2001

Асыл ұстазым
ҚР ҰҒА-ның корр.-мүшесі, филология
ғылымдарының докторы, профессор
С.М.Исаевтың рухына бағыштаймын

КІРІСПЕ

Қазақ тілі - қазақ халқының тілі, оның рухани баға жетпес байлығы. Бүгінгі таңда дүние жүзіндегі тілдердің саны 5651 болса, соның бірі қазақ тілі сөйлеушісінің саны жағынан көптігі бойынша алғашқы жүздің 70-орнын алып отыр.[1]

Республикамыздың қоғамдық өмірінде кейінгі кезде болып жатқан өзгерістер, жаңарулар қазақ тілінің де шынайы, жан-жақты дамуына мүмкіндік беріп отыр. Мұның алғашқы белгілері - ұлттық сана-сезіміміздің, намысымыздың оянуы ұлттық рухымыздың көтерілуі, әдет-ғұрып, әдебиет, мәдениетіміздің қайта түлеуі, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алып, өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін оқып-үйренуге жаппай бет бұруы, оларға арналған оқулық, оқу құралдарының үздіксіз жарыққа шығуы.

Қазақстан Республикасы - көпұлтты мемлекет. Мұның өзі мемлекеттік мәртебе алған тіліміздің оқып-үйрену, игеруді жан-жақты жүзеге асырып, жетілдіре түсудің өте қажеттілігін дәлелдейді.

Тіл-сөз өнері ғана емес, ол әр ұлттың өкілдерін бір-бірімен жақындастырушы, тәрбие беруші құрал. Тілді білу ұлтаралық қарым-қатынасты, ұлтаралық мәдениетті жақсартады. Әрбір халықтың ғасырлар бойы жасаған мәдениетін, оның озық үлгілерін таныту арқылы баланы сол ұлтқа құрметпен қарауға тәрбиелеумен бірге оның тілге деген сүйіспеншілік сезімін оятуға болады.

Қазақ тілінің қоғамдық қызметін кеңейтіп, оның маңызын, қажеттілігін табиғи түрде арттыру, жан-жақты шынайы дамытудың бір сара жолы - тілді міндетті оқытуды жүйелі түрде енгізу, оқыту сапасына қатал талаптар қою, оның орындалу нәтижесіне тұрақты бақылау жасау. Осымен байланысты республикада мемлекеттік тіл-қазақ тілін оқып-үйрену міндеті өзінің көптеген шешімдерін күтеді. Сол міндеттердің бірі-ұлттық мектептерде (соның ішінде орыс мектебінде) қазақ тілін оқытудың әдістемесін ғылыми негізде жетілдіре түсу. Ұлттық мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесінің Кеңес Одағы құрылғаннан бастап, бүгінгі таңға дейінгі тарихы ұзақ болғанымен, оның негізгі пән ретінде оқытылмауына байланысты оқыту тәжірибесі-әдістеме бойынша дамуы кенже қалған дүние.

Еліміз егемендігін алғанға дейін ұлттық мектепте қазақ тілі пәнін жүргізудің міндетті болмауына, шынайы мемлекеттік қамқорлыққа іліге алмауына байланысты көптеген жылдар бойы арнайы зерттеу нысанасы бола алмады, соның салдарынан оқулықтар басты талаптарға сай болмай, практикалық жағынан сын көтермеді. Мұның өзі орыс тілді оқушылардың қазақ тілінен практикалық дағды алуына кері әсерін тигізді, ал алынған білім сапасының дәрежесі төмен деңгейде болды.

---

[1] Хасанов Б. Қазақстандағы қостілділік. А., 1989. 11-12 б.

Тілдің кейбір жүйелі топтары мен грамматикалық категорияларын меңгерудің әдіс-тәсілдерін қарастырмай тұрып, қазақ тілін бұл типті мектептерде оқытудың әдістемелік жүйесін жасау мүмкін де емес.

Тілдің грамматикалық құрылысының бір саласы - морфология. Морфологияның қарастыратын мәселелерінің бірі - сөз таптары. Қазақ тіліндегі сөз таптарының ішіндегі ең күрделісі - етістік сөз табы. Етістік - лексика - гарммматикалық жағынан күрделі, грамматикалық категорияларға бай сөз табы. Мектеп курсында етістікті оқыту қазақ тілі әдістемесінің негізгі мәселелерінің біріне жатады.

Әрине, қазақ тіліндегі етістік сөз табын, оның алуан түрлі лексика-семантикалық, грамматикалық сипаты бар топтары мен грамматикалық категорияларын, тұлғаларын қазақ мектебі мен орыс мектебінде оқытып, үйретудің әдіс-тәсілдерін де, деңгейлері мен көлемі де, аясы мен мазмұны да бірдей, біркелкі емес, тіпті салыстыруға да болмайды.

Етістік қазақ тіліндегі сөзжасамдылығы, түрленуі күрделі, грамматикалық категориялар мен синтаксистік қызметке бай сөз табы. Сондықтан оқушылардың қазақша тілін дамытуда етістік сөз табының алатын орны ерекше. Демек, мектепте етістікті оқыту әдістемесін бір жүйеге келтірудің практикалық жағының маңызы зор.

арналған "Қазақ тілі" оқулығы (1938), І.Кеңесбаевтың 8-10 сыныптар үшін "Қазақ тілі" оқулығы (1939), С.Жиенбаевтың 7-класс оқулығы (1940).

Осылармен қатар сол кездері шығып тұрған педагогикалық журналдар мен газет беттерінде қазақ әдістемесінің көрнекті өкілдері Ш.Х.Сарыбаев, С.Жиенбаев, Ғ.Бегалиев сияқты әдіскер ғалымдардың ұлттық мектептегі қазақ тілін оқу жайындағы ірілі-кішілі мақалалары жарық көре бастады.

Солардың алғашқыларының бірі - С.Жиенбаевтың "Орыс мектебінде қазақ тілін оқыту методикасы" атты мақаласы.[1] Ол бұл мақаласында қазақ тілін оқытуда шет тілін оқытудың әдістемесін қолданудың тиімділігін айта келіп, алдымен оқушыны ауызша сөйлеуге үйретудің қажеттілігіне тоқталады. Оқушылардың сөйлеу тілін дамытуға әсіресе етістік сөздерінің ерекше орын алатынын, сондықтан оған сабақ барысында көбірек көңіл бөлу керектігін атап көрсетеді.

Осы тұста жарық көрген дүниелердің ішінен ғалым Ш.Х.Сарыбаевтың еңбегін ерекше атап өту керек. Ол - осы салада алғаш құнды мақалалар жариялап, кейіннен көзмайын тауыса зерттеген тақырыптар аясында тұңғыш диссертациялық жұмыс жазған адам.[2] Автор диссертациясының кіріспесінде орыс мектебінде қазақ тілі пәнін оқытуға жете мән берілмей келе жатқанын, әдістемелік бақылау мен басшылықтың, оқу құралдарының жоқтығын қынжыла жасады. Еңбек қазақ тілі грамматикасын оқытудың әдістемесі, ауызекі тілде сөйлеуге үйретудің әдістемесі екі бөлімнен тұрады. Ғалым грамматиканы оқытуда теориялық материалдардың ең керектілерін іріктеп, оны практикалық қажеттілікке қарай жүйелеп орналастыру тәртібінің тілді үйренуде маңызды роль атқаратынына тоқталады. Автордың бірнеше ұқсас, мазмұны бір-біріне жақын тақырыптарды біріктіріп ұсынуы - қазіргі кезеңдегі сабақты тиімді өткізудің әдісі - блокпен оқытуға сәйкес келеді. Оқушыларға грамматикалық және лексикалық материалды игертуде араға уақыт салып-оқтын қайталап отырудың тиімділігіне назар аударады. Морфология мен синтаксис элементтерін оқытуда өзінің "санәдісін" ұсынады. Алдымен тақырыпқа лайық мысалдарды түсіндіріп. Содан соң оны қорытып, ережесін шығарып, соңынан "санәдісті" қолдануды ұсынады. Бұл әдіс, біріншіден, оқушылардың сабаққа ынтасын арттыра, екіншіден, ұстаз бен шәкірттің уақытты үнемдеуіне мүмкіндік береді.

---

[1] Халық мұғалімі. 1939, N 7. 41–56-б.

[2] Сарыбаев Ш.Х. О методике преподавания казахского языка в русской школе. Диссертация на соиск. Ст. канд. пед. наук. А., 1943.

Еңбектің тіл дамытуға арналған тарауында оқу, жазу, сөздік жұмысын жүргізудің жолдары баяндалып, оны үнемі грамматикалық материалдармен ұштастырып отырудың қажеттігі еске салынады. Автор оқушыны оқу мен жазуға дағдыландыруда оқулықтағы текстердің үлкен роль атқаратынына тоқталады, әр сабақта алдыңғы өткен тақырыптарды қайталап отырудың тиянақты білім беруге негіз жасайтындығына көңіл бөледі.

Ш.Х.Сарыбаев 1948 жылы жазған "Орыс оқушыларын қазақша сөйлеуге үйрету әдісі"[1] деген мақаласында орыс оқушыларына 30 сағаттық сабақта қазақша түсіндіріп, ал 100 сағат көлемінде сабақты қазақ тілінде жүргізуге болатынын, оны өз тәжірибесінде байқап, дәлелдегенін айтады. Мұндай нәтижеге жету үшін оқу процесінде мынадай шарттардың орындалуы қажеттігін көрсетеді:

- үйретілген сөз оқушының көз алдындағы заттар мен соның қимылының атауы болуы керек;
- бас сабақта берілетін сөз саны аз, яғни 5-тен аспауы қажет;
- үйретілген сөз мағыналық жағынан үйлесімді, ұялас болуы керек. Жоғарыда аталған талаптарды орындағанда ғана оқушының сөйлеу тілін дамытуда жемісті нәтижеге қол жеткізуге болады деп жазады автор.

1952, 1954 жылдары жарық көрген "Орыс оқушыларына етіс категориясын орыс оқыту"[2], "Етістікті оқыту"[3] мақалаларында етіс категориясын орыс мектебі түгілі, қазақ мектебі оқушыларына меңгертудің қиын мәселе екендігін, оның бір төркінінің бұл жөніндегі әдістемелік еңбектердің жоқтығында екендігін баяндайды. Ол етіс тақырыбын түсіндіруде үйретілген етістіктердің мағыналық жағынан ұқсас болуы, көрнекі түсіндірілуі деген тәрізді екі түрлі принципті тұтқа етіп ұстауды ұсынады. Осыған байланысты етістіктер оқушының тікелей іс-әрекеттері (өздері жасаған) арқылы түсіндіріледі.

Қимылды білдіретін сөздерді оқушылардың көз алдындағы заттардың қозғалысы арқылы түсіндірудің тиімділігін нақтылы мысалдармен дәлелдеп, етістікті меңгертуді "санәдісін" қолданудың жолдарын көрсетеді.

Етістік шақтарын меңгерту үшін оларды үнемі бір-бірімен салыстыра оқытудың және жіктелуін жіктеу есімдіктерімен байланыстыра өтудің маңызы зор екенін айтады.

Сөз таптарының ішіндегі күрделі де көлемдісі - етістік. Ғалымның етістік тақырыбына қайта-қайта оралып, осы бағытта дүркін-дүркін мақалалар жазуы - автордың орыс мектебіндегі қазақ тілін оқыту әдістемесін жетік білетіндігін аңғартады. Себебі

[1] Халық мұғалімі, 1948, N 6. 32-38-б.
[2] Халық мұғалімі, 1952, N 4-6. 47-51-б.
[3] Халық мұғалімі, 1954, N 1. 42-48-б.

оқушылардың сөйлеу тілін дамытуда етістіктің алатын орны ерекше. Автор осы ерекшеліктерді тап басып талдап көрсетеді.

1940 жылы жазылған М.Лапатухиннің еңбегі[1] орыс мектебінде қазақ тілін оқыту әдістемесіне арналған. Онда қазақ тілін оқытумен байланысты қойылатын талаптар, қазақ тілін өзге тіл ретінде оқыту әдістерінің өзіндік ерекшеліктері, сабақ құрылымы, үлгілері, үй жұмысын берудің әдістемесі сияқты мәселелер қамтылады. Сонымен бірге мұнда орфоэпиялық, лексикалық, грамматикалық материалдарды берудің жолдары сөз болады. Автор бұл еңбегінде оқушылардың жазба және ауызша тілдерін дамытудың жолдары мен қазақ және орыс тілдеріндегі тілдік материалдың ұқсас жақтары мен ерекшеліктеріне тоқталған. Тақырыбымызға сәйкес етістікті оқыту мәселесі бұл еңбекте қысқаша баяндалады. Мұнда етістік сөздерді негізінен көрнекі түсіндіру әдісі арқылы меңгерту қажеттілігін басым айтады да, етістік бойынша меңгерілуге тиісті грамматикалық материалды атап кетеді.

1941 жылы жарық көрген жинаққа[2] ғалым Ш.Х.Сарыбаев пен Т.Әбішевтің көлемді мақалалары енген.

Ш.Х.Сарыбаев өзінің "Орыс мектебінде қазақ тілін оқыту мәселелері" атты мақаласында орыс тілді оқушылармен жүргізілетін алғашқы сабақтардың үлгісін көрсетеді. Мұнда ол грамматикалық материалдарды оқушылардың игеріп, оны тілде дұрыс қолдануға үйретудің жолдарын, етістік бойынша бұйрық рай, ауыспалы осы шақты меңгертудің әдістемесін сөз еткен. Бұл материалдарды жеңіл игертуде өзінің кейіннен диссертациясында сөз ететін "санәдісін" қолданудың тиімділігін атай келе, оны көрнекі көрсетеді. Еңбектің соңында бақылау жұмысын жүргізудің әдістемесіне тоқтаған.

Т.Әбішевтің мақаласы "Орыстарға қазақ тілін оқыту методикасының кейбір мәселелері" деп аталады. Мұнда ол қазақ тілі сабақтарында жүргізілетін жұмыстың түрлері мен тілдің грамматикасын игертудің әдістеріне тоқталады.

1946 жылы Ғ.Бегалиев "Орыс мектебінде қазақ тілін оқыту"[3] деген мақаласында сөйлеуге ең қажетті сөздерді іріктеп алу керек дей келе, сөздік минимум жасауға келіп тіреледі. Автордың лексика-грамматикалық материалды іріктеудің кейбір элементтерін атап көрсетуі - тіл үйретудің негізгі проблемаларының бірі. Сол алғашқы оқу жылында үйретілген тілдік минимумды мына негізде береді:

1) оқушылардың қазақша сөйлеуіне аса қажет сөздердің іріктелуі;

2) көп мағыналы сөздердің берілмеуін қадағалау;

3) айтылуы қысқа буынды сөздер;

---

[1] Лапатухин М. Очерки по методике казахского языка в русской школе. А., 1940.
[2] Мектеп тәжірибелері. Орыс мектебінде қазақ тілін оқыту мәселелері. А., 1941.
[3] Халық мұғалімі, 1946. N 10. 32-35-б.

4) үйретілетін етістіктердің бұйрық мағынада қолданылуы.

Автор мақала соңында сөздік жұмысын жүргізудің суретін көрсету, сөйлем құрау немесе синонимін түсіндіру арқылы меңгерту жолдарын көрсеткен.

50-жылдары жарық көрген М.Бошаев, Ф.Мұсабекова[1] мақалаларында С.Жиенбаевтың 6-7 сыныпқа, Ғ.Бегалиевтің 8-9 сыныптқа арнаған оқулықтарындағы басты кемшіліктерден мыналарды атап көрсетеді:

- жаңа сөздерді келесі сабақтарда қайталаудың жоқтығы;
- жаттығулар мен тапсырмалардың мазмұнының сапасының төмендігі;
- кейбір грамматикалық тақырыптарға жаттығулардың үйлеспеуі;
- қиын сөздердің аударылмауы;
- стильдік, емлелік қателердің көптігі.

1960 жылы шыққан К.Мыңбаева[2], Е.Көшербаевтың[3] еңбектерінде бастауыш сыныптарда оқытылатын құрылымы, онымен жұмыс істеудің әдіс-тәсілдері, сөздік жұмысын жүргізудің жолдары және үйретілітін сөздік минимум берілген.

1974 жылы "Орыс мектебіндегі қазақ тілі мұғалімдерінің іс-тәжірибесінен" деген жинақ жарық көрді. Бұл орыс мектебіндегі қазақ тілі әдістемесі бойынша алғаш жарияланған еңбек болып табылады. Мұнда Ж.Адамбаеваның 4-5 сыныптарда тіл дамытуға байланысты жүргізілетін жұмыстары, Р.Әміровтың сабақта көрнекілік қолдану тәсілдері, Н.Дүйсекованың үйірме жұмыстарын ұйымдастыру туралы жазған мақалалары енген.

1978 жылы Адамбаеваның "Орыс мектебіндегі қазақ тілі сабақтарында тіл дамыту жұмыстары" деген еңбегі жарық көрді. Бұл - әдістемелік құрал ғылыми түрғыда жазылған көлемді мазмұнды еңбектің бірі. Мұнда автор 2-8 сынып аралығындағы қазақ тілі сабақтарында іске асатын тіл дамыту жұмыстарының ерекшеліктері мен оған қойылатын талаптар, ерекше дыбыстарды тіл дамыту мен үштастыра оқыту тәсілдері, мәтін, грамматика, жаттығу, тапсырмаларды орындауға байланысты жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарының түрлері, онда пайдаланатын көрнекі құралдар, сабақ үлгілері тәрізді мәселелер қамтылған. Сонымен бірге осы автордың бастауыш, орта буынды сыныптарға арналған грамматикалық кестелері мен диафильмдерінің,

---

[1] Социалистік Қазақстан, 1949, 9 қаңтар. 1952, 4 желтоқсан.
[2] Орыс мектептеріндегі қазақ тілін оқыту жөніндегі инструкциялық әдістемелік нұсқау. (Құрастырған К.Мыңбаева), А., 1965.
[3] Қазақстан мектебі, 1960, N 7. 71-75-б.

фонохрестоматияларының[1] оқушыларға тіл үйретуде маңызы зор болғандығын айта кету орынды.

1980 жылдары жарық көрген көлемді еңбектердің бірі - Ы.Мамановтың "Орыс мектебіндегі қазақ тілін оқыту" әдістемелік оқу құралы. Автор бұл еңбегінде фонетика, морфология, синтаксисті оқытудың әдіс-тәсілдеріне және етістік формаларын үйретудің жолдарына арнайы тоқталған. Сөздердің бір-бірімен байланысын, сөз тіркесін құрауда грамматикалық формалардың басты роль атқаратындығын, ендеше, грамматикасыз тіл үйрету мүмкін емес екендігін, соның ішінде етістік сөздерінің атқаратын ролін айта келіп, оқушының міндетті түрде білуге тиісті төмендегі етістік формаларын атап көрсетеді: жедел өткен шақ, ауыспалы келер шақ, нақ осы шақ, бұйрық рай, өткен шақ есімше, тұйық етістік, өткен шақ көсемше, қалау рай, көмекші етістіктер (еді, екен, ет, де).

1987 жылы Қазақ ССР Министрлер Советінің "Республикада қазақ тілін оқып, үйретуді жетілдіру" қаулысынан кейін, іле республикада қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алған соң (1989), Егеменді еліміздің Жаңа Конституциясында қазақ тілі мемлекеттік тіл болып заңдастырылып, қазақ тілін өркендетудің бағыт-бағдары анықталды. Міне, осы тарихи құжаттар республикада тұратын жергілікті ұлт пен өзге ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілді үйрену қажеттілігін туғызды. Осыған байланысты ересектерге арналған "Қазақ тілі", жоғары оқу орындары үшін "Қазақ тілі" оқулықтары, мектепке арналған оқу құралдары көптеп шыға бастады. Атап айтқанда, Х.Қожахметованың "Қазақ тілінің 40 сабағы" Н.Оралбаева т.б. "Біз қазақ тілін үйренеміз", Ш.Бектұров, А.Бектұрованың "Қазақ тілі" оқулығы, Б.Құлмағамбетова, Ж.Елемісованың "Қазақ тілі" көмекші құралы, Ә.Сәдуақасованың "Орыс мектебінде қазақ тілін оқытудың кейбір мәселелері", Т.Аяповаңың "Қазақ тілі" оқулығы, Қ.Молдабековтің "Қазақ тілін үйренушілерге оқу құралы", Э.Сүлейменова және бірнеше автордың қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне үйретумен байланысты жарық көрген Тіл ұстарту, Анықтағыш, Сұхбат, Бейнежазба, Үнжария оқу кешені, А.Мұсаева т.б. бірнеше автордың "Алғашқы қадам" оқу құралы, А.Бұлдыбаев, Л.Екшембаеваның, "Сөйлей білсеңіз - ұтасыз" Ү.Несіпбайқызының "Ана тілі - қанатым" әдістемелік құралы, А.Сәтбекованың "Қазақ тіліндегі септіктерді орыс мектебінің 6 сыныбында оқыту" әдістемелік оқу құралы т.б.

Осылармен бірге ұлттық мектепте қазақ тілін оқыту мәселелері бойынша жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған тұңғыш

[1] Ж.Адамбаева, 2-сыныпқа арналған суретті таблицалар (10-таблица). А., 1979; Грамматикалық таблицалары (15-таблица). А., 1989. Диафильмдер: "Қысқы ойындар". А., 1979; "Үй жануарлары". А., 1983; "Мерекеге даярлық". А., 1985; "Жыл мезгілдері". А., 1986. Орыс мектебінің 9-11 сыныптарында оқитын оқушыларға арналған фонохрестоматиялар. А., 1992

оқулық "Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесін" ерекше атауға болады. Оның авторлары - көрнекті ғалым Н.Оралбаева және К.Жақсылықова. Мұнда орыс мектебінде қазақ тілін оқыту әдістемесінің теориялық негіздері, бағдарламалар мен оқулықтар, қазақ тілін оқытудың әдістері, қазақ тілі сабақтары, оқушылардың қазақша тілін дамыту мәселелері және тіл салаларын оқытудың теориясы мен практикасы толық қамтылған.

Осы еңбекпен байланысты 1999 жылы А.Қасабек, А.Күзембаеваның "Орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту әдістемесінің практикалық және зертханалық жұмыстары" оқу құралын атауға болады. Сонымен бірге орыс мектептеріне арналған жаңа бағдарламалар, Кеңес дәуірінде бірінші рет жарық көрген 1 сынып суретті оқулығы.[1]

50-жылдардан бері қарай алғаш рет шыққан 9,10,11 сынып оқулықтары[2], "Атамұра" баспасынан шығып жатқан "Жаңа буын" оқулықтары[3] - айтқанымызға дәлел.

Сонымен, көптеген мәселелері шешімін күтіп отырған ана тілімізді орыс мектептерінде оқыту мәселесі жөніндегі бұл еңбектердің қай жағынан алып қарағанда да маңызы зор.

Қазақ тілін өзге тіл ретінде оқытудың психологиялық негізі

Өзге тілді үйрену, оның әр түрлі тілдік аспектілерін меңгеру, қарым-қатынас құралы ретінде қолдана білуге дағдылану - оқыту процесіндегі күрделі мәселе. Тілді жүйелі түрде үйрету мектеп курсынан басталатындықтан, оны оқыту қазіргі ғалымдардың, атап айтқанда, лингвистиканың, психологияның, педагогиканың соңғы жетістіктеріне сүйенетіні сөзсіз. Осы тұрғыда елімізде шет тілін және орыс тілін өзге тіл ретінде оқытудың ғылыми негізі жан-жақты қарастырылып, түбегейлі мәселелері ашылған. Өзге тілді оқытудың ғылыми негіздерінің бірі психологиялық жағы И.А.Зимняя, А.А.Алхазишвили, Б.А.Артемов, Б.Б.Беляев, К.С.Ильинская, А.А.Леонтьев, К.Оразбекова, Е.Суфиев[4] т.б.

---

[1] Баймұратова Б. т.б. Суретті қазақ тілі (1 сынып оқулығы. А., 1988 ж.).

[2] Дүкенбаева С., Сәдуақасова Ә. Қазақ тілі (9 сынып оқулығы), А., 1990. Адамбаева Ж., Оқалбаева А. Қазақ тілі (10 сынып оқулығы), А., 1990. Қожахметова Х., Нұрғалиева М. Қазақ тілі (11 сынып оқулығы), А., 1992.

[3] Жүнісбек Ә., Баймұратова Ә., Ж.Сүлейменова. Қазақ тілі (1 сынып оқулығы), А., 1997. Жүнісбек Ә.

[4] Зимняя И.А. Психология обучения иностранным языкам в школе. М., 1991; Алхазишвили А.А. Основы обладания устной иностранной речью. М., 1988; Артемов Б.А. Психология обучения иностранным языкам. М., 1969; Беляев Б.Б. Очерки по психологии обучения иностранным языкам. М., 1965; Ильинская Е.С. Психологический анализ урока иностранного языка. М., 1980; Леонтьев А.А. Некоторые проблемы обучения русского языка как иностранный. М., 1970; Оразбекова К. Психология усвоения русского языка в казахской школе. А., 1982.

еңбектерінде айтылған. Олардың еңбектерінде шет тілі мен орыс тілін оқытуда психология ғылымының атқаратын ролі, өзге тілді үйренудің психологиялық заңдылықтары, ерекшеліктері, сабақтың тиімділігінің психологиялық аспектілерін баяндалған. Бұл зерттеулер, сөз жоқ, Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, С.Л.Рубинштейн, Н.А.Жинкин сияқты көрнекті психологтардың адам әрекеті, сөйлеу механизмі, оның психологиясы жөніндегі ғылыми еңбектеріне негізделген.[1] Бұл ретте қазақ мектебінде әр түрлі пәндердің ғылыми негізін оқыту, нақтылап айтқанда, қазақ тілін оқытудың психологиялық жағын қарастырған еңбектердің өзі санаулы.[2]

Ал ұлттық мектептегі қазақ тілі пәнін оқытудың психологиялық негізі - зерттелмей келе жатқан салалардың бірі.

Психология - бүгінгі таңда жан-жақты дамыған ғалым саласы. Бүгінде оның дами түсуі пәндерді оқыту, соның бірі тілді оқыту әдістемесі үшін маңызы зор. Өзге тілді оқытудың психологиялық ерекшелігін анықтау пәнді оқытудың тиімді тәсілдерін айқындап беруге мүмкіндік береді. Осы тұрғыда оқушылардың сөзді қабылдауы, оны іс жүзінде қолдана білуі ойлау операциясының бірлескен қызметі негізінде жүзеге асады. Ұлттық мектепте қазақ тілі өзге тіл ретінде оқылатындықтан, жоғарыда еңбектер бұл тілді оқытудың психологиялық негізін жасауға мүмкіндік береді.

Психологтардың анықтау бойынша, адамның сөйлеу әрекеті ойлаумен, оның жинақтау, талдау, салыстыру, дерексіздендіру, жалпылау сияқты операциялармен тығыз байланысты. Сөйлеу әрекеті - психикалық күрделі әрекет ретінде тілде 4 жағдайда көрінеді: оқу, тыңдау, сөйлеу, жазу. Оқу, тыңдау репродуктивті деп аталса, сөйлеу, жазу продуктивті деп аталады.

Сөйлеу әрекеті адамның іс-әрекетінің бірі ретінде түрткі, себеп (мотив) арқылы жүзеге асады. Бұл жөнінде адам әрекетінің теориясының негізін қалаған А.Н.Леонтьев "себепсіз әрекет болмайды"[3] деп тұжырым жасайды. Қазақ тілін өзге тіл ретінде оқытудың психологиялық негізі ұлттық мектептерде орыс тілін оқыту мен шет тілін оқытудың ғылыми қалыптасқан негіздеріне сүйенеді. Сондықтан ұлттық мектептерде орыс тілін оқыту мен шет тілін оқыту тәжірибесінде қалыптасқан жалпы психологиялық негізі ұлттық мектепте қазақ тілін оқытуда да жүзеге асырылады.

Сөйлеу әрекетінің әрбір түрі адамның жалпы психикалық қызметіне тікелей байланысты. Мәселен, адам оқығанын,

---

[1] Выготский Л.С. Мышление и речь. Избр. соч. В 6 томах. 2-том. М., 1982; Леонтьев А.Н. Основы теории речевой деятельности. М., 1974; Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. М., "Учпедгиз". РСФСР, 1940; Жинкин Н.А. Механизм речи. М., 1958.

[2] Алдамұратов Ә. Оқушылардың грамматикалық ұғымдарды меңгеру психологиясы. А., 1982; Мұқанов М. Педагогикалық психология. А., 1969; Жарықбаев К. Психология. А., 1982.

[3] Леонтьев А.Н. Основы теории речевой деятельности. М., 1974, с.12.

тындағанын түсініп, жаза біліп, сөйлеу үшін соған итермелейтін түрткі-мотивация керек. Психологияда 10-15 жас аралығындағы мектеп оқушыларын жасөспірім деп атайды. Бұл жас аралығында олардың ақыл-ойлары толысып, үнемі динамикалы даму үстінде болады. Осы кезеңде өзге тілді үйретудің маңызды психологиялық элементі - сөйлеуге үйретудің себебін (мотивін) белгілеу. Үйретіліп отырған тілде сөйлеуге, оқуға, жазуға, тыңдауға үйренудің себеп-салдары, көздейтін мақсатын білмейінше, оның пайдалылығын, қажеттілігін сезінбейінше, бұл процестің нәтижелі болуы екіталай. Себеп (мотив) - мақсат қоюға талаптандыратын түрткі. Осыған байланысты қазақ тілін өзге ұлт балаларына үйрету барысында оны оқытудың мақсатын, міндетін айтумен қатар, басқа ұлт адамдарымен қарым-қатынас жасауға үйрену, сол ұлттың әдет-ғұрып, мәдениеті, әдебиеті мен танысу өз білімін, ойлау ауқымын кеңейтуге қажет екендігін баланың ой елегінен өткізу керек. Айқындалған мотив әр сабақтың өн бойында сақталып, мақсатты түрде шешіліп отыруы қажет. Бұл жөнінде ғалым И.М.Рожкова: "Егер мұғалім сабақта жасалатын жұмыстың қажеттілігін, маңыздылығын оқушылардың түсінуіне мүмкіндік жасамаса, көздеген мақсатқа жете алмайды"[1] - деген. Мотив тілді үйретудің бастапқы кезінде ғана емес, әрбір сөйлеу әрекетіне бағытталған жұмыстың мазмұнына қарай қойылып отыруы қажет. Тілдің қажеттілігін, пайдалылығын, маңыздылығын түсінуі - оқу процесінде нәтижеге жетудің негізгі шарттарының бірі екендігін мұғалім әрдайым естен шығармағаны абзал.

Ассоциация теориясы бойынша, адам сөздерді кезек-кезек қабылдамайды, алдында тұрақты жадыда сақталған материалмен ұштастыру, салыстыру арқылы қабылдайды. Сөйлеу әрекетінің репродуктивті, продуктивті түрінің жүзеге асуы кезінде оқушы оқу материалының мазмұнын алдымен шатастырып, содан соң практикада қолдануға дағдылану арқылы меңгеретін болады. Баланың материалды түсінуі ең алдымен бұрын алған білімімен ұштастыру арқылы шатастыру кезеңі мен кейін бірте-бірте айыратын дәрежеге көтерілу кезеңінен тұрады. Осы екі процестің бірінен соң бірі ауысып отыруы арқылы мида жоғарыда айтқандай, шартты байланыс пайда болады. Ал адамның дүниені танып білуі осы уақытша шартты байланысқа (ассоциация) тікелей қатысты. Физиологтардың айтуы бойынша, бұл уақытша шартты байланыстар адам миына мазмұны ұқсас, бір типтегі нерв импульстері тез ара уақытта түскенде тез қалыптасады. Демек, лексикалық, грамматикалық материалды игеруде әр сабақта

[1] Рожкова И.М. Раскрытие практической необходимости, изучаемого грамматического материала для воспитания. В кн: Воспитание интереса к урокам русского языка у учащихся V-VIII классов. Москва, 1965, с.118.

берілетін білімнің мазмұны бір-бірімен сабақтаса, байланыса, жүйелі орналастырылуы керек.

Өзге тілді үйрену процесі екі түрлі жолмен жүзеге асады. Оның бірі өзге тілді ортада жүріп, сол өкілдің адамдарымен тікелей қарым-қатынаска түсе отырып, соны тәжірибеде қолдану арқылы үйрену. Бұл - үйренудің практикалық жолы. Екінші түрі - теориялық білім негізінде тәжірибеде қолдану арқылы мақсатты түрде арнайы оқу. Бұл мектеп курсынан басталады. Тілді үйретудің мектепте жүзеге асуы оқушының осы пәннен жүйелі білім алуына іргетас қалайды. Сондықтан мектепте қазақ тілін оқыту үлкен жауапкершілікті қажет етеді.

Өзге тілді оқыту мен ана тілін оқытудың арасында елеулі айырмашылық бар екені даусыз мәселе. Бұл тұрғыда орыстың көрнекті психологы Л.С.Выготский былай дейді: "Усвоение иностранного языка идет противоположным тому, который идет развитие родного языка. Ребенок усваивает родной язык неосознанно, ненамеренно, а иностранный начинает с осознания и намеренности. Поэтому можно сказать, что развитие родного языка идет снизу вверх, а в то время как развитие иностранного языка сверху вниз"[1]. Бұдан өзге тілді үйрену барысы ана тілін меңгеруге қарама-қайшы келетінін және орыс мектебінде оқитын оқушыларға қазақ тілін үйрету оларға сол тілдің әр түрлі аспектілерінен теориялық мәлімет беруден бастау керек екендігін көріп отырмыз.

Белгілі психолог Қ.Жарықбаев: "Грамматиканы меңгеру - біздің ауызша және жазбаша сөйлеуімізді дамытудың бірден-бір құралы. Оның заңдарын білу арқылы ғана бала өзінің ауызша және жазбаша сөйлеуін белгілі мақсатқа сай ұйымдастырып, жоспарлап, жүйелі етіп құра алатын қабілетке ие болады"[2] - дейді. Тілдің грамматикалық құрылысын игеру, оны практикалық тілде қолдана білу оқытудың синтаксистік принципіне негізделу қажет. Оқытудың бұл принципі оқушылардың грамматикалық білімін үнемі тәжірибеде қолдануын, тілдік материалды сөз тіркесі, сөйлем дәрежесінде қабылдануын, оның коммуникативтілік жағын жүзеге асырады.

Сөйлеу әрекетінің қай түрі болмасын алдымен мотив арқылы жүзеге асатындығын жоғарыда айттық. Тыңдау, оқу, сөйлеу, жазуға үйрену оқушының жинақталған лингвистикалық универсалдық білімнің практикада дағды дәрежесіне көтерілуі қажеттілігін психологтар да, әдіскерлер де атап көрсетеді. Осы тұрғыда дағды дегеніміз - психологиялық жағынан белгілі бір мақсатты іс-әрекетті саналы түрде қайталау негізінде автоматтандыру дәрежесіне

[1] Выготский Л.С. Мышление и речь. Сборн. Соч. В 6 томах. 2-том, М., 1982. С.26.
[2] Жарықбаев Қ. Психология. А., Мектеп. 1982. 186-б.

жеткізу. Дағды жаттығу нәтижесінде қалыптасады. Қазақ тілін үйрету барысында грамматика арқылы түсіндірілген материал жаттығу негізінде бекітіліп, сөйлеуге бағытталып отырады. Баланың материалды қабылдауы, ұғынуы, түсінуі - берілген білімнің жас ерекшелігі мен ойлау қабілетінің деңгейіне сәйкестілігімен байланысты. Сондықтан берілетін білімнің оқушылардың шамасы келмейтін, оларды орынсыз қинайтындай дәрежеде болмауын қадағалау қажет. Себебі бұл жағымсыз сезім - оқушыда фрустрациялық күйдің орнығуына әкеліп оғады. Міне, осыдан келіп бала немқұрайды күйге түседі, сабақты енжар қабылдайды, пәнге қызығушылығы төмендейді.

Білімді бекіту, дағдыларды қалыптастыру жаттығу мазмұнының сапасына да байланысты. Білімді практикада қолдану дағдыларының қалыптасуының нәтижесін олардың сол берілген жаттығуларды орындау жылдамдықтары мен оның орындалу сапасының жоғарылығынан анықтауға болады.

Дағдыны дұрыс қалыптастыруда оны тексеріп отырудың маңызы зор. Бұл, біріншіден, оқушылардың материалды игеруде жіберген қателерін жөндеуге көмектессе, екіншіден, қаншалықты дәрежеде түсінгендерін анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге психологияда оқу процесінде дағдыны қалыптастыруды қиындататын бірнеше кедергілер айтылған. Олар: объективтік және субъективтік. Объективтік түріне оқу құрал-жабдықтарының сапасыздығы, ал субъективтік түріне оқушының өзіне-өзі сенбеушілігі, көңіл-күйінің нашарлығы жатқызылған. Мұғалім осы аталған кедергілердің екі жағын да сын көзбен қарап, оларды болдырмаудың жолдарын дер кезінде жүзеге асыруы керек.

Етістік - сөз таптарының ішіндегі күрделі категориялардың бірі болумен қатар, тілде атқаратын функциялық қызметінің жиілігі, сөйлеуге қажеттілігі жағынан алдыңғы қатарлы, ауқымды сөз табы. Сондықтан оны тілде дұрыс қолдану дағдыларын қалыптастыру мұғалімнен үлкен шеберлік пен нәтиже жетуге деген табандылықты қажет етеді. Сабақтар арасындағы мағыналық байланыстардың бұзылуы, білім берудің бірсарандылығы, алғаш берілген білімнің келесі сабақтарда қайталанбауы оқушылардың алған дағдыларының босаңсып, тіпті жойылып кетуіне әкеліп соғады. Мұндай жағдайды болдырмас үшін мұғалім сабаққа қойылатын методикалық талаптарды қатаң орындауы қажет. Олар: сабақтар арасындағы өзара байланыстық, білімнің жүйелі қайталанып, бекітіліп отырылуы, сабақтың түрлендіріліп, қызықты жүргізілуі. Демек, өткен сабақ материалымен жаңа сабақ мазмұны бір бірімен сабақтасып, оқушылар алған білімін келесі сабақтарда пайдаланатындай, тілде әр түрлі жағдайда қолданылатындай жағдай жасалуы қажет. Осы бағытта мына жұмыстарды өткізуге болады:

оқушылармен жүргізілетін сұрақ-жауапқа құрылған әңгімелер, суретпен жүргізілетін жұмыстар, дидактикалық ойындар, морфологиялық, синтаксистік ауызша, жазбаша грамматикалық жаттығулар, диафильмдер көру, таспа жазулары арқылы оқушылардың өздерінің сөйлегендерін тыңдап, бақылауы, талқылауы сияқты көптеген оқу жаттығулары, жұмыстары.

Сонымен, тілдік материалды игеру - өзге тілде сөйлеу, жазу, оқу, тыңдау сияқты сөйлеу әрекетінің түрлерін дағды дәрежесінде игеру болып табылады. Сөйлеу әрекетінің бір түрі - тыңдап түсіну (аудирование). Тыңдап түсіну - сөйлеуші мен тыңдаушы арасында жүзеге асатын процесс. Ауызша айтылғанды ұғыну, түсіну - күрделі психикалық процесс. Оқушылар сөйлеушіні алдымен сөздерді қабылдау арқылы ұғына бастайды. Ол үшін оқушылардың фонетикалық есту қабілеті болуы қажет. Орыс мектебінде етістікті оқыту барысында тыңдау үнемі оқумен ұштасып отырады. Себебі сөз, сөйлем немесе мәтін тыңдалып қана қоймай, жазбаша нұсқасы бойынша естігенінің жазылуын бақылап, салыстырып отырғанда ғана тиімді болмақ.

Тыңдау дағдысын қалыптастыруға арналған жаттығулар ішінде мәтіндердің алатын орны ерекше. Олардың мазмұнының тәрбиелік мәні биік, оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес құрылуы керек, оқушыларды қызықтыратындай, танымын арттыратындай информацияға қанық болуы қажет, ол жатық тілмен баяндалып 3-4 минутке созылуы тиіс. Аудиотекстті түсінгенін тексеру программаланған сұрақтар бойынша жүзеге асады. Мәселен, 1) мәтіннің негізгі мазмұны бойынша дұрыс және қате жауаптар беріп, дұрысын тапқызу; 2) 3-4 сөйлемдер беріп, соның ішінен текске қатысты сөйлемді тапқызу, сонымен қоса сұраққа жауап алу, жоспар жасату, мазмұнын баяндап беру.

Келесі сөйлеу әрекетінің репродуктивті түрі - оқу. Оқуға үйретудің мақсаты - жазбаша берген хабарламаның, оқиғаның мазмұнын түсінуге мүмкіндік жасау. Оқу ой әрекеті болғандаықтан, балалардың жалпы ойлау қабілетін дамытады. Мектепте сөйлеу әрекетінің бұл түрі жиі жүргізіледі. Сондықтан мұғалім оқушылардың дара, жас ерекшелігіне сай оқу текстерін таңдай білуі қажет. Олар тәрбиелік жағынан құнды болумен қатар, сол елдің мәдениет, әдебиет, тұрмысын, тарихын қамтуы қажет, ғылыми-көпшілік тақырыптар да көптеп алынуы керек.

Келесі сөйлеу әрекетінің продуктивті түрлері - жазу, сөйлеу.

Жазу психологтардың айтуы бойынша, хабар берудің күрделі іс-әрекет түріне жатады. Сондықтан 7-сыныпта оқушылардың жазу деңгейі әлдекайда жоғары. Жазба дағдыларын қалыптастыруда әр түрлі жазба жұмыстарының алатын орны ерекше. Олардың қатарына әр түрлі диктант түрлері, күрделі тақырыптардан соң

алынатын бақылау жұмыстары, тақырыптық, оқиғалы суреттер мен диафильм мазмұндарына құрылған сұрақтарға, перфокартолар мен карточкаларға берілген жазбаша жауаптар, мазмұндама және оқушылардың өміріне етене таныс тақырыптарға шығарма жазу жатады.

Сөйлеу - адам әрекетінің бір түрі ретінде ең жиі қолданылатын түрі. Оның екі түріне үйрену қажет: монолог және диалогті сөйлеу. Монологті сөйлеу көбіне мәтіннің мазмұнын айтып берумен шектеліп жүр. Бұл оқушылардың дайын мазмұнды жаттап айтып беруіне төселдіреді. Сондықтан мұғалім сөйлеу модельдерін беру арқылы сөйлетуге даярлау қажет. Олар: сөйлем құрату, пікірін айтқызу, сурет, диафильм т.б. бойынша сөйлеу. Екінші түрі диалогтық сөйлеу, кем дегенде, 2 адам арасында жүзеге асады. Оқушылар өтініш айтуға, бұйрық беруге, кешірім сұрауға, сұраққа жауап беруге, жауап алуға т.б. үйренеді. Диалогқа үйретуде рольдік ойындардың, викториналар, сахналық көріністер ұйымдастырудың, диалогтар құрастурдың орны ерекше. Мұғалімнің оқу процесінде сөйлеу әрекетінің түрлері тыңдау, оқу, жазу, сөйлеуге үйренудің психологиялық ерекшеліктерін білуі оқытудың тиімділігін арттыратыны сөзсіз.

Сөйлеу әрекеті, сөйлеу механизмдері арқылы жүзеге асады. Солардың негізгілерінің бірі - жады. Жады - күрделі психикалық процесс. Оған есте қалдыру және жаңғырту кіреді. Жадының тұрақты және оперативті түрі бар. Тұрақты жадының ішкі мазмұнының кеңеюі тілді игерудің негізгі шарттарының бірі болып табылады. Оқушылардың жас ерекшелігі мен біліміне сәйкес тілдің лексика-грамматикалық минимумын меңгеруі бастапқы кезде тұрақты жадының ауқымы тар болғандықтан, сабақты сапалы өткен жағдайда бірте-бірте кеңейе түседі. Ал бұл сөйлеу әрекетінің түрлерін, яғни сөйлеу, жазу, оқу, тыңдау дағдыларының қалыптасуына мүмкіндік береді. Жадының есте қалдыру, жаңғырту сияқты процестері бар. Есте қалдыру мұғалімнің оқушылар алдына мақсат, талап қоюына байланысты. Психологиялық әдебиетте психологиялық процестің бірі - білімді жаңғырту араға уақыт салып қайталатқанда ғана есте сақталуы ұзақ болады делінген. Орыс тілді оқушылардың қазақ тілінің сөз байлығы мен грамматикалық құрылысын меңгеруде жаңғыртудың маңызы зор. Білімді жаңғырту - адам ойлауындағы өте белсенді әрекет. Оқытуда оны жүйелі түрде қолдану сөйлеуге үйретуге жаңа мүмкіндіктер ашады. Мәселен, оқу бағдарламасы бойынша етістікке берілген тақырыптар қамтылған соң, қайталау қажеттігі туындайды. Бұл сабақта мұғалімнің сөйлеуге ең қажетті лексикалық, грамматикалық білімді қамту мақсатында даярлаған сұрақтары, жүргізілетін жұмыстарының сапасына үлкен мән берілу керек.

Қазақ тілі сабағында оқытудың нәтижелілігі оқушылардың дара ерекшеліктерімен санасуға да байланысты. Себебі, холерик типтес оқушылар берілген тапсырманы шапшаң, белсенді орындаса, меланхолик баяу, сылбыр орындайды. Жаттығу мазмұны бір болған жағдайда 1-типтес бала тез орындап тастап, 2-типтес баланың тапсырманы орындауына кедергі жасайтын жағдайлар жиі кездеседі.

Әрине, "шапшаң" және "сылбыр" оқушының бұл ерекшеліктерін айтқанда, бірінің дарынды, бірінің дарынсыз екендігі деген түсінік тумауы керек. Себебі шапшаң баланың өзі тапсырманы сапасыз, ал"сылбыр" жай орындаса да, дұрыс орындайтыны тәжірибеде анықталды. Мұғалім оқушылардың осындай психикалық ерекшеліктерін ескере отырып, олардың іс-әрекеттеріне кезінде бақылау жасап, басқа оқу жұмыстарына жұмылдырып отыруы қажет.

Сонымен бірге оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуі оқытудың дифференциациялық негізін жүзеге асырады. Оқытуда оқушылардың психологиялық ерекшелігін, оның тілге қызығушылығы мен сол пәннен білім деңгейін ескеру оқушылардың жеке дара ерекшелігін ескеруге мүмкіндік береді. Бұл сабақтың тиімділігін арттырады, себебі оқушылардың білім деңгейінің әр түрлілігі, әр оқушыға өзіне лайық, қиындығы әр дәрежедегі жаттығуларды беруге жағдай жасалады, оның танымын қанағаттандырады, ойлау қабілетін дамытады.

Қорыта айтқанда, психологиялық жағынан өзге тілді оқыту процесі бір-бірімен тығыз байланысты бірнеше сатыдан тұрады:

1. Тілдік материалдың әр түрлі элементтерін игерту сатысы.
2. Тілдік материалды практикалық жаттығуларды орындауға пайдалануға үйрету сатысы.
3. Алған білім, дағдыларын ситуациялық жағдайда қолдана білуге үйрету сатысы.

Бірінші кезеңге оқушының оқу материалына байланысты сөйлеуге қажетті лингвистикалық универсалды меңгеруі жатады. Бұл сол сабақтың мазмұнына сәйкес не лексикалық, не грамматикалық жағының біреуін басымырақ қамтуы мүмкін. Бұл кезеңде теориялық мәлімет пен практикалық жаттығудың ара салмағы тең болады.

2-кезең - практикалық жұмыстарды орындау барысында соған қажетті тілдік универсалды қолдана білуге үйрену, дағдылану.

Бұл кезде оқушы практикалық жаттығулар орындау барысында әлі де теориялық мәліметтерге сүйенеді.

2-кезең - оқушының дағдысын қалыптастырудың алғашқы сатысы іспеттес.

3-кезеңде оқушылар практикалық жұмыстар арқылы дағдының автоматтандыру дәрежесіне көтерілуі қажет. Бұл табиғи қарым-қатынас ортасында адамдармен сөйлесуі немесе жасанды ситуациялық жағдайларда әр түрлі коммуникативтік бағыттағы жаттығуларды орындауға мүмкіндік береді. Бұл - оқушылардың жас ерекшеліктеріне лайық сөйлеуді игерудің жоғарғы сатысы. Сонымен, әрбір сабақта қазақ тілін өзге тіл ретінде үйретудің психологиялық талаптарын орындау оқытудың тиімділігін арттырушы күш болып табылады.

Тілді меңгерудің мотивін анықтау, сөйлеу әрекетінің продуктивті, репродуктивті түрлерін бір-бірімен тығыз байланыстыра меңгерудің психофизиологиялық жолдарын белгілеу, қабылдау, дағды, ес-жады, оқушылардың дара ерекшелігі, темперамент сияқты психикалық процестердің ерекшеліктерін білу - ұлттық мектепте қазақ тілі пәнінен сабақ беретін мұғалімдер үшін аса маңызды мәселе.

Орыс мектебінде қазақ тілін оқытудың педагогикалық негізі

Қазақ тілі оқыту әдістемесі-педагогика ғылымының бір саласы. Қазақ тілін ана тіл ретінде оқыту мен өзге тіл ретінде оқыту әдістемесінің арасында елеулі айырмашылықта бар. Осы айырмашылықтарды ескере отырып, өзге ұлт оқушыларына қазақ тілін үйретудің әдіс-тәсілдерін анықтау, берілетін білім көлемі мен мазмұнын белгілеу оқытудың педагогикалық негізіне сүйегенде дұрыс іске асады. Оқытуды тиімді ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін жасаумен педагогиканың дидактика деп аталатын арнаулы саласы шұғылданады. Дидактиканың қарастырылатын мәселелері — білім мазмұнының көлемін анықтау, оқыту принциптері мен оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін белгілеу.

Қазақ тілі сабақтарында жалпыдидактикалық принциптердің жүзеге асуы

Қазақ тілінің әдістемесі - лингводидактиканың бір саласы ретінде педагогикалық ілімнің жалпыдидактикалық принциптеріне сүйенеді. Дидактикада белгіленген осы оқу принциптернінің негізі ұлттық мектептерде қазақ тілі пәнін оқытуда негізгі тұтқа болып табылады. Қазақ тілін оқытудың принциптерін шартты түрде екі топқа бөліп қарастыруға болады: 1) жалпыдидактикалық принциптер; 2) қазақ тілі ерекшеліктеріне байланысты тіл әдістемесіне тән жеке принциптер. Жалпыдидактикалық

принциптер барлық пәндерді оқытуда қолданатын жалпы оқу негіздері болса, жеке принциптерге тілдің ерекшеліктеріне байланысты өзіне ғана лайық, яғни оқытудың коммуникативтілік, ана тілі ерекшелігін ескеру және жаттығудың басым болу принципі оқу негіздері жатады. Енді осыларға байланысты төменде жалпыдидактикалық және жеке оқу принциптерін жүзеге асыру жолдарына тоқталайық:

1. Оқытудың дамытулық, тәрбиелік принципі - оқу материалдарын қамтитын жұмыстардың оқушылардың танымдық қажеттілігін қанағаттандыруды, ой белсенділігін арттыруды, өзге ұлттың мәдениеті, әдебиетіне, әдет-ғұрпына, дәстүріне сүйіспеншілікпен қарауға үйретуді көздейді.

Бұл әсіресе жаттығулар жүйесін жасауда оған енетін тілдік, тіл дамыту материалдарының осы принцип негізінде іріктелуін қамтиды.

Оқушылардың шынайы өмірінен алынған қызықты әңгіме, мәтін, диалог, Қазақстан жеріндегі халықтардың әдет-ғұрпындағы ерекшеліктер, халықтық педагогика элементтерін қамтитын материалдар, өмірімізде болып жатқан саяси оқиғалардан қызықты үзінділер оқушының ой белсенділігін арттырумен бірге танымдық ой өрісін кеңейтеді. Олардың қатарына "Наурыз", "Тұңғыш қазақ ғарышкері", "Қожанасыр хикаялары", қазақ халқының ертегілері, еліміздің тұңғыш Президенті, "Егеменді ел", қазақ жазушыларының балаларға арналған шығармаларын жатқызуға болады.

2. Оқытудың көрнекілік принципі әр түрлі грамматикалық кесте, схема, үлгі, сурет, картина, техникалық құралдардың, муляж, макеттердің болуын көздейді. Етістік сөз таптарының ішінде дерексіз грамматикалық категорияларға бай. Осыған сәйкес дерексіз категориялық ұғымдарды оқушылар ауыр қабылдайды. Осы ретте етістікті оқытуда көрнекіліктің алатын орны ерекше.

Етістіктің лексикасын, оның түрлену жүйесін, тіркесу қабілетін үйретуге сәйкес мазмұнды картина, суреттердің, сөйлеу моделінің схемасы, перфокарталар, грамматикалық жинақ кестелер мен схемалар, эпидиаскоп, диафильм, кинофильм, таспа жазуларының тиімділігін оқыту тәжірибесі дәлелдеп берді.

3. Орыс мектебінде қазақ тілі сабақтарында етістікті оқытудың саналылық пен белсенділік принципінің алатын орны ерекше.

Көрнекті орыс психологы С.Выготский оқушылардың ана тілі мен өзге тілді меңгеру психологиясы туралы айтқанда, олардың ана тілін меңгеруі практикадан теорияға қарай жүрсе, өзге тілді оқыту саналы теориялық білімнен практикада қолдануға көшу арқылы жүзеге асатындығын айтқан еді. Сондықтан қазақ тілінде сөйлеуге үйрету жүйесіз, шашыраңқы болмай, сөйлеу үлгісін теориялық жағынан саналы түрде қабылдау негізінде дағдыларды

қалыптастыру арқылы жүргізіледі. Оқушылардың білімді саналы игеруі дегеніміз сөйлеуге қажетті материалды игеру арқылы оны іс жүзінде тәжірибеде қолдануға үйрену және қоғамдық әлеуметтік ортада әр түрлі жағдайларда жүзеге асыру болып табылады. Мұндай нәтижеге жету мұғалімнен үлкен шеберлікті қажет ететіні сөзсіз. Саналы меңгеру оқушының қазақ тілін іс жүзінде тәжірибеде қолдану мотивін түсінуі мен меңгеру процесінің нәтижесін практикада қолдану қажеттігін сезуден басталады. Сондықтан мұғалім оқушыны алған білімін әрқашан табиғи және жасанды ситуациялық жағдайларда орындалып отыруына мүмкіндік жасау керек. Оқушылардың материалды саналы меңгеруі оқушы белсенділігімен тығыз байланысты. Оқушының оқу белсенділігі болған жағдайда ғана материал меңгеріледі. Ал ол үшін сабақ қызықты, тартымды өту керек.

4. Оқытудың түсініктілігі принципі оқытудың саналылық, белсенділік принципімен тығыз байланысты. Оқытудың түсініктілігі принципті оқулықтағы тілдік, практикалық материалдардың тілінің түсініктілігін, жүргізілетін жұмыстардың арасындағы логикалық байланыстардың болуын көздейді. Осы ретте мұғалімнің жаңа сабақты жеткізуі түсінікті, ықшам, қызықты болуы шарт.

5. Оқытудың жүйелілік пен бірізділік принципі.

Оқу барысында тілдік, тіл дамыту материалдарының арасында, жаңа білім мен бұрынғы білім арасында логикалық байланыс болғанда ғана білім жүйелі болады. Мысалы, етістіктің өзін өтпей жатып, оның шақтарын, жұрнақ, жалғауларының қызметін түсіндіру немесе күрделі етістікті қамтымай жатып, көмекші етістікті жалаң түрде оздыра оқыту оқушының етістік бойынша жүйелі білім алуына кедергі жасайды.

6. Білімді берік меңгеру принципі оқытудың басқа барлық принциптерімен тығыз байланысты. Бұл негізінен өткен материалды қайталау және жүйеге келтіру, жалқыны жалпыға, деректіні дерексізге айналдыру кезінде жүзеге асады. Бұл кезеңде оқушының ойлау іс-әрекетін жеке детальдар мен бөлшектерден гөрі топтау, жинақтау, біріктіру сияқты ойлау операцияларының басым жұмыс істеуіне көңіл аудару керек. Олардың күш-жігерін материалды жинақтауға, жүйелеуге шоғырландыру керек. Мәселен, етістіктің категорияларын практикалық мақсатта үйретуде олардың арасындағы мағыналық байланыс үзілмеу керек, олар келесі сабақтарда жаңаша мазмұнда баяндалып, тереңдетіле түсіндіріледі. Ара-тұра жазбаша ауызша бақылау жұмыстары оқушылардың өткендегі материалды еске түсіруіне мүмкіндік береді. Бұл көбінс қайталау әдісі арқылы жүзеге асады. "Қайталау - білім анасы" демекші, білімнің берік меңгерілуі өтілген материалды

ұмытпайтындай, қазіргі біліммен ұштастыра отырып, сөйлеу тілде қолдану болып табылады.

7. Оқытудың оқушының шамаға лайықтылығы мен оқушылардың жеке дара ерекшелігін ескеру принципі.

Әрине, оқытудың жас шамаға лайықтылығы принципі оқу материалдарының тым жеңіл немесе тым күрделі болмауын көздейді. Білімнің шамадан тыс қиындығы немесе тым жеңілдігі оқушының пәнге қызығушылығын, ынтасын нашарлатады, танымын тежейді.

Сонымен бірге оқытуда баланың жеке дара ерекшелігін ескерудің де тіл үйретуде маңызы зор. Оқу - оқушының ойлау іс-әрекеті арқылы орындалып отырады. Ал ойлау әр адамда әр түрлі. Осыған байланысты ойлау қарқыны тез холерик, сангвинник типті балалармен ойлау қарқыны баяу флегматик, меланхолик типті балалардың ерекшелігін ескере отырып, берілетін жаттығу, тапсырмалардың мазмұнын өзгертіп отыру мұғалімнен педагогтік шеберлік пен психологиялық білімді талап етеді.

8. Оқыту дидактикасының негізгі принциптерінің бірі - теория мен практика арасындағы байланыс принципі. Бұл ұлттық мектептегі қазақ тілі пәнін оқытудың практикалық бағытқа негізделуін көздейді. Осы тұрғыда сабақта жүргізілетін жұмыстың әрбіреуі практикалық мақсатты, яғни сөйлеу тілінде қолдана үйретететіндей болуы керек. Осыған байланысты оқулық оқыту процесінде үлкен роль атқарады. Ондағы тіл дамытуға негізделіп іріктеліп алынған грамматикалық материал синтаксистік негізде оқытылып, үнемі іс жүзінде қолданылуы арқылы автоматтандырылған дағды деңгейіне жеткізіліп отыру керек.

Оқытудың психологиялық негізіне сүйенсек, тілдік жаттығулар сөйлеуге алғаш баспалдақ ғана, ал оның толық жүзеге асуы тіл дамыту жаттығуларына байланысты. Бұл тұрғыда тұйық етістіктің тілде жиі кездесетін септелу ерекшеліктерін, көмекші сөздермен тіркескендегі мағыналарын білдіретін жаттығулар орындату тиімді. Астын сызу, септеу, тәуелділеу, зат есім орнында, содан соң етістік қызметінде қолдану ерекшеліктерін үйрету, көмекші сөздермен тіркескендігі мағыналарының орыс тіліндегі инфинитивпен сәйкестігі мен айырмашылығын айыра білуге, сөз тіркесін, сөйлем құрау т.б. осы сияқты творчестволық жаттығулар оқушының ойлау белсенділігін арттырумен бірге, сабақтың сапасын арттырады.

9. Оқытудың диффренциациялық, сараландыру принципі - оқушылардың психологиялық және дара ерекшелігін ескеріп оқытуды жүзеге асырады.

Әдістемелік әдебиеттерде өзге тілді оқытуда оқушылардың жеке дара ерекшелігіне байланысты оларды коммуникативті, коммуникативті емес тип деген түрлерге бөліп қарастыру кездеседі.

1-типтегі балалар қарым-қатынас жасау кезінде өз белсенділігімен ерекшеленсе, 2-типтегі балалардың қарым-қатынасқа баяу, сылбыр қатысуы байқалады. Сондықтан мұғалімдердің осы ерекшеліктерді ескере отырып, үлгерімі төмен оқушыларға көбірек көңіл бөлуі керек.

Орыс мектебінде қазақ тілін оқыту әдістері

Әдіс - "метод" деген гректің сөзбе-сөз аударғандағы "бір нәрсеге жету жолы" немесе "зерттеу" деген мағнаны білдіреді.

Оқыту әдісі дегеніміз не? Дидактикада кең тараған тұжырымдама төмендегідей: "белгіленген оқу мақсатына жету үшін мұғалім мен оқушы іс-әрекетінің ұйлесу тәсілі немесе мұғалімнің оқушыларды білім және білікпен қаруландыратын құралдар мен тәсілдердің жиынтығы".

Осы күнге дейін дидактикада шешімін таппай келе жатқан мәселелердің бірі - оқытудың әдістерін айқындау, топтау, жіктеу, жүйелеу.

Оқу әдістерін жүйеге түсіріп топтап-жіктеудің оқыту процесінде алатын орны маңызды. Оны жіктеудің мұғалім үшін де білімді қабылдап отырған оқушы үшін де, оның танымдық іс-әрекеті үшін де маңызы зор.

Әдістемелік еңбектерде оқыту әдістерін әр түрлі топтаудың жүйесі бар. Солардың кейбіреулеріне тоқталайық.

Тілді оқытумен байланысты әдіскер ғылым Л.Федоренко 3 топқа бөліп қарастырады:

1) тілді теориялық жақтан игеру әдісі;

2) теория-практикалық әдіс;

3) практикалық әдіс. (Принципы обуч. русс. яз. М., 1973).

А.В.Текучев орыс тілін оқыту әдістерін топтамай-ақ, жалпылама, яғни мұғалім сөзі, әңгімелесу, дәріс, тілдік талдау, грамматика-орфографиялық жаттығулар әдісі деп көрсетеді. (Методика русского языка в средней школе. М., 1980).

Қазақ тілін оқытумен байланысты кейбір еңбектерде, атап айтқанда, Ә.Исабаев білім алу көздеріне қарай: 1) қазақ тілін практикалық жақтан үйрету әдісі (түсіндіру, диалог, монологтік сөйлеуге үйрету әдісі, мәнерлеп оқу; 2) қазақ тілін теориялық жақтан үйрету әдісі (әңгіме, хабарлау, түсіндіру, тәжірибе әдісі, кітаппен жұмыс әдісі; 3) қазақ тілін теория-практикалық жақтан меңгеру әдісі (грамматикалық талдау, шығарма жазу т.б.) деп топтайды. (Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. А., 1993)

Әдіскер ғалым К.Назарғалиева: 1) оқыту әдісі (ауызша баяндау, хабарлау, түсіндіру, әңгіме, әңгімелесу, демонстрация, экскурсия, тексеру, жүйелеу, бақылау т.б.); 2) оқу әдісі (әңгімелесу, оқулықпен

жұмыс, жаттығу т.б.)деп екі топқа бөліп қарастырады. (7 класта қазақ тілін оқытуды жетілдіру. Канд. дисс., А., 1994).

Ғалым З.Бейсембаева орыс мектебінде қазақ тілін оқытумен байланысты мына әдістерді көрсетеді: табиғи әдіс, түсіндіру, жаттығу, салыстыру, аралас, сұрақ-жауап, сурет әдісі, сөйлем мен сөзді толықтыру, мәтінмен жұмыс әдісі; (Орыс мектебінде қазақ тілін оқыту әдістемесі. А., 1993.)

Проф. Н.Оралбаева, К.Жақсылықова "Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі" (1996) оқулығында қазақ тілін оқытумен байланысты мына әдістерді көрсетеді: баяндау, түсіндіру, ойландыру, жалқылау, жалпылау, әңгімелесу, еліктеу, жаттығу, ана тілімен салыстыру, көрнекілік, ТОҚ, экскурсия әдісі.

Орыс мектебінде қазақ тілін оқытумен байланысты әдістерді жалпыдидактикалық және жеке пәндік деп 2 топқа бөліп қарастыруға болады.

Оқыту әдістері	
Жалпыдидактикалық	Жеке пәндік
I. Ауызша хабарлау немесе сөз әдісі: баяндау; түсіндіру; әңгімелесу; пікірталас; дәріс;	- ана тіліне сүйену немесе салыстыру; - еліктеу; - аударма; - грамматикалық талдау; - коммуникативті-ситуативтік; -драматизациялау;
II. Көрнекілік әдісі: иллюстрациялау; демонстрациялау бейнеәдіс ("электронды оқулық")	- лингвистикалық сөздіктермен жұмыс; - сан әдісі;
III. Практикалық әдіс: жаттығу; тәжірибе жасау; экскурсия;	- апроксимация; - грамматикалық ойын.
VI. Кітаппен жұмыс жасау әдісі;	

1. Ауызша хабарлау немесе сөз әдісі

Материалды мұғалімнің ауызша хабарлау әдісінің бірі - *түсіндіру*. Түсіндіру әдісі - мұғалімнің оқушыға тиянақты түрде даярлаған баяндамасы. Ұлттық мектепте сабақты түсіндіру орыс немесе қазақ тілдерінде жүзеге асады. Орыс және қазақ тілінде

жүргізу оқушының жас ерекшелігі мен әр ұлт өкілдерінің сыныптағы қатыстық санына байланысты.

Орыс мектебіндегі қазақ тілі сабақтарында лексикалық, грамматикалық материалды оқытуға байланысты қолданатын өзінің нақтылығымен, қысқалығымен, түсініктілігімен, практикалық мақсатымен ерекшеленеді. Түсіндіру әдісін қолданғанда, мұғалім бірсыдырғы педагогикалық талаптардың орындалуын қамтамасыз етуі керек. Олар: түсіндірілетін материалдың ғылымда әбден орныққан, қалыптасқан, даусыз болуы, теориялық қателердің болмауы, мысалдармен дәлелдеудің жеткілікті болуы, теориялық қателердің болмауы, мысалдармен дәлелдеудің жеткілікті болуы, алдын ала жоспар құрылып, мақсатқа жету міндеттерінің айқындылығы, оқу материалының сөйлеуге, оқушылардың танымдық қажеттігіне қарай өзекті элементтердің қамтылуы, оқушы ұғымына жеңілдік жасайтын көрнекіліктердің болуы.

Ауызша баяндау әдісінің екінші түрі - *әңгіме.* Бұл - әдіс, негізінен, сұрақ-жауапқа құрылады. Әңгіме әдісі орыс мектебінде жаңа білімді хабарлау, алған ілімді бекіту білімді тексеру сияқты сабақтың барлық буындарында қолданылады. Жаңа білімді хабарлау кезіндегі әңгіме әдісі оқушылардың алдын алған біліміне сүйенуге болатын жағдайда ғана қолданылады. Әңгіме арқылы материалды игертудің 2 логикалық жолы бар: тіл фактілерін талдау арқылы ереже анықтамаларды баяндау және ереже, анықтамалардан тіл фактілерін талдауға көшу. Бұл оқушының жас ерекшелігі мен ойлау дәрежесіне, білім деңгейіне қарай таңдалып жүргізіліп отырады. Дегенмен, жаңа тілдік материалды түсіндіру әдісінің индуктивті жолмен орындалуы басым болғанда, тиімдірек екені тәжірибеде анықталды.

Әңгіме сыртқы түрі жағынан жеңіл көрінгенмен, ішкі мазмұны күрделі оқытудың әдісі. Бұған мұғалімнің мұқият даярлығы материал мазмұнының оқушы ұғымы үшін лайықтылығы, қызықтылығы ескерілу керек. Осы орайда теориялық материалды практикалық мақсатта түсіндіруде іріктелетін материалдың, сөйлесулердің (диалогтардың) текстердің оқушы нанымын арттыратындай, ойына түрткі салатындай, сезіміне әсер ететіндей мазмұнда болуы қажет.

Пікірталас әдісі. - Бұл элемент батыс елдерінің оқу орындарында жиі қолданады. Оқушының белсенді жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Әр оқушыға сөйлеуге 1,5 минут беруге болады.

Ең 1-шарт - тақырып әр түрлі көзқараста, пікірталас туғызатындай болуы керек. Егер оқушыларда білім қоры болмаса, жүргізудің ешқандай дидактикалық мәні болмайды. Эмоционалды атмосфералық фон жасайды. Білімді бекіту кезеңінде қолданған тиімді. Мысалы, сөйлем құрауда ойдың негізгі діңгегі бастауыш па,

баяндауыш па? деген сұрақ қоя отырып, пікірталас тудыруға болады.

Сөз (сөздік) әдісінің бір түрі - *дәріс (лекция) әдісі.* Бұл әдіс - жоғары сыныптарда жүргізілетін материалды мазмұндаудың монологті түрі. 30-40 минутқа созылуы мүмкін.

Лекция мұғалімнің белгілі тақырып бойынша жан-жақты даярлығын қажет етеді. Оқу материалы іріктеліп алынып, түсінікті, анық оқылуы керек (қазақша немесе орысша). Мұғалім оқушыларды белсенді түрде тындауға қатыстыру үшін оны жүзеге асырудың тәсілдерін білуі керек. Осымен байланысты қызықты мысалдар келтіріп, көрнекілік, техникалық оқу құралдарын қолдануға болады. Лекция соңында қойылатын тексеру сұрақтары алдын-ала даярлануы қажет.

2. Көрнекілік әдісі

Оқыту процесінде көрнекі құралдарды пайдалану сабақтың тиімділігін арттырады.

Көрнекілікті қолданудың негізгі мақсаты-игерілетін материалдың мазмұнын айқындай түсу, оны оқушылардың санасында берік қалдыруға мүмкіндік жасау. Көрнекі құрал мұғалімнің оны орынды қолдана білгенде ғана тиімді болатыны сөзсіз.

Көрнекі оқу құралдары кескінделген және экранды-дыбыстық болып екіге бөлінеді. Кескінделген көрнекі оқу құралдарына кесте, схема, фото-сурет, сурет, оқиғалы картиналар т.б.үлестірме дидактикалық карточкалар жатады.

Экранды-дыбыстық құралдарға кинофильм, диапозитив, фонохрестоматиялар, таспа жазулары, күйтабақтар, кодоскопқа (жазылған) арналған транспоранттар жатады.

Қазақ тілі сабақтарында етістікті оқытумен байланысты грамматикалық, тіл дамыту кестелері, схема, сурет, картиналар, үлестірме карточкалар, диафильм, таспа жазулары кодоскопқа арналған транспоранттар қолданылады.

Грамматикалық кестені қолданудың негізгі мақсаты-сөйлеуге қажетті теориялық материалды игертуді жеңілдету. Осы ретте қазақ тілі сабақтарында қолданылатын кестелер: "Болымсыз етістіктің жасалуы", "Күрделі етістік", "Көмекші етістік", "Етістіктің шақтары", "Етістіктің жіктелуі" т.б.

Картина, суретпен жұмыс - оқытудың тиімді әдістерінің бірі. Етістікті оқытумен байланысты оқушылардың тілін дамытуда әр түрлі қызықты оқиғаларға құрылған оқиғалы картиналар мен жеке іс-әрекетке құрылған суреттермен жұмыс ерекше орын алады.

Үлестірме кеспе қағаздар (карточкалар). Қазақ тілін оқытуда оқушылардың өздігінен жұмыс істеу түрі жиі қолданылу керек. Бұл жөнінде орыс тілі әдістемесінің көрнекті өкілі А.В.Текучев "... ұлттық мектепте орыс тілін оқытуға байланысты оқушылардың білімін өздігінен творчестволық жұмыс істеуге дағдыландыру негізін де ғана жетілдіруге болады"[1] - деген еді.

Оқушылардың өздігінен жұмыс істеуінің бір түрі - *үлестірме қағазбен* жұмыс. Етістікті оқытумен байланысты оқыту тәжірибесінде мұның суретті, текст, перфокарта түрлерін қолдануға болады. Үлестірме қағазды қолданудағы негізгі мақсат - біріншіден, оқытылып отырған грамматикалық-лексикалық материалды өз бетінше қорытындылап, ой әлегінен өткізіп, есте қалдыруына мүмкіндік беру, екіншіден, білімді тексеруге кететін уақытты үнемдеу, үшіншіден, оқушылардың біліміндегі кемшіліктер мен қателерді анықтау, оқытудың оқушының жеке дара ерекшелігін ескеру.

Техникалық оқу құралдарын пайдаланудың өзіндік ерекшеліктері бар. Оқу ісінде техникалық құралдарды пайдалану мұғалімнің қызметін жеңілдетеді, оқушылардың оқуға ынтасын, қызығушылығын арттырады. Орыс мектебінің қазақ тілі сабағында қолданылатын техникалық оқу құралдарының бірі - *диафильм.* Диафильм оқушылардың сөйлеу тілін дамытуда ерекше роль атқарады.

Диафильмді қолданудың негізгі мақсаты - оқушылардың зейінін сабаққа шоғырландыру арқылы грамматикалық және лексикалық минимумды меңгерту, сөйлем құрауға үйрету. Осы бағытта Ж.Адамбаеваның авторлығымен шыққан диафильмдерді қолдануға болады (кейбір диакадрларын). Олар: "Қысқы ойындар", "Үй жануарлары", "Мерекеге даярлық", "Жыл мезгілдері".


Кодоскоппен жұмыс. Оқыту үрдісінде техникалық құралдардың ішінен қолдануға ыңғайлысы - кодоскоп. Кодоскоп арқылы көрсетілетін транспоранттар оқу материалдарын өтуде қолдануға өте ыңғайлы. Оның диафильм диапозитивтен айырмашылығы материалды бөлектеп, үзік, түйірлеп беруінде. Мұны етістіктің құрамын, етістіктерге қосылатын әр түрлі грамматикалық категориялардың көрсеткіштерін түсіндіргенде қолданады және сюжетке сәйкес сурет құрастыруға, жазба, ауызша диалогтарды ұйымдастыруға болады.

Тапсa жазуымен жұмыс. Етістікті оқытумен байланысты тапсa жазуларын қолдану - оқытудың тиімділігін, сапасын арттырумен бірге, мұғалім еңбегін жеңілдетеді. Ғалымдардың зерттеуі бойынша, сәбидің тілінің дамуы оның сол тілдегі тілдік единицаларды жиі естуіне де байланысты. Бала неғұрлым қазақ тіліндегі сөздерді жиі

[1] Текучев А.В. Методика преподавания русского языка в средней школе. К., 1970. С. 46.

естіce, соғұрлым оның тілдік фонетикалық жақтарына "құлағы үйрене береді". Сондықтан таспаға жазылған мәтін, өлең, ертегілерді оқу, оқушылардың өздерінің оқығандары мен сөйлегендерін жазып алып тыңдату, жазбаша, яғни диктант жұмыстарын жүргізу оқытудың тиімділігін арттырады.

Схемалармен жұмыс. Тілдегі бағыттық мәнде қолданылған етістіктердің мағыналарын түсіндіруде схемаларды қолдануға болады. Мәселен, келу, кіру, кету, шығу, өту, айналу, тарқау, жиналу т.б. етістіктерді мына схемалар арқылы меңгертуге болады.



Көрнекіліктер кестесі

иллюстрациялық	демонстрациялық
• картина (заттық, оқиғалы, пейзаж, портрет) •үлестірме кеспе қағаз: • карточка • перфокарта • макет, муляж • схема (графикалық) • кесте (динамикалық, қабырға кестелері) • планшет • плакат (сөздік) • бүктеме (буклет) • сөздік лото • әріп, буындар кассасы	• кодоскоп (графопроектор) • магнитофон (таспа жазуы) • күйтабақ • диафильм • кинофильм • фонохрестоматия • диапозитив • компьютер

3. Практикалық әдіс

Бұл - алған грамматикалық, лексикалық білім негізінде сөйлеу іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру әдісі. Практикалық әдіс әр түрлі ауызша, жазбаша жұмыстары, жаттығулар арқылы жүзеге асады.

Әдістеме ілімінде жаттығу жүйесін жасау - тіл үйретудің күрделі мәселелерінің бірі. 60-жылдарға дейін тілдік жаттығуларға көп мән беріліп, оқулықтарда оның үлес салмағы басым болды. Бұл сөйлеу әрекетінің тілдік материалды игеру негізінде жүзеге асады деген сынаржақты пікірдің басым болуына байланысты болды. Мұндай бағыттағы жаттығулардың білімді игеруде адам миында динамикалық стереотиптің қалыптасуына мүмкіндік жасай алмайтындығы, қалыптасқан іскерлік, дағдыларды әртүрлі ситуациялық жағдайларда қолдануға икем еместігін қазіргі психология, әдістеме, педагогика ғылымдарының жетістігі дәлелдеп берді.

60-жылдардан бастап, өзге тілді оқытудың теориялық мәселелері зерттеле бастады. Оқытудың осындай негіздеріне сүйенген ғылыми тәжірибелер 2 тілде сөйлеуге үйретуде сөйлеу жаттығуларының ғана (речевые упражнения) мүмкіндігі бар екендігін дәлелдеді.

Қазіргі әдістемелік әдебиеттерде жаттығуларды жіктеуде әр түрлі терминдерді қолданушылық кездеседі: тілдік, сөйлеу, аналитикалық, синтетикалық, конструктивті, коммуникатив, коммуникатив емес т.б. Бұларды топтаудың әр түрлі болғанына қарамастан, ерекшеліктер тек арттарында екенін байқадық. Шет тілі мен орыс тілін өзге тіл ретінде оқытуға байланысты әдістемелік әдебиеттерде көбіне жаттығуларды 2 үлкен топқа бөліп көрсету жиі кездеседі: 1) тілдік немесе дайындық жаттығулары; 2) тіл дамыту немесе сөйлеуге дағдылануға арналған жаттығулар.

Қазақ тілін оқыту барысында да жаттығуларды аталған топтарға бөліп қарастырдық.

Орыс мектебінің оқушыларына қазақ тілінің материалдарын меңгертуге арналған жаттығулардың бәрі тіл дамытуды көздейді. Тіл дамыту - өзге тілді оқыту әдістемесінің ең үлкен де күрделі саласы. Ал бұл әдістеме саласында енді қанатын жайып, дамып келе жатыр. Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың тілін дамыту дегеніміз - тілдің грамматикалық құрылысын, өзгерту заңдылықтарын игеру. Олардың сөздік қорын молайту, ауызша, жазбаша тілін жетілдіру.

Жаттығулар төмендегі мазмұнда жүргізіледі:

Тілдік жаттығулар	Тіл дамыту жаттығулары
1. Фонетикалық тілдік жаттғулар: - қосымшалардың қажетті вариантын таңдап жалғау; - сөздерде кездесетін қазақ тілінің төл дыбыстарының дұрыс оқылуы, дұрыс жазылуы; - сөз қосымшаларына екпіннің бірде түспеу ерекшелігі; - сөздерге фонетикалық талдау жасау. - 11. Лексикалық жаттығулар: - сөздердің мағынасын түсіндіру; - синонимін, антонимін, табу; - контекстегі мағынасына қарай көп нүкте орнына қажетті сөздерді қою; - сөздерді мағынасына қарай топтау; - сурет бойынша сөздерді табу (лото). - 111. Морфологиялық тілдік жаттығулар: - қосымшаларды табу, формасын анықтау, астын сызу; - грамматикалық категориялық қосымшаларды жалғау; - сөз таптарына ажырату; - сөздерге сұрақ қою; - морфологиялық талдау жасау. IV. Синтаксистік жаттығулар: - сөздердің байланысын табу; - меңгеріліп тұрған сөзін табу; - сөз тіркесін құрау; - сөйлем құрау.	- берілген сөздермен сөйлем құрау; - сөз тіркестерімен сөйлем құрау; - тақырыптық мәтіндер құру; - схема, модель бойынша сөйлем құрау; - екі тілді аударма жасау; - сурет бойынша сөйлем, мәтін құрау; - ситуациялық жағдайларға сұхбат құру. - жаңылтпаш, жұмбақ, мақал-мәтелдер жаттау; - диафильм көрсету; - таспа жазуларымен жұмыс; - мәтін оқу, мазмұнын айту; - мәтін сұрақтарына жауап беру; - шығармашылық диктант жазу; - мазмұндама жазу; - шығарма жазу; - халық ертегілеріне иллюстрациялық суреттер салу; - әр түрлі тақырыптарға қойылымдар қою; - рольдік, ұлттық ойындар жүргізу

4. Кітаппен жұмыс әдісі

Кітаппен жұмыс бастауыш сыныптарда мұғалім басшылығымен орындалады да, сыныптар жоғарылаған сайын оқушылар өз бетінше жұмыс істеуге дағдыланады.

Кітаппен жұмыс әдісінің жүзеге асу тәсілдері:

- конспект жасау - оқыған материалының қысқа мазмұнын жазу;
- мәтіннің жоспарын жасау - бөліктерге бөліп, оларға тақырып қойып, күрделі және жай жоспар жасалады;
- тезис жасау - оқыған шығармасының негізгі идеясын қысқа мазмұндау;
- цитаттар теру - мәтіннен үзінді келтіру;
- аннотациясын жазу-оқиғаны қысқаша мазмұндау;
- пікір жазу - оқыған шығармасына орай өз көзқарасын, ойын, пікірін білдіру.

Оқулықпен жұмыс. Оқулық-мектеп оқушыларына білім берудің негізгі құралы. Өзге тілді оқытуға байланысты құрылған оқулықтың басты принципі практикалық бағытта жұмыс істеуге лайықтылығы.

Осыған орай қазақ тілін үйретуге арналған оқулықтың басты ерекшелігі - оқушылардың іс жүзінде қазақша сөйлеп, өз ойын жеткізе білуге үйрету мен қоғамдық ортада қарым-қатынас құралы ретінде пайдалана алуға мүмкіндік жасауға бағытталған болуы. Оқулық бойынша мына жұмыстар жүргізіледі:

- ережелерді оқу, түсіну;
- жаттығуларды орындау;
- мәтіндерді оқу, әр түрлі жұмыс жүргізу;
- сурет, кестелермен жұмыс, оқу процесінде пайдалана білу;

II. Жеке пәндік оқыту әдістері

1. Екі тілді салыстыра оқыту әдісі. Бұл оқытудың ана тіліне сүйену принципін жүзеге асырады және тілдегі интерференциялық құбылыстарды болдырмауға көмектеседі. Сонымен бірге тілдік единицаларды салыстыра отырып, қазақ тілінің материалдарын жете саналы түрде түсінуге жағдай жасайды.

Ассоцияция теориясы бойынша адам сөздерді кезек-кезек қабылдамайды, алдында тұрақты жадыда сақталған материалмен ұштастыру, салыстыру арқылы қабылдайды.

Өзге тіл мен ана тілді оқытудың арасында елеулі айырмашылық бар. Бұл тұрғыда орыстың көрнекті психологі Л.С.Выготский: "Усвоение иностранного языка идет противоположным тому, который идет развитие родного языка. Ребенок усваивает родной язык неосознанно, намеренно, а иностранный начиная с осознания и намеренности. Поэтому можно сказать что развитие родного языка идет снизу вверх, а в то время как развитие иностранного языка сверху вниз" (Выготский Л.С. Мышление и речь. Собр. соч. В 6 томах. 2-том, М. 1982, С. 26).

Бұдан шығатын қорытынды: өзге тілді үйрету грамматикалық материалды жүйелі түрде сөйлеу қажеттілігіне қарай оқытудан бастау керектігі.

Қазақ және орыс тілдері - әр түрлі топтағы тілдер, яғни бірі славян екіншісі түркі тілдер тобына жатады. Славян-флективті, а-түркі тілі - аглютинативті тілдер. Осымен байланысты оқушылардың өз ана тілінің фонетика, грамматикалық құрылысына мүлдем сәйкес келмейтіндіктен, меңгеру ауыр. Екінші тілдің тілдік фактілері мен құбылыстарын оқушы алдымен оларды салыстыру арқылы қабылдайды. Мұндай жағдайда орыс және қазақ тілдеріндегі айырмашылықтарды саналы түрде түсінбесе болмайды.

Салыстыру әдісі - тілден өткізілетін сабақтардың барлық түрлерінде де, мұғалімнің жаңа сабақты түсіндіруі мен оқушылардың өздігінен ізденіп, жүргізетін практикалық жұмыстар үстінде де қолданылып отырады.

Тілдік материалдарды салыстыра түсіндіру материалдың өзіндік сырын ашып, басқа материалдардан айырмашылығын танытады. Соның нәтижесінде оның ғылыми мазмұны мен өзіне тән ерекшеліктері оқушыларға ұтымды, тартымды болып келіп, олардың саналы түсінуіне, өздігінен зерттеп білуіне жол ашады.

Салыстыру әдісі мына жағдайларда қолданылады:

- қазақ және орыс тілдеріндегі дыбыс, әріп, фонеманы салыстыру;
- қазақ және орыс тілдеріндегі сөздердің айтылуы мен жазылуындағы ерекшеліктер;
- тілдердегі сөздерге әр түрлі қосымшалардың жалғану тәртібі;
- тілдердегі сөздердің жасалу жолдарын салыстыру;
- қазақ және орыс тілдеріндегі сөздердің көптелу, септелу, жіктелу, тәуелдену ерекшеліктері;
- тілдердегі сөз тіркестері, сөздердің байланысу тәсілдері, түрлеріндегі ұқсастықтар мен ерекшеліктер;
- қазақ және орыс тілдеріндегі сөздердің ара қатынасы;
- тілдердегі жай, құрмалас сөйлемдердің құрылысының ұқсастықтары мен ерекшеліктері т.б.

2. Еліктеу әдісі. Бұл әдіс қазақ тілінен бастауыш білім беру процесінде қолданғанда тиімді нәтиже берді. Оның басты ерешелігі - естігенін дәл қайталай білуге дағдыландыру. Еліктеу әдісі, негізінен, қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктерін меңгертумен байланысты жеке дыбыстарды буындарды, сөздерді айтып үйренуде маңызы зор. Мысалы, еліктеу әдісі арқылы мұғалімнің немесе үнтаспа жазуын тыңдату арқылы жаттығу жұмыстарын түрлендіруге болады.

3. Аударма әдісі. Аударма - сабақта сөздік жұмысын жүргізудің, жаңа сөзді семантикаландыру, яғни мағынасын жете түсіндіру үшін

жиі қолданылатын тәсілдің бірі. Дегенмен бұл жөнінде ғалым Е.И.Пассов былай дейді: "Что касается перевода с иностранного языка на родной, то эпизодическое его использование при семантизации или в чтении вряд ли можно рассматривать как упражнение".[1]

Аударма жұмысының жүзеге асуының 2 жағы бар: ана тілінен қазақшаға және қазақшадан ана тіліне. Қайсы жақ тиімді деген нақты сұраққа Е.И.Пассовтың тұжырымдамасынан соң, жауап беру қиын емес. Тілдің үйрену ерекшеліктері жағынан оқушы немесе 2-тілді үйренуші адам өз ана тіліне емес, керісінше, меңгеріп жатқан тілге аударумен жиірек айналысқанда тілді үйрену нәтижесі жоғары болады. Оқулықтарда мәтіндер, негізінен, қазақша беріледі. Мұғалім алдын-ала мәтінді орысшаға аударып, алдымен орысша нұсқасын беріп аудартып, содан соң қазақша нұсқасымен жұмыста жалғастырып, түрлендіріп жүргізуіне болады.

4. Апроксимация әдісі. Кейбір әдіскерлер шет тілін оқытудың тиімді әдістерінің бірі ретінде апроксимацияны да айтады. Бұл әдіс бойынша мұғалім оқушылардың кейбір қателерін ескермейді. Жіберілген қателер елеусіз болып, ойын түсінуге мүмкіндік болса, ондай қателерді ескерусіз қалдыруға болады. Бұл, біріншіден, уақытты үнемдесе, екіншіден, оқушының тілді игерудегі психологиялық кедергілерін болдырмайды, еркін сөйлеуге мүмкіндік алады, демек оларға психологиялық жағынан көтермелеу жасау болып табылады.

5. Сөздікпен жұмыс жасау әдісі. Сөздіктер жалпы, 2 түрге бөлінеді: энциклопедиялық және тілдік (лингвистикалық). Лингвистикалық сөздікке қазақ-орысша түсіндірме, синонимдер, амонимдер, антонимдер, фразеологиялық, сөзжасамдық, орфографиялық, орфоэпиялық т.б. жатады.[2]

Сөздіктермен жұмыс жасау нәтижесінде оқушылар қазақ тілінен алған білімін практикада қолдануға мүмкіндік алады, олардың практикалық сөйлеу дағдысын қалыптастыруға көмектеседі.

Мәселен, "Қазақ тілінің туынды сөздер сөздігімен" мынадай жұмыстар жасатуға болады: сөздікті пайдалана отырып, бас сөзінен жасалған туынды сөздерімен сөйлем құрау, бір жұрнақ арқылы

---

[1] Пассов Е.И. Основы методики обучения иностранным языкам. М., Русский язык. 1977. С.61.

[2] Канцев А.Н., Тулемисов К. Русско-казахский словарь для учащихся 4-3 кл. казахских школ. А., 1988. Махмудов Х., Мусабаев Г. Казахско-русский словарь. А., 1987. Исаев С.М. т.б. Қазақша-орысша және орысша-қазақша сөздік. А., 1992. Дүкенбаев С.Х. Қазақша-орысша оқушылар сөздігі (для школ с русским языком обучения). А., 1990. Дүйесбаева М. Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі. А., 1988. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. А., 1988. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі. А., 1975. Ибатов Ә. Қазақ тілінің туынды сөздер сөздігі. А., 1988. Қожахметова Х. т.б. Қазақша-орысша фразеологиялық сөздік. А., 1988. Түймебаев Ж. Қазақ тілі (грамматикалық анықтағыш). А., 1993 т.б.

жасалған 5-6 сөзді теріп жазу, жұрнақтар арқылы жасалған зат есім, сын есім, сын есімдерді табу, туынды сөздер жасау т.б.

6. Грамматикалық талдау жасау әдісі. Грамматикалық талдау жұмысын үнемі жүйелі жүргізіп отыру оқушылардың алған теориялық, практикалық білімін жетілдірумен қоса, оны іс жүзінде жазбаша, ауызша, білімде сауатты қолдана білуге машықтандырады.


Сөзге фонетикалық талдау жасау түбірге қосымшалардың дыбыс және буын үндестігі бойынша жалғану тәртібін меңгеруі, сөздерде кездесетін казақ тіліне тән дыбыстардың айтылу және жазылу емлесін неғұрлым жетік игеруге себін тигізеді.

Талдау жұмысына сөздерді буынға бөлу, оларға әр түрлі қосымшаларды жалғау, дыбыстарды жуан-жіңішкелігіне қарай қатаң, ұяң, үнділігіне қарай топтап ажырата білуге арналған жаттығулар жатады..

Грамматикалық талдау морфологиялық және синтаксистік болып 2-ге бөлінеді. Морфологиялық талдау жасауда оқушы сөздің түбірін, қосымшалардың тобын білуге және сөз таптарын ажырата білуге үйренсе, сөйлем мүшелеріне талдау арқылы сол сөздің синтакистік қызметін, сөйлемдегі орнын анықтауға, жіктелу ерекшелігін меңгеруге жаттығады.

Етістікке грамматикалық талдау жасауда мына кесте талдау үлгісі оқыту тәжірибесінде көп көмегін тигізеді.

Мысалы, "Күндіз жаңбыр қатты жауды" деген сөйлемдегі *жауды* етістігіне грамматикалық талдау жасау үлгісі:



Кестені жасау ерекшелігі: кестедегі төртбұрышта қоршаулар ойылып, қиылып алынып тасталып, ойықтар жасалады. Кесте тақтаға ілінгенде, сол төртбұрыштар (ойықтар) ар жағынан тақта көрінетіндей, сол ашық жерлерге сұрақтарға сәйкес жауаптарды (+) арқылы немесе бормен жазуға мүмкіндік болатындай болу керек.

7. Коммуникативтік әдіс: қазақ тілін өзге тіл ретінде оқытудың негізгі мақсаты - оқушылардың практикалық сөйлеу тілін дамыту. Сондықтан оқыту барысында игерілетін лексика-грамматикалық минимум жаттығуларға негізделіп, соны тілде орындауға жеңілдік жасауы керек. Бұл әдіс оқытудың синтаксистік негізін жүзеге асырады, тілдік материалды тіркес, сөйлем негізінде қабылдауға мүмкіндік жасайды, шындық өмірдің әр түрлі ситуациялық жағдайларында қолдануға үйретуге мүмкіндік береді.

Мысалы, әр түрлі ситуациялық жағдайларға сұхбаттар құру:

Тапсырма: 1. Ауруханада досың жатыр делік. Жағдайын сұраңыз.

2. Сыныпқа жаңа оқушы келді.

Сұхбат ұйымдастырыңыз.

3. Кассаға келіп, Астанаға билет сұраңыз т.б.

8. Грамматикалық ойындар әдісі. (бастауыш сыныптарда). Өзге тілді оқыту барысында жүргізілетін дидактикалық, оқу ойындары табалдырығын жаңа аттаған бүлдіршіндердің танымдық қабілетін арттырады, қазақша сөйлеу тілін дамытады.

Дидактикалық ойын-бастауыш сыныпта өзге тілде сөйлеуге үйретудің негізгі әдістерінің бірі. Бұл әдіс оқушының сөздік қорын кеңейтеді, сөйлеу дағдысы мен іскерлігін қалыптастырады, пәнге қызығушылығын арттырады.

Оқу процесінде жүргізілетін ойын элементтері білімді бекітеді, әр түрлі деңгейдегі лексика-грамматикалық материалды сапалы игеруге жаттықтырады.

Жүргізілетін ойын алдын ала белгілі мақсатқа құрылуы қажет. Балаларға мазмұны түсінікті, оның жас, білім деңгейіне сәйкес құрылуы керек. Алдын ала мақсат көзделіп, дұрыс ұйымдастырылған ойын баланы сол тілде сөйлеуге жетелейді, сол тілді меңгертуге деген тәуелділігін тудырады. Себебі дидактикалық ойындарды ойнау арқылы оның тілді игеруге деген ішкі жандүниелік қажеттілігі туындайды. Мысалы "Қасқыр мен қоян" ойынына тоқталық. Қасқыр қоянды жегелі жасырынып келе жатады. Алыста тұрған екінші қоян "қасқыр келеді" "қоян, қаш!", "тез", "бол" деген сөздердің бірін айта алмаса сынарынан айырылады. Осы сәтте алыстағы сынары роліндегі баланың тілге деген қажеттілігі табиғи түрде оянады (бала білмей қалса, ұялады, өкінеді, ренжиді).

Ойнау арқылы оқушы оған толық беріледі, толқиды, қуанады, ренжиді, жауапкершілікті сезінеді, ұжымға бағынады. Әдетте жиі кездесетін қорқу, үрку секілді немесе тілдік, психологиялық кедергілер ойын барысында ұмытылады. Мұның өзі тілді меңгеруде үлкен жетістік, жеңіс болып есептеледі. Сонымен, дидактикалық ойын оқушыны жинақтылыққа үйретеді, мінез-құлқын қалыптастыруға көмектеседі, қиындықты жеңуге деген баланың ерік күш жігерін арттырады, жолдастық, достық сезімін күшейтеді. Ойын барысында оқушы ешқашан селқос, немқұрайды болмайды, себебі оның ойлау қабілеті белсенді жұмыс атқарады.

Дидактикалық ойындар сабақтың тиімділігін, сапасын арттырумен бірге оқушының оқу белсенділігін шығармашылық ойлау қабілетін дамытады.

Ойын оқушылардың сөйлеу әрекетін активтендіреді, танымын күшейтеді. Ойынды өткізудің психологиялық, дидактикалық талаптарын мұғалім естен шығармауы керек. Осы тұрғыда ойынның оқушылардың жас ерекшелігі мен шама лайықтығына сай болуы, тәрбиелік, дамытушылық мәні зор болуы тиіс. Ойын элементтерін қолдануда мына әдістемелік талаптар орындалып отыру керек:

- оқушының сөздік минимумы болған жағдайда жүргізуге болады;
- айқын мақсатқа құрылуы керек;
- сабақтың қай буынында өтуге болатындығы алдын ала белгіленуі қажет.

Грамматикалық тапсырмалары басым ойындар сабақтың әр буынында өткізіле берсе, дене қимылдарын қажет ететін ойындарды сабақ соңында, оқушылар шаршаған кезде жүргізуге болады.

I. Төл дыбыстарды, сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыратын ойындар.

1. "Әріптер шашылды" Жеке әріптерді шашып тастап, сөз құратады.

2. "Кім тез табады?" Сынып үш топқа бөлінеді. Әр топқа тақтаға сөздердің бастапқы буыны жазылады. Келесі буынды оқушылар өздері табады.

1 топ	2 топ	3 топ
ба...	қа...	ал...
мек...	дәп...	кі...
қы...	са...	да...

3. "Кім көп біледі?" Сынып 2-3 топқа бөлінеді. Тақтаға 3 қатарға үш түрлі әріп жазылады. Оқушылар сол әріптен басталатын

сөздермен толықтырады. Қай топ көп сөз жазып, бұрын бітірсе, сол жеңеді.

Мысалы,

-А-	-Б-	-Ж-
Ата Алма	Бала Бөлме	Жаз Жеті ... ...

4. "Суретте не бар?" Тақтаға сурет ілініп (оқиғалы немесе жеке заттардың жиынтығының суреті) 2-3 минут оқушылардың назарына ұсынылады. Содан соң, сурет алынып тасталып, оқушылар сурет мазмұны бойынша ес-жадыларында қалғандарын айтады. Көп сөз бен сөз тіркестерін айтқан оқушы жеңеді.

5. "Кел, оқиық!"

Балалар екі топқа бөлініп, төл дыбыстар кездесетін мына өлең жолдарын оқиды:

I топ:

Тәй-тәй, бөпешім,
Тәй, бөпешім.
Тәй-тәй басшы,
Бал бөпем.
Қызығыңа қарайық,

2 топ:

Әй-әй бала жүгіріп,
Мама тілін алады.
Төсекті өзі салады,
Тыныш ұйықтап қалады.

II Ұлттық ойындар

1. *"Сырмақ"* Тақтаға оюланған сырмақ суреті бар қағаз теріс қаратып ілінеді. Әрбір сұраққа жауап берген топтың сырмағының оюлы беті ашылады. Қағаздың бір бетінде сұрақ 2-бетінде ою. Дұрыс жауапқа ғана ашылады. Барлық сұраққа тез, дұрыс жауап берген топтың сырмағы түгел сәйкес келіп көрініп тұрады:

Соңынан балалар хормен:
Ал, балалар, тұрайық,
Қаламды қолға алайық.
Ою-өрнек салайық.
Қолға ұстап қайшыны
Ою ойып алайық. - деп аяқтайды.


Қажетті тапсырма, сұрақтар:

Сыныш ішіндегі заттарды ата. "А" дыбысы кездесетін сөздерді ата. Мына дыбыстарды дұрыс оқы: қ, ғ, ң, ә, ө... Сөздерді аудар: мальчик, играл, мяч, сидел, учитель.

2. *"Арқан тарту"* Жіптен 100 см. көлемінде шағын арқан есіп алып, тақтаға кнопкамен ілінеді. Екі топқа тапсырма беріледі де, жауаптары дұрыс топқа қарай жіп 5 см жылжып отырады. Тапсырма:

1. Мына суреттегі заттарды ата, олар қандай?

Суреттер:



3. Мына буындардан сөз құрастыр: ба, кі, қа, мек, мұ, са...

4. Мына сөйлемдерді оқып, аударыңдар: Андрей жазды; Ол есікті ашты. Әжем келді. Атам отыр. Менің кітабым. Балалар доп ойнады. Сен отыр.

5. *"Хан талапай"* Ойынға екі топтан бес-алты оқушыны қатыстыруға болады. Ойынды жүргізуші бір уыс асықты шашып жібереді де, жапатармағай бас салғандардың ішінен кімнің қолына нөмірлі асық түссе, сол сұраққа жауап береді.

6. *"Теңге ілу"* Бірнеше балалар шыбықты ат қып мінеді. Олардың қолдарына бүктелген тапсырмалары бар қағаздар берледі. Тақта алдына екі тостаған қойылады. 2 топтан кезекпен балалар "атпен шауып келіп, қолдарындағы қағаздарын лақтырып, ыдыска түсіруі керек. Түспей қалған қағаздардағы тапсырмалар орындалуы керек. Олар:

1. Қатені жөнде: *Шабақ* оқып,
Бес алдық.
Бүгін алдық,
Кесе алдық.

.....

2. Ребусты шешу.

100 ім,
1 лік,
6 ын
7 ата
3 тік

3. Жұмбақтарды шешу.
Оң қолымда бес саусақ,
Сол қолымда бес саусақ.
Алақанды ашамыз.
Бесті беске қосамыз,
Нешеу болады барлығы.
.....

4. Сол аяқ пен оң аяқ.
Кезек-кезек тебеді.
Ол домалап, домалап.
Тез жүгіре береді.
.....

Рольдік ойындар немесе театрланған әдіс. Рольдік ойындар жыл аяғында, балалардың қазақша сөйлеу дағдылары біршама қалыптаса бастаған кезде жүргізіледі.

1. *"Бауырсақ ертегісі" бойынша рольдік қойылым.*

Балаларды рольдерге бөліп берген соң, қойылым төмендегідей басталады:

Шал: - Кемпір, кемпір, бауырсақ пісір.

Кемпір: - Иә, пісіремін.

Үйден алдын ала пісіріп әкелген бауырсақты бір бала ұстап тұрып, соның ролін орындайды. Бауырсақ терезе алдынан түсіп, жолға түсіп келе жатады. Оның алдынан қоян шығады:

- Бауырсақ, бауырсақ, мен сені жімін.

Бауырсақ: Жоқ, сен мені жеме, өлең айтып беремін.

- Менің атым-бауырсақ.
Майға мені пісірді.
Мен атадан кеттім.
Мен әжеден кеттім.
Мен сенен де кетемін.

Домалап кете барады. Алдынан аю шығады:

- Бауырсақ, бауырсақ мен сені жеймін.

Бауырсақ: Сен мені жеме, мен саған өлең айтамын.

Өленін айтып, домалап кете барады. Алдынан түлкі шығады. Ол:

- Бауырсақ, мен сені жеймін.

Бауырсақ: Сен мені жеме, өлең айтамын. Өленін айтады.

Түлкі: Ой, құлағым нашар естиді. Кел, тұмсығыма тағы айт:

Бауырсақ, оның тұмсығына мініп, өленін айтады.

Ал түлкі "ап" деп жеп қояды. Сөйтіп, бауырсақты түлкі алдап жеп алады.

2. *"Аю"*. Балалар дөңгеленіп, шеңбер құрып тұрады. Аюдың бетпердесін (маска) киген бала ортаға шығады.

Балалар: - Қорбаң, қорбаң, қорбаңбай!
Келе жатқан аюды,
Қатар, қатар тұрайық.
Былай, былай ұрайық, - деп "аюды" қорқытып, қуады. Аю қорқып, қашады да, отырып, ұйықтап қалады.
Балалар: - Аю, аю, ұйықтама,
Аю бізді жоқтама.
Аю оянып, оларды қуа жөнеледі. Балалардың ішінен кімді ұстап алса, сол "аю" болады. Ойын соңынан балалар хормен мына өленді айтады:

* * *

-Қоңыр аю баласы-
Қорбаңдаған қонжықпыз.
Аунап-аунап, домалап
Дөңгелене билейміз.

3. *"Түлкі мен қораз"* Қойылым. Балалардың бірі түлкі, екіншісі қораз ролін орындайды. Түлкі үй жаққа қарап:

- Мына жаққа барайын,
Үйде кім бар сығалайын.
Тамаққа тойып алайын.

Қораз: -Ку-ка-ре-ку, ку-ка-ре-ку!
Ерте тұрамын.
Ән саламын -
-Ку-ка-ре-ку, ку-ка-ре-ку!
Түлкі: -Ой-ой, мынау кім.
Қап, бәлем, қораз ба?
Қораз түлкіні көріп:
-Ку-ка-ре-ку!
Түлкі, қу!
Құрт ұрлады
Түлкіні құ, - деп айқайлайды.
Түлкі шошып қашады, қораз оны қуады.
Қойылымнан кейін балалар рольмен мына өленді оқиды:

"Түлкішек"

Балалар: - Түлкішек-ау, түлкішек!
Күнде қайда барасың?
Түлкі: - Апам үйіне барамын.
Балалар: - Апаң саған не береді?
Түлкі: - Сиыр сауып сүт береді.
Балалар: - Оны қайда қоясың?
Түлкі: - Ағаш астына қоямын.
Балалар: - Ит жеп кетсе қайтесің?
Түлкі: - Ала таймен қуамын.

4. "Қасқыр мен қоян". Ертеде қасқыр мен қоян жолдас болыпты. Күндер өтеді, жылдар өтеді, олардың қарны ашады. Қасқыр қоянға:

- Мен сені жеймін, - дейді.

Қоян: - Ойбай, қасқыр, көмектес, - дейді.

Қасқыр: - Кім саған тиді? - деп сұрайды.

Қоян: - Аю әкетіп барады, - дейді.

Қасқыр шошып, өзі қаша жөнеледі.

Диалогтан соң, мына өлеңдер оқылып, жаттауға беріледі:

***

Ақ қоян-ау, ақ қоян,
Қорқақ қоян, сақ қоян.
Дыбыс шықса, қашасың,
Таудан бір-ақ асасың.

***

Қуыр, қуыр, қуырмаш,
Балапанға тары шаш,
Тауықтарға тары шаш,
Әжең келсе, есік аш.
Қасқыр келсе, мықтап бас.

5. "Мысық пен тышқан". Балалар шеңбер құрып, жағалай тұрады. Шеңбер ішінде - тышқан, сыртында- мысық. Мысық тышқанды ұстауы керек. Мысық оны ұстай алмаса, өзі, ұстаса тышқан ойын шартын орындайды. Олар жаттаған өлеңдерін оқиды.

1. Осы тышқан бәле болды,
Жеп қояды тамақты.
Біз мысықты шақырып.
Ұстатамыз тышқанды.

2. Мияу-мияу, балалар,
Табаныма қараңдар,
Тырнағымды санаңдар.

3. Пеш түбінде мысық отыр,
Аздап көзін қысып отыр.
Тышқанды ол жегісі кеп,
Тісі оның қышып отыр.

Жоғарыда көрсетілген рольдік ойындардың кейбіреуі "Отбасы және балабақша" журналынан алынған.

Қазақ тілі сабағының түрлері мен құрылымы

Сабақ-оқытудың сыныптық жүйесіне жатады, ол оқыту үрдісін ұйымдастырудың негізгі түрі болып табылады.

Сабақ орыс тілінде жүргізілетін мектепте қазақ тілін оқыту оқушылардың практикалық қазақша сөйлеу тілін дамытуды көздейді.

Оқу орыс тілінде жүретін мектептерде қазақ тілінен сабақ беру - психологиялық және дидактикалық жағынан да күрделі мәселе. Бұл бастапқы кезде мұғалімнен көп еңбек етуді, сабақты сапалы өтуімен байланысты өзіне ерекше талап қоюды қажет етеді. Мұғалім өз саласында үздік жетістіктерді меңгерген, теориялық және практикалық терең білімі болуы қажет. Ол шәкіртіне білім беруші ғана емес, ол-солардың адал тәрбиешісі, моральдық демеушісі.

Сабақтық сапасын арттыру оқушылардың танымдық әрекетінің белсенді түрде қызмет етуімен тікелей байланысты.

Оқытудың жағымды мотивін тудыру, оқыту әдістерін тиімді қолданып, түрлендіріп жүргізе білу, оқушылардың өз бетінше жұмыс жасауын қамтамасыз ету - оқытуда нәтижеге жетудің алғы шарттары.

Оқушының оқу белсенділігін тудыру сабақта шығармашылық (аналитикалық) жаттығулардың басым жүргізілуіне де байланысты. Сондықтан жаңа алынған білім үнемі практикалық жұмыстармен бекітіліп отыруы керек.

Сапалы сабаққа қойылатын жалпы дидактикалық талаптар:

- әрбір сабақтың білімдік, тәрбиелік, дамытушылық мақсатының айқындылығы;
- өткен оқу материалы мен жаңа оқу материалының өзара байланыстылығы;
- оқу материалының оқушы өмірімен тығыз байланыстылығы;
- оқу мазмұнының оқушының логикалық ойлау қабілетін дамыта алуы;
- іскерлік, дағдыларын қалыптастыратын практикалық жаттығу жұмыстарының басым болуы;
- әдіс-тәсілдердің тиімді қолданылуы;
- пәнаралық байланыстың жүзеге асырылуы;
- оқушы білімінің үнемі бақылауда болуы;
- оқушылармен ынтымақтастық қатынаста болу;
- жағымды мотив тудыра білу;
- оқушылардың білім, жас, психологиялық ерекшеліктерінің ескерілуі;
- педагогикалық такт талаптарының сақталуы.

Дидактикалық еңбектерде, негізінен, сабақтың мына типтері көрсетіліп жүр: 1. аралас (біріккен) сабақ;
2. жаңа білім беру сабағы;
3. білімді бекіту немесе білім, дағды, іскерлік қалыптастыру сабағы;
4. қайталау сабағы;
5. бақылау, тексеру, бағалау сабағы.

Педагогикалық әдебиеттерде бұдан басқа дәстүрден тыс (стандартқан, әдеттегіден тыс) мына сабақтың түрлері аталып жүр: ойын сабақ, жарыс сабақ, пресс-конференция сабағы, КВН сабағы, компьютерлік сабақ, шығармашылық сабақ, конкурс сабақ, концерт сабақ, рольдік ойындар сабағы, интегралды сабақ т.б.

1. *Аралас сабақ.* Бұл - оқу орыс тілінде жүретін мектепте қазақ тілі сабағының негізгі құрылымдық бөлігі болып табылады.

Аталған сабақ құрылымына барлық сабақ типтерінің элементтері кіреді. Құрылымдық бөліктері - ұйымдастыру, өткен материалды тексеру, оны бекіту, жаңа материалды түсіндіру, оны бекіту, қорыту, үйге тапсырма беру, оқушы білімін бағалау.

Аралас немесе біріккен сабақ - орыс мектебінде қазақ тілін оқытумен байланысты оның кең тараған түрі болып саналады.

Мұндай сабақтың құрылымдық элементтерінің орнын ауыстыруға болады, бұл оқу үрдісінде формализмнің болмауына жағдай жасайды.

2. *Жаңа білім беру сабағы.* Мұндай сабақтың негізгі көздейтін мақсаты - оқушыларға жаңа материалды игерту. Бұл лекция, баяндау түсіндіру, эвристикалық әңгіме т.б. оқыту әдістері арқылы жүзеге асады.

Жаңа оқу материалы өткен оқу материалымен логикалық жағынан байланысты өтуі қажет. Жаңаны түсіну оқушыға бұрын белгілі болған мәселелермен байланысты болғанда ғана түсінікті болады. Осымен байланысты психологтар былай дейді: "Понять что-то новое всегда означает связать его с тем, что уже известно, включить новое в систему уже имеющихся ассоциаций".[1]

Жаңа материалды түсіндіргенде, оқушының білетін мәліметтері мен білмейтіндерін бір-біріне қарама қарсы қойып, проблемалық ситуация тудырғанда, оқытудың тиімділігі арта түседі.

Жаңа білімді оқушының қабылдауы, түсінуі, есте сақтауы-күрделі процесс. Сондықтан оқу материалы қысқа, тартымды, дәл, нақты болуымен қатар, қызықты фактілердің болуы оқушылардың қабылдауы белсенділігін арттыратыны белгілі.

3. *Білімді бекіту немесе білім, іскерлік, дағдыны қалыптастыру сабағы.* Бұл сабақтың типі, негізінен, оқу материалы бойынша

[1] Матюхина М.В., Михальчик Г.С., Патрина К.Т. Психология младшего школьника. М., 1970, С.104.

үлкен тарау, бөлім немесе күрделі тақырыпты аяқтаған кезде жүргізіледі. Дидактикалық мақсаты - оқу бағдарламасы бойынша оқушының маңызды өзекті мәселелерді игеріп, білімін бекіту.

Жүйелі түрде жүргізілген жағдайда оқушының үлкен тарау немесе оқу материалының үлкен бөлігі (блогі) бойынша өзекті, ең маңызды, қажетті білімді өте сапалы игеруіне мүмкіндік береді. Бұндай сабақтың негізгі элементі - ауызша, жазбаша практикалық жаттығулар орындау. Осы арқылы оқушы алған білімін тәжірибеде қолдануға дағдыланады, өз бетінше жұмыс істеуге үйренеді, мүмкіндігін барынша пайдалануға көмектеседі.

4. *Қайталау сабағының* көздейтін дидактикалық мақсаты - білімді жүйелеу, өткенді қайталау, бекіту, алған білімін іс жүзінде қолдана білу, іскерлік, дағдыны қалыптастыру оқушы білімін жетілдіру. Мұндай типті сабақта оқушы да өз бетінше жұмыс жасайды, ауызша, жазбаша жаттығу жұмыстарын орындайды. Қайталау сабағы оқушы білімін бақылауға, жүйелеуге мүмкіндік береді.

Қайталау ауызша да, жазбаша да жүргізіледі. Көрнекті әдіскер Ш.Х.Сарыбаев қайталаудың мәні туралы: "Сабақ барысындағы қайталау оқушылардың шала ұғымдарын түсіндіру үшін де, үйретілгендерін ұмыттырмау үшін де, үйретілген қағиданың дұрыстығына оқушылардың көздерін жеткізу үшін де, үйретіліп жатқан ережеге ұқсас басқа объектіден ажырату үшін де, түсіндірілгендерді қорыту үшін де қолданылады"[1], - деген еді.

Қайталау сабақтарын ұйымдастыру - өте қиын жұмыс, себебі оны жоспарлау, тапсырма, жаттығуларды іріктеу, уақытын белгілеу мұғалімнен көп еңбек етуді талап етеді. Қайталау оқушылардың ойлау әрекеті белсенділігін арттыратындай болу керек. Ол 3 бағытта жүреді:

- өткен материалды еске түсіру, оқушы білімін жүйелеу;
- оқушы біліміндегі кемшіліктерді анықтау;
- өткен материал негізінде жаңа біліммен қаруландыру.

Ұлттық мектептегі қазақ тілі сабағының бұл түрі алған білімін бекіте түсуге, сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда олардың тілдік грамматикалық құрылысы, сөздік құрамы жөніндегі білімнің жүйелене түсуінде орны ерекше.

Қазақ тілі сабағындағы қайталау жұмысы жөнінде зерттеу еңбегін жазған әдіскер ғалым Е.Көшербаев 3 түрін көрсетеді:

1. Күнделікті қайталау;
2. Тақырыптық қайталау;
3. Қорытынды қайталау.[2]

---

[1] Сарыбаев Ш. Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері. I бөлім. А., 1956. 5-б.

[2] Кушербаев Е. Вопросы методики повторения на уроках казахского языка. Автореферат дисс... кандидат пед. наук. А., 1968.

Орыс мектебіндегі қазақ тілі сабақтарының ерекшеліктерін ескере отырып, жоғарыда аталғандардың негізінде біз күнделікті және тақырыптық қайталау деп 2-ге бөліп қарастырамыз.

Күнделікті қайталау әр сабақ сайын өткізіліп тұрады. Ол, негізінен, мұғалімнің алдын ала даярлаған сұрақ-жауабы, бақылауы, оқулықтағы жаттығулар арқылы жүзеге асып отырады. Ал тарауды аяқтаған кезде жүргізіледі.

Өткен материалдың ішінен сөйлеуге қажетті деген өзекті элементтерді таңдап алудағы қиыншылықтар және соларға лайық практикалық тапсырмалар мен жаттығуларды ұйымдастырудың күрделілігіне байланысты қайталау жаттығуларының кешенін (комплекс) мұғалім оқу жылының басында күнтізбелік, тақырыптық жоспарда көрсетуі қажет.

5. *Бақылау, тексеру, бағалау сабағы.* Бақылау сабағы көлемі үлкен тақырыптардан соң жүргізіледі. Мұндай типті сабақты оқушының білімді қаншалықты меңгергенін, оны практикада қалай қолданылатындығын тексеру мақсатында жүргізуге болады.

Оқушы білімін тексерудің ең жоғары түрлері - сынақ, емтихан.

Тексерудің 2 түрі бар: 1) күнделікті тексеру; 2) тоқсан немесе жыл аяғындағы қорытынды тексеру.

Күнделікті тексеруге оқушылардың ауызша, жазбаша жауабы, үй жұмысы, мұғалімнің оқушы білімін сырттай күнделікті байқауы, ал қорытынды тексеруге тоқсандық немесе жыл аяғындағы жылдық тексеру жатады.

Тексеру барысында ауызша сұрау - кең тараған тәсіл.Ауызша сұрау оқушылардың білімін жаппай, құрама, жеке сұрау арқылы жүзеге асады. Тәжірибе көрсеткендей, ұлттық мектептегі қазақ тілі сабақтарында білімді тексеруде құрама сұраудың алатын орны ерекше. Бұл тәсіл арқылы бір сабақ көлемінде оқушылардың көпшілігінің білімін тексеріп шығуға болады. Балалардың бірі ауызша жауап берсе, тақтада бірнеше оқушы жазбаша жұмыс жасайды, магнитофон арқылы (Шаталов В.Ф. әдісі бойынша) тірек сұрақтарға жауап беру, перфокарта немесе үлестірме кеспе қағаздары бойынша 5-6 оқушыға тапсырма беріліп, білімі тексеріледі. Кейінгі кезде әдістемелік әдебиеттерде кездесетін білімді тексеру әдісінің тағы бір түрі - программаланған немесе альтернативті тексеру. Программаланған тексеру білімді тексеру әдісінің басқа түрлерінен алдын ала даярланған сұрақтар бойынша соған қатысты бірнеше вариантты жауаптардың дұрысын таңдаумен ерекшеленеді. Бұл әдісті қолдану тексеруге кететін уақыт өлшемін негұрлым қысқартады.

Орыс мектебіндегі тексеру сабағында жүргізілетін жұмыстардың бірі - бақылау жұмысы. Бақылау жұмысын жүргізудің алдында мұғалім мына дидактикалық талаптарды ескеруі қажет:

- оқушылардың өткен материалды жеткілікті меңгергендеріне көз жеткізгенде ғана жүргізіледі;
- оларға алдын ала ескертілуі керек;
- бақылау жұмысының мазмұнында өткен материалдың өзекті элементтері қамтылуы қажет.

Аталған типті сабақта бақылау жұмысын диктант, мазмұндама, шығарма немесе реферат, баяндама жазу түрінде жүргізуге болады.

Бақылау сабағынан соң, оның қорытындысы бойынша арнайы талдау жұмысы жүргізілуі - міндетті. Оның негізгі мақсаты - оқушы біліміндегі кемшілікті жою, болдырмау.

Орыс мектебінде қазақ тілінен жазба жұмыстарының бірі диктант жиі жүргізіледі. Осымен байланысты Ж.Адамбаева диктанттың 12 түрін көрсетеді.[1] Олар әріп, буын, сөз, сөйлем көру өздік, терме, ескерту,, еркін, шығармашылық, бақылау диктанты.

Сонда автор оқу орыс тілінде жүргізілетін мектептерде қазақ тілі пәні бойынша диктант өткізуге 2-4 сыныптарда 5-15 минут, ал 5-11 сыныптарда 15-25 минут бөлінетіндігін атап көрсетеді де, диктанттағы сөз мөлшерін төмендегідей болатындығын ескертеді:

4 сыныпта - 30-40 сөз; 5 сыныпта - 40-50 сөз; 6 сыныпта - 60-70 сөз; 7 сыныпта - 70-80 сөз;	8 сыныпта - 80-90 сөз; 9 сыныпта - 90-100 сөз; 10 сыныпта - 100-110 сөз; 11 сыныпта - 110-120 сөз.

Бағалау нормасы

"5" - 2 қатесі немесе түзетуі бар жұмысқа қойылады;

"4" - 3-4 қате үшін қойылады;

"3" - 5-6 қате үшін;

"2" - 8-9 қатеден асып кетсе қойылады.

Баға - оқушы білімінің көрсеткіші болғандықтан, мұнда оның білім дәрежесі толық және әділ анықталып қойылады.

Оқушы бағдарлама бойынша білуге міндетті оқу материалын сапалы игергенін көрсетуі керек, оны іс жүзінде мысалдармен дәлелдей білуі қажет. Қазақ тілінен сөздердің дұрыс оқылу, жазылу нормаларын, тыныс белгілерінің дұрыс қойылуын білуі қажет. Сонымен бірге мұғалімнің қосымша сұрақтарына жауап береді. Жоғарыда көрсетілген талаптар түгел орындалса, "5"-тік бағасы қойылады. Оқушы 1-2 қате жіберсе "4" қойылады. Егер ережені біліп, оны мысалдармен дәлелдей алмаса, жауабы бірізді болмай, сойлеу тілінде біраз қате жіберілсе "3" қойылады. Оқушы оқу материалының ең қажетті өзекті мәселелерін меңгере алмаса,

[1] Адамбаева Ж. Диктанттар жинағы. 4-11 сынып. А., Рауан, 1993.

өрескел қателер жіберіп, мұғалім жетегіне ере алмаса, "2"-лік қойылады.

Сонымен, сабақ - мұғалімнің шығармашылық ой туындысы. Сондықтан мұғалімнің сабақ құрылымын дұрыс құруы, оны жүргізу барысы оның өз ізденімпаздығы мен еңбекқорлығына байланысты.

Сабақ - бүкіл оқыту процесін ұйымдастырудың негізгі формасы. Сондықтан мұғалім оның құрылымына, әр негізгі элементтеріне сай мазмұнды, тиімді оқу материалдарын ықдағаттылықпен таңдауға, сол арқылы оқушының танымын кеңейтіп, ойлау қабілетін дамытуға ерекше көңіл бөлуге тиіс.

ЕТІСТІКТІ ОҚЫТУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН

Қазақ тілі бағдарламасы мен оқулықтарда етістік бойынша берілген оқу материалдарының ерекшеліктері

Бағдарлама - оқу пәнінің мазмұнын анықтайтын мемлекеттік құжат. Онда оқу пәнінің мазмұннан құралған, сонымен қоса, сол пән бойынша білімнің, іскерлік пен дағдының көлемін қамтитын барлық сұрақтар мен тақырыптардың тізімі беріледі. Бағдарламаның құрылымдық өзегі оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес, оның өмірінің барлық жағын қамтитын тақырыптар мен ситуациялардың неғұрлым ықшам берілуінде. Мұнда әрбір лексикалық тақырыппен қоса грамматикалық тақырыптар да беріліп отырады.

Белгілі бір тілді өзге тіл ретінде үйрету оқытудың практикалық-коммуникативтік принципі негізінде жүзеге асады. Осымен байланысты ұлттық мектепте қазақ тілі пәнін оқыту бағдарламасындағы оқу материалдарының құндылығы - оның практикалық бағытта құрылуы.

Ұлттық мектептегі қазақ тілі 1955 жылға дейін 5-10 сынып аралығында, ал 1956 жылдан 2-8 сыныптарда оқытылады.[1]

1987 жылы қабылданған қазақ тілін оқып үйренуді жетілдіру қаулысының шешімдері мектеп курсында қазақ тілін 1-сыныптан бастап оқытуды міндеттеді.

1-8 сыныптарға арналған Қазақ тілі бағдарламасы алдыңғылармен салыстырғанда, мазмұны мен құрылымында ілгерілегендік байқалады. Мұндай сөз үйрену мен сөйлеу дағдысына, оқуға, грамматиканы игеруге, сауатты жазуға қойылатын талаптар айтылған, әр сынып көлемінде үйретілетін сөздік (саны) анықталған.[2] Сонымен бірге жазба жұмыстарының бірі диктанттың түрлері көрсетіліп, түсініктемелер берілген. Етістік бойынша оқылатын материалдар 6-сыныпқа жүктелген. Бұл сыныпта етістіктің негізгі, көмекші, дара, күрделі түрлері жаттығу арқылы пысықтау, етістік шақтарын қайталау, тұйық етістік, бұйрық, қалау рай, тұйық етістіктің көмекші сөздермен тіркескендегі мағыналарын меңгерту міндеттелген. Дегенмен, етістік бойынша үйретілетін лексикалық минимумның анықталмауы, грамматикалық тақырыптарға арнайы сағат сандарының бөлініп көрсетілмеуі, баяндаушы етістік арқылы жасалған сөйлемнің типтік үлгілерінің жоқтығы, етістік

---

[1] Оқу орыс тілінде жүретін мектептердегі қазақ тілінің концепциясы. А., 1990. 11-6.

[2] Қазақ тілі программасы. Оқу орыс тілінде жүретін мектептердің I-VII сыныптары үшін. А., "Мектеп", 1989 ж.

тақырыптарын әр сыныпта орналастыру жүйесіндегі кемшіліктер әлі де болса қайта қарауды қажет етеді.

Еліміздегі Тіл жөніндегі жаңа саясат қазақ тілін оқыту ісінде көп жаңалықтар әкелді. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл дәрежесіне көтерілуіне байланысты Республикада тілді оқып, үйрену мәселесі шынайы түрде қолға алынып, біраз келелі істер жүзеге асты. Солардың айғағы: жаңа бағдарламалар, мектеп, жоғары оқу орындарына арналған қазақ тілі оқулықтары, қазақ тілін тіл ретінде өз бетінше үйренушілер үшін көмекші оқу құралдарының көптеп шығуы.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін оқып үйрену мәселесінің күрделі болуымен себепті қазақ тілі пәнін 1-11 сынып аралығында оқыту жүйесі кіргізілді. Осы тұрғыда бірер сөз жаңа бағдарламадан бұрын 1988 жылы шыққан 1-10 сыныптар үшін қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқытуға арналған бағдарлама[1] туралы.

Мұнда 7-сыныпта игерілуге тиісті оқу материалдарын меңгертуге 105 сағат бөлініп, етістік бойынша бірде-бір грамматикалық тақырып көрсетілмеген. Бұл, әрине, алдыңғы бағдарламаға сәйкес етістіктің 6-сыныпта қамтылуына байланысты болса керек. Дегенмен, өзге тілді оқытудың лингводидактикалық принципіне сәйкес бағдарламаның концентрациялық негізде құрылу жүйесі бұзылған. Бұған дәлел - етістік бойынша меңгерілетін тақырыптардың бір сынып көлеміне сыйыстырылуы. Етістік - қазақ тіліндегі күрделі категориялардың бірі. Осымен байланысты оны оқытудың күрделілігін ескерсек, 6-сыныпта негізгі, туынды, сабақты, салт, етіс түрлері, есімше, көсемше, етістіктің райлары, тұйық етістік сияқты күрделі категорияларды игеру мүмкін еместігін жоққа шығармауға тиістіміз.

Қазақ тілі пәні бойынша 1-11 сыныптар үшін жасалған жаңа бағдарлама оқу материалдарын әр сыныпқа бөлуде біраз өзгерістер енген. Солардың бірі - етістікке сәйкес 6-сыныптағы оқу материалының түгелімен 7-сыныпқа көшірілуі. Осымен байланысты 6-сыныпқа арналған Н.Ботантаеваның авторлығымен жарық көрген оқулығы 1990 жылы 7-сыныпқа арналып өзгеріссіз қайта басылып шықты.

7-сынып көлемінде қамтылған етістіктен берілетін білім мазмұны: етістік, етістіктің болымсыз түрі, негізгі, көмекші етістік, етістіктің шақтары, етістіктің райлары, тұйық етістік және оның көмекші сөздермен тіркесі.

Сонымен, 1992 жылғы оқу бағдарламасында етістік сөз табы бойынша берілетін білім мазмұны төмендегідей:

---

[1] Оқу орыс тілінде жүретін мектептердің 1-10 сыныптарында қазақ тілі мен әдебитетін тереңдетіп оқытуға арналған бағдарлама. А., 1988.

2-сынып: Қалып етістіктерін практикалық жолмен игерту.

3-сынып: не істеді? т.б. осындай сұрақтарға жауап беруге үйрету.

4-сынып: етістіктің шақтарын меңгерту, болымсыздық мағынаның берілуі.

5-сынып: етістіктің шақтарын қайталау, етістіктің болымды, болымсыз түрін меңгерту.

6-сынып: етістіктің шақтарын қайталау.

7-сынып: етістік туралы жалпы түсінік, етістіктің негізгі, көмекші, дара, күрделі түрлерін жаттығу арқылы пысықтау, етістік шақтарын қайталау, тұйық етістік, жасалу жолдары, бұйрық, қалау рай, тұйық етістіктің "үшін", "туралы", "керек сөздерімен тіркескендігі мағыналарын меңгерту.

8-сынып: есімшенің -ған/ген, -қан/кен баяндауыш, анықтауыш қызметін атқаруын меңгерту.

9-сынып: етістіктің шақтарын қайталау, жіктік жалғау, болымды, болымсыз, негізгі, көмекші етістік.

10-сынып: негізгі етістік пен көмекші етістік.

11-сынып: етістік түрлері (негізгі, көмекші, дара, күрделі) етістіктің шақтары, тұйық етістік, етістіктің райлары.

Оқыту процесінде оқулық маңызды орын алады. Өзге тілді оқытуға байланысты құрылған оқулықтың басты принципі - практикалық бағытта жұмыс істеуге лайықтылығы. Осы тұрғыда ұлттық мектепке арналған орыс тілінің әдістемесі жөнінде жазылған еңбекте: "Учебники должны в лингвистическом плане представлять модель русского языка в наиболее простой, но строго в нормативной форме, составляющий ядро русской речевой системы"[1] деп көрсетіледі.

Осыған орай қазақ тілін үйретуге арналған оқулықтың басты ерекшелігі - оқушыларды іс жүзінде қазақша сөйлеп, аз ойын жеткізе білуге үйрету мен оны қоғамдық ортада қарым-қатынас құралы ретінде пайдалана алуға мүмкіндік жасауға бағытталған болуы.

Өзге ұлт өкілдері оқитын мектептер үшін қазақ тілі оқулығы Кеңес өкіметі тұсында жарық көре бастады. Сол оқулықтардың ішіндегі беташар оқулықтар - Т.Шонанұлының[2] 1931-1933-жылдары шыққан "Орыс үшін қазақша әліппесі" мен "Қазақ тілі оқу құралы". Мұның "Қазақ тілі оқу құралы" 7-8 сынып оқушыларына арналған. Оқулықта теориялық тақырыптар, жаттығулармен қоса оқушылардың сөйлеу тілінде жиі кездесетін етістіктердің жіктелуі, есім сөздердің септелуінің жинақталған грамматикалық кестелері және 300-ге тарта сөздердің орысша аудармасы берілген.

---

[1] Русский язык в национальной средней школе. Под ред. Шанского. М., 1977. С.86.

[2] Т.Шонанұлы. Қазақ тілі оқу құралы. А., 1933.

Оқулықтағы 26 грамматикалық тақырыптың 14-і етістікке байланысты тақырыптар. Олардың өтілу реті: етістіктің бұйрық райы; осы шақ етістік; етістіктің түбірі; өткен шақ, жіктелуі; осы шақ, келер шақ, жіктелуі; болымсыз етістік, жіктелуі; бұйрық рай, жіктелуі; етіс. Етістіктің жұрнақтары; өткен шақ көсемше; өткен шақ есімше; оқулықтағы грамматикалық тақырыптар жүйесіз, бірізділік сақталмаған, тілдік материалдардың орналасу тәртібінде дидактиканың "жеңілден ауырға" және "теория мен практика арасындағы байланыс" сияқты принциптері орындалмаған.

Оқулықта практикалық сөйлеуге арналған амандасу, әңгіме-диалог, сыныптағы заттар бойынша сұрақ-жауап және оқиғалы суреттермен жұмыс секілді практикалық бағыттағы жаттығу болғанымен, мазмұны, көлемі жағынан жұпыны, тәрбиелік, танымдық маңызы аз болады.

Дегенмен, бұл оқулықтың Кеңес өкіметінің алғашқы кезеңінде, мектептің, оқушылардың мұқтажын өтеуде маңызы зор болды. Оқулық қазақ тілін өзге тіл ретінде үйренушілер үшін жүйелі түрде оқытуға алғаш қадам жасауда өз үлесін қосты.

Осыдан кейінгі оқулық, 1940 жылы С.Жиенбаевтың[1] авторлығымен шықты. Оқулық 60 сағаттан тұрады. Сабақтар, негізінен, мәтін материалдарының негізіне құрылған. Мұндағы етістік бойынша берілген тақырыптар: етістіктің болымсыз түрі, ауыспалы келер шақ, есімше, нақ осы шақ, бұйрық рай, көмекші етістіктер.

Оқулықтағы етістік бойынша берілетін білімнің көлемі, мазмұны әлі бір жүйеге түспеген. Мәселен, етістік сөз табы бойынша түсінік берілмей жатып, етістіктің болымсыз түрі, шақтары түсіндірілген. Сөйлеуге қажетті етістік шақтары толық қамтылмаған.

Оқулықтың практикалық жағында біршама ілгерілегендік байқалғанымен, іскерлік пен дағды қалыптастыруға арналған жаттығулар аз. Оқушылардың ой белсенділігін туғызып, пәнге деген ынтасын арттыратындай, творчестволық ойын жетілдіретіндей жұмыстар сирек кездеседі. Оқу құралының II тарауында грамматикалық түсініктеменің ықшамды, түсінікті, мазмұнды берілуі, сөздердің септелу, етістіктердің жіктелу ерекшеліктерінің кестелері, сөздіктің тақырыптық негізде берілуі оқулықтың елеулі табысы деп айтуға болады.

Бұдан кейінгі 7-сынып оқулығының авторлары - Ғ.Бегалиев, А.Айдарбеков.[2] Бұл оқулық 50-72 жылдар аралығында шығып тұрды. Оқулық материалдары 37 сағатқа есептелген. Етістік

---

[1] С.Жиенбаев. Қазақ тілі. Учебник каз. языка VI-VII классов в русской школе. А., 1940.
[2] Ғ.Бегалиев, А.Айдарбеков. Қазақ тілі. Учеб. каз. языка для VII-VIII кл. в русской школе. А., 1971.

бойынша берілген тақырыптар: Есімше: көсемше. Бұл тақырыптардың оқулықтағы мазмұны оқушы ұғымы үшін ауыр. Бұған дәлел сөйлеу тілде көп қолданыла бермейтін -ғалы/келі, -қалы/келі... -атын/етін... көрсеткіштерінің де еніп кетуі. Оқулық практикалық жағынан аталып кеткен оқулықтардағыдай, кемшіліктерден арылмаған. Оқу мәтіндерінің мазмұны тартымсыз, оқу танымы үшін маңызы төмен. Ситуативті жағдайларға құрылған диалогтар қамтылған.

Келесі оқулық 1975-1980 жылдар аяғына дейін Ы.Маманов, Н.Дүйсекова авторлықтарымен шығып тұрды. Бұл оқулықта қамтылған етістіктің грамматикалық тақырыптары: етістік, етістіктің болымсыз түрі, жедел өткен шақ, ежелгі өткен шақ, ауыспалы келер шақ, нақ осы шақ, бұйрық, шартты, қалау райлары. Тақырыптарға, берілген грамматикалық түсініктемелер жинақы, ықшамды, түсінікті берілмегенімен, тілде функционалдық қызметі жоғары күрделі етістік, оның құрамындағы көмекші етістіктері қамтылған.

Оқулық теориялық баяндалуы жағынан да, практикалық материалды қамту жағынан да елеулі табысқа жеткен. Грамматикалық тақырыптардың толық, жеткілікті, жеңіл түсіндірілуі, практикалық тапсырмалар ішінде тіл дамытуға бағытталған диалогтар мен оқиғалы картиналардың болуы, етістіктің жіктелу ерекшеліктерінің кестелерінің берілуі оқушының етістікті тиянақты меңгеруіне қолайлы жағдай жасайды.

1988-1990 жылдарда осы оқулық Ы.Маманов[1] авторлылығымен шықты. Оқулықта аз ғана өзгерістер енгенімен, негізгі мазмұны бұрынғы қалпында қалған. Кейінгі кезеңде жарық көрген соңғы оқулықтың авторы - Н.Ботантаева.[2]

Ұлттық мектептің 1-11 сыныптар аралығындағы "Қазақ тілі" оқулықтарының тізімі:

Сыныптары	Жылдары	Авторлары
1	2	3
1-сынып	1988	Б.Баймұратова Ұ.Ботабаева Қ.Қасабекова
	1997	Ә.Жүнісбеков, Б.Баймұратова, Ж.Сүлейменова, С.Бәтібаева

[1] Ы.Маманов. Қазақ тілі. Орыс мектебінің 7-сынып оқушыларына арналған оқулық. А., "Мектеп", 1988.

[2] Қазақ тілі. Орыс мектебінің 7-сынып оқушыларына арналған оқулық. А., Мектеп, 1990.

1	2	3
2-сынып	1960-1970	Р.Әміров, А.Бекбосынова
	1970-1985	Р.Әміров, А.Асқарбаева
	1985-1993	А.Асқарбаева, К.Түменова
	1998	Ә.Жүнісбек, В.Қуанышбаева, Ж.Мәжитқызы
3-сынып	1960-1970	Р.Әміров, А.Бекбосынова
	1970-1985	Р.Әміров, А.Асқарбаева
	1985-1993	Р.Әміров
	1998	Ә.Жүнісбек, Б.Құлмағанбетова, Ж.Мәжитқызы
4-сынып	1960-1970	Р.Әміров, А.Бекбосынова
	1969-1992	Ж.Адамбаева
	1993	А.Ақтаева
	1999	Ә.Жүнісбек, Е.Дүйсебаев, Ж.Мәжитқызы
5-сынып	1960-1970	Ғ.Бегалиев, А.Айдарбеков
	1970-1988	Ы.Маманов, М.Нұрғалиева
	1988-1992	М.Нұрғалиева, Б.Құлмағанбетова
	1993	Ж.Адамбаева
	2000	Ж.Адамбаева т.б.
6-сынып	1950-1970	Ғ.Бегалиев, А.Айдарбеков
	1970-1990	Ы.Маманов, М.Нұрғалиева
	1990-1992	Н.Ботантаева
	1993	М.Нұрғалиева, Б.Құлмағанбетова
	2000	Б.Құлмағанбетова, А.Исанова, М.Нұрғалиева, А.Сатбекова.
7-сынып	1931	Т.Шонаұлы
	1940	С.Жиенбаев
	1950-1973	Ғ.Бегалиев, А.Айдарбеков
	1973-1985	Ы.Маманов, Н.Дүйсекова
	1985-1992	Ы.Маманов
	1993	Н.Ботантаева
	2000	Н.Ботантаева т.б.
8-сынып	1940	І.Кеңесбаев
	1950-1970	Ғ.Бегалиев, А.Айдарбеков
	1970-1982	Ы.Маманов, Н.Дүйсекова
	1993	Ы.Маманов, А.Қошқаров
9-сынып	1940	І.Кеңесбаев
	1990-1993	С.Дүкенбаев, Ә.Сәдуақасова

1	2	3
10-сынып	1940 1992-1993	І.Кеңесбаев Ж.Адамбаева, А.Оңалбаева
11-сынып	1993	Х.Қожахметова, М.Нұрғалиева

Етістік сөз табы бойынша оқушының білім, іскерлік, дағдыларын анықтау

Алдын ала етістік сөздерді меңгеруде кездесетін қиындықтарды белгілеп, балалардың оқыту тәжірибесіне дейінгі кезеңдегі етістік бойынша сөздік қорын анықтау үшін және жиі жіберетін негізгі қателерді топтап, жинақтау мақсатында ауызша, жазбаша жұмыстар жүргізіледі:

Жүргізілген жұмыстың түрлері:

1-жұмыс.

Оқушылар 2 топқа бөлініп, білім сайысы болатындығы хабарланады.

Тақтаға "Етістік еліне саяхат" картасы ілініп, жарыс басталады. Карта 2 топқа құрылған 5 бекеттен тұрады. Әр бекетте бір тапсырмадан бар. Тапсырма орындалған соң, келесі бекетке көшіріліп отырады. Тақтаға 2 топтан 2 оқушы шығарылып, әр бекеттегі қалталардан сұрақты өз топтарына кезекпен оқып береді. Топ мүшелері кезекпен жауап беріп отырады. Тапсырманы орындай алмағандарын ұпайларын жоғалтып отырады. Әр сұраққа дұрыс жауап 1 ұпаймен есептеледі.

І. Мәтіннен етістіктерді табыңдар. Кодоскоп арқылы тақтаға текст жазылған транспорт көрсетіледі.

1. Ай - жердің ең жақын серігі. Ол жерді үнемі айналып тұрады. Айдың көлемі жерден кіші. Ол Күн сияқты өзінен сәуле шығара алмайды. Айда күндіз 130^0 аяз болады.

2. Наурыз мерекесі жаңа жылдың алғашқы күні деп есептеледі. Мерекеде халық бір-бірін жаңа жылмен құттықтайды, жақсы тілектер айтады. Наурыз көжесі пісіріліп, ел дәм татады.

ІІ. Мақал-мәтелдерді оқып, болымсыз етістікті табыңдар, мағыналарын түсіндіріңдер.

Тіліңмен жүгірме,
Біліммен жүгір.

Білегіңе сенбе,
Біліміңе сен.

ІІІ. Жаңылтпаштар оқып етістіктерді табыңдар, айтып беріңдер.

Біл! Бұл - піл,
Бұл бір ірі піл.

Көже пісті,
Көжені кеше
Неше кісі ішті
Үш кіші ішік піштім,
Бес кіші ішік піштім.
Неше кіші ішік піштім?
Ошақта от жоқ,
Шоқ тап, от жақ.

IV. Жұмбақтарды оқып, шешіңдер, етістік сөздерді табыңдар.

Бұрап қойған сағаттай,
Айқайлайды таң атпай.
(Әтеш)

Бір ақсақал жылына
Бір-ақ келіп кетеді,
Ұлы менен қызына
Сыйлық әкеп береді
(Аяз Ата)

Қолы жоқ, сурет салады,
Тілі жоқ, тістеп алады.
(Аяз)

Осылардан соң жүргізілген жұмыстың мақсаты оқушылардың коммуникативті-ситуативті тілін дамыту мақсатында жүргізілетін тапсырмаларды орындау деңгейлерінің сапасын анықтау болды.

Жалпы ситуативті жаттығулар - коммуникативтік бағыттағы жаттығулардың қатарына жатады, ол оқытылған материалды неғұрлым өмір шындығына құрылған әр түрлі жағдайда икемдеу арқылы меңгертеді.

Ситуативті жаттығулар табиғи және жасанды болып екіге бөлінеді. Оқу процесінде мұның жасанды түрі жиі қолданылады. Мұндай бағыттағы жаттығулардың құрылымдық бөліктері төмендегідей болады:

- іс-әрекет ететін жерді белгілеу. Бұл ауызша айтылады, суреті, макеті көрсетілу керек;
- сөйлейтін субъектілер анықталу қажет. Олар мұғалім - оқушы, оқушы-оқушы т.б. болуы мүмкін;
- оқушыларға берілетін тапсырманың мақсатының айқындалуы.

Осы тұрғыда оқушылардың білімін анықтау мақсатында жүргізілген жұмыстың түрлері.

Тапсырма. Жасанды ситуациялық көрініс жасап, тақырыпқа сай сөйлемдер (диалог) құру.

І-көрініс - "Қонақ күту".

Бір оқушы сыртқа шығарылып, оған қонақ ролін атқаратындығын ескертіп, есікті қақтырып сыныпқа кіргізеді. Сыныптағы қалған оқушылар кезектесіп оны қарсы алу керек.

2-көрініс. "Ауруханада".

Ауруханада досың жатыр делік. Сен оған барғанда, мектептегі жаңалықтар, сабақтар, үй тапсырмалары жөнінде не айтар едің?

3-көрініс. "Асханада"

Досыңды асханаға тамақтануға шақыр. Бірге отырып тамақтаныңдар. Қандай сөздерді пайдаланасың?

4-көрініс. "Таныстыру".

Досыңды өз жанұяңның мүшелерімен қалай таныстырар едің?

3-топқа грамматикалық, яғни тілдік материалға құрылған тапсырмалар кірді. Мұнда біз оқушылардың етістік бойынша грамматикалық тақырыптарды қаншалықты игергенін және оны практикада қолдану дағдыларының деңгейін белгілеу, олардың біліміндегі фонетикалық, грамматикалық қателерді анықтау және етістік бойынша белсенді сөздік қор дәрежесін белгілеу мақсатын көздедік.

Осы бағытта жүргізілген жұмыстың түрлері: 1)Мәтінді аудару, етістіктерді тауып, түбір қосымшаларға ажырату.

Алғашқы қазақ ғарышкері

Алғашқы қазақ ғарышкері Т.Әубәкіров 1946 жылы Қарағанды облысы Қарқаралы ауданында дүниеге келді. 15 жасында зауыттың жұмысшысы болып, кешкі мектепті бітірді. Ол әскери ұшқыштар училищесін бітіріп, қызмет істейді. Кейін Мәскеуде әуе институтын бітірді. 1991 жылы Ю.Гагарин атындағы ғарышкерлер даярлайтын Орталыққа қабылданып, қазанның 3-де "Мир" Орбиталық кешенінің құрамында "Союз ТМ" кораблімен ғарышқа ұшты.

Етістіктің шақтарын анықтаңдар

1. Бүгін мектепте сабақ басталды. 2. Асқар радиодан сөйлейді. 3. Серік әжесіне көмектесіп жүр. 4. Оқушылар жазда шетелге барады. 5. Сабақтан соң, кітап дүкеніне барып, кітап сатып аламын.

Мәтін

Қожанасыр тойға барады. Үйге қайтқысы келген Қожа көп аттың ішінен өз атын тани алмай, қиналады. Сонда ол: "Ей, халайық, аттарыңды ұстаңдар. Қазір мен өз атымды атамын! - дейді айқайлап. Халық өз аттарын жетелей қашады. Қожа жалғыз қалған өз атына мініп кетеді.

Етістік - қазіргі қазақ тіліндегі сөз таптарының ішіндегі ең көлемдісі де күрделісі. Қазақ тіліндегі етістік грамматикалық категорияларға өте бай, оның сөзжасамдық, өзгергіштік қасиеті, икемділігі, функциялық қызметі ауқымды.

"Тілдік жүйеде етістік категориялары объективті өмірдегі адам таныған қимыл-әрекеттің өте нәзік ерекшеліктеріне дейін білдіре алады. Ойды анық, дәл жеткізуде, тіл оралымдығы жөнінен етістік ерекше қызмет атқарады"[1].

"Етістік жиі қолданылады, құрамында етістік жоқ сөйлемдер сирек кездеседі. Етістік-сөйлемнің ұйтқысы, оның өз маңына басқа сөздерді ұйымдастыру қабілеті күшті"[2].

Етістік - лексика-семантикалық сипаты, грамматикалық формалары, синтаксистік қызметі жағынан аясы кең сөз табы. Сөйлемде ол көбіне предикат болады, фразаның синтаксистік негізгі қызметін атқарады. Сонымен бірге етістіктің сөздерді меңгеру қабілеті өте жоғары. Осы күрделі сипатына байланысты орыс тілді оқушыға етістікті оқытудың тиімді жолдарын анықтау грамматикалық сөйлеуге дағдыландыруда маңызы зор.

Орыс мектебіне арналған 1992-1993 оқу жылының қазақ тілі бағдарламасында 7 сыныпта етістік сөз табы бойынша төмендегідей грамматикалық тақырыптар берілген: Етістік туралы жалпы түсінік, оның болымсыз түрі, негізгі, көмекші етістік, дара, күрделі етістік, етістік шақтары, бұйрық, шартты, қалау рай, тұйық етістік.

Етістікті оқытуда лингводидактиканың негізіне сүйене отырып, бұл сөз табы бойынша оқушылардың тілін дамытуға қажетті деген бірнеше грамматикалық тақырыптарды қостық. Олар: туынды етістік, көсемше, етістіктің жіктелуі. Енді етістіктің бұл түрлерін грамматикалық минимумға енгізуіміздің себептеріне тоқталып өтелік. Оқушылардың етістік бойынша игеруге тиісті лексикалық минимумына кіретін сөздердің шамамен 20 проценті - туынды етістіктер. Әдіскер ғалымдардың зерттеуі бойынша, оқушылардың сөздік қорындағы сөздерді сөз таптарына бөлгенде, зат есімнің үлес салмағының басым екендігі анықталған. Етістік - келесі орында. Осымен байланысты етістіктің есім сөздерден -да/де, -ла/ле, -та/те жұрнақтары арқылы жасалған түрлерін оқушылардың тілінде қолданып жүрген есімдер арқылы жеңіл меңгертуге болады.

Келесі көсемше тақырыбын енгізуіміздің себебі, біріншіден, етістіктің көсемше көрсеткіштері арқылы жіктелу жүйесіне қатысы, екіншіден, шақтық мағынаның көрсеткіштері қызметін атқаруы, үшіншіден, күрделі етістік құрамындағы 1-компоненттің көсемше формасында тұруы. Оқу бағдарламасына енген күрделі етістік,

[1] Оралбаева Н. Қазақ тіліндегі етістіктің категориялары. (Тіркесімі, сөздегі орны). А., 1980, 3-б.
[2] Бұл да сонда, 5-б.

етістік, етістік, етістіктің шақтарын көсемшесіз түсіндіру мүмкін емес.

Сонымен бірге жіктелу - етістік сөз табына тән қасиет. Баяндауыш етістік немесе кейбір есім сөз болып келген сөйлем жіктік жалғауымен тиянақталатыны белгілі. Сондықтан етістіктің әр түрлі грамматикалық категорияларының, ерекше түрлерінің жіктелу үлгісін білу етістік сөз табын меңгерудің шешуші кезеңдерінің бірі болып табылады.

Жалпы, мектеп курсында етістік бойынша оқылатын грамматикалық тақырыптардың түгелі дерлік осы сыныпта қамтылған.

Етістік сөз таптарының ішіндегі күрделі де қиын тарау екенін жоғарыда айттық. Етістік - өзінің түрлену мен грамматикалық категорияларының көптігі жағынан да, синтаксистік қызметі жағынан да бай сөз табы. Осымен байланысты қазақ тіліндегі етістік сөйлем құрауда бүкіл синтаксистік конструкциялардың негізі болып табылады. Ал сөйлеу әрекеті сөйлем арқылы көрінеді.

Етістік сияқты күрделі категорияны оқушы ұғымына лайықтап меңгертудің және оны үнемі тіл дамыту мақсатында пайдаланудың өзіндік ерекшеліктері бар. Сабақты осыларды ескере отырып ұйымдастыру - оқыту процесіндегі маңызды мәселе.

Оқушылар етістік сөз табының лексика-грамматикалық сипатын ана тілінде бастауыш кластан біледі. Осымен байланысты қазақ тіліндегі етістікті түсіндіруде оқытудың ана тіліне сүйену принципін негізге ала отырып, қазақ тіліндегі етістіктің де заттың, құбылыстың қимылын білдіретінін, не істеді, не қылды, қайтті? деген сұрақтарға жауап беретінін білдірту қиын емес.

Оқушыларға қиындық келтіретін мәселелер - етістіктің лексикалық мағынасын түсінуі, басқа сөздерден ерекшелігін тани білуі, оның сөйлемдегі орны мен түрлену жүйесін ажырату. Бұл мәселелерді шешу сабақтың өту сапасына, ондағы қолданылатын әдіс-тәсіл, амалдар, жаттығу, тапсырмалар, көрнекілік, техникалық құралдардың жеткілікті, орынды пайдалануына байланысты.

Мұғалімнің міндеті - оқушылардың әр сабақта оның сөйлеу тіліне қажетті грамматикалық материалдарды игертуге, оны тілде қолдана білуге үйрету.

Етістікті оқыту барысында көзделетін басты мақсат - оқушылардың коммуникативтік, практикалық ауызекі тілін дамыту. Осы тұрғыда құрылған жаттығу, тапсырмалар, көрнекілік, техникалық құралдар т.б. әр түрлі дидактикалық материал баланың практикалық тілін дамытуға бағытталған болуы шарт.

Оқушылардың өзге тілдің грамматикалық құрылысы мен лексикалық құрамын игеруі оқулықтағы жаттығу, тапсырмалардың сапасына байланысты.

Осы тұрғыда оқулықтың екінші практикалық мәні - оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың негізі болу. Жаттығу, тапсырмалар арқылы оқушы алған білімін бекітеді, оны тәжірибеде қолдана білуге машықтанады. Ғылыми әдістемелік әдебиеттерде жаттығуларды шартты түрде 3 топқа бөліп қарастыру жиі кездеседі. Бірінші топқа ережені тікелей бекітуге арналған жаттығулар жатады (сөздерді көшіру, астын сызу, теріп жазу). Екінші топқа алған білімін тәжірибеде қолдана алуға үйретуге бағытталған жаттығулар кіреді, олар кейде жартылай творчестволық жаттығу деп те аталады (көп нүкте орнына жалғау, жұрнақтарды, қажет сөздерді қою, жақшаны ашып, қажет формада басқа сөздермен байланыстыру, тіркестіру т.б.). Үшінші тобын оқушылардың өз бетінше орындайтын творчестволық тапсырмалар құрайды (сөйлем, текст құрау, суретпен жұмыс, мазмұндама, шығарма т.б.).

Осы ретте 7 сынып оқулығында жаттығулардың алғашқы түрі басым. Мұны тілдік жаттығулар деп атауға болады. Бұл жөнінде Е.И.Пассов: "Языковые упражнения - абсолютно лишены ситуативной отнесенности: перед говорящим стоит не речевая, а языковая, формальная задача. Они не экономичны во времени"[1] - деген еді. Бұдан біз тек тілдік жаттығулардың басым болуы өзге тілді үйренудің практикалық принципінің бұзылуына, соның салдарынан баланың сөйлеу тілінің дамуына мүмкіндік жасай алмайтындығына көзімізді жеткіземіз.

Оқулықтағы жаттығулар оқушылардың алған білімін үнемі қайталап отыратын, тәжірибеде жиі кездесетін тілдік конструкциялардың автоматтандырылған дағдылар дәрежесінде меңгеруін қамтамасыз ету керек.

Осы тұрғыда төмендегі жұмыстарды жүргізуге болады:

1. Фонетикалық тілдік жаттығулар.

Мұндай жаттығулар қазақ тіліндегі етістік сөздердің анық, айқын орфоэпиялық нормамен айтылуын, сауатты жазылуын, қосымшалардың етістікке жалғану тәртібін, төл дыбыстардың жазылу емлесін игеруге көмектеседі. Жаттығу үлгілері:

1. Етістікке қосымшалардың қажет вариантын жалғандар.

асық (ды/ты), тек (ті/ты), өзгер (еді/ады), кездес (ты/ті),

жоспарла (ймыз/мыз), үлгер (міз/еміз), тазала (дық/дік).

2. Көп нүкте орнына қажет дыбыстарды қойып, етістікті жасандар.

...алу, ...шу, б...зу, то...тау, к...ру, шы...у, ...мыту, піс...ру, т...леу.

3. Жақша ішіндегі сұрақтар бойынша көп нүкте орнын толтырындар.

---

[1] Пассов Е.И. Основы методики обучения иностранным языкам. М., "Русский язык". 1977. С.59-60.

шыда.../не істеді?/, кел.../не істеді?/, жазып.../не істеп?/, ұйықта.../не істейді?/, күтіп.../не істеп тұр?/.

4. Жаңылтпаштарды оқып, жатқа айтыңдар.

Бұл қар - сұр қар,
Сұр қар - кір қар.
Үстіне аунама,
Үстіңді былғар.

Ұры ит келсе,
Сұр ит үреді.
Сұр ит келсе,
Ұры ит үреді.

5. Өлеңді оқып, етістікке қосымшалардың жағану тәртібін түсіндіріңдер.

Көгершіндер
(М.Мақатаев, үзінді)

Жем шашамын төсіме, шық басыма, көгершіндер!
Шошымай үйіме кір, өлерсіңдер.
Асықпаңдар, жаз келсін, көгерсін жер,
Жаз келсін, ар жағын көрерсіңдер,
Көрерсіңдер, көрерсіңдер!

II. Лексикалық жаттығулар

Қазақ тілін үйренудің негізгі шарттарының бірі - оқытудың кезеңіне лайықталған сөздік қорды игеруі. Оқушылардың сөздік қорын молайту мақсатында олардың ойлау қабілетінің атқаратын ролі зор. Жаңа сөз жеке түрде бейнеленіп, көрініс таппайды, ол алдыңғы білімнің мида уақытша шартты байланыстырдың орнауы негізінде жүзеге асады. Сондықтан жаңа сөзді үйрету оқушының білетін сөздерімен салыстырла, сөз тіркесі, сөйлем ішінде контексте келуі, ана тіліне аударылуы, антоним, синонимдерін табу арқылы жүзеге асады. Түсіндірілген жаңа сөзді оқушылардың белсенді сөздік қорына айналдыру мақсатында жүргізілетін жұмыстың түрлері мынадай:

1. Етістіктерді мағынасына қарай "Асханада", "Сабақта" деген тақырыпқа бөліп жазыңдар. Тақтаны сүрту, тою, жазу, жеу, төлеу, оқу, пісіру, түсіндіру, қайнау, жуу, жоспарлау, тыңдау, ішу, сызу.

2. Мәтіндегі етістіктерді теріп жазып, антонимін табыңдар. "Күшігім неге өкпелейді?"

Мен Сағат досыма ертегі кітап беруім керек болды. Ал кеше үйіне қайтарда ол менің Ақтөс итімді теуіп кетіпті. Келесі күні кітап алуға келгенде, Ақтөс оған тап берді. Ештеңеге түсінбеген мен күшігімді қуып жібердім. Ақтөс маған бір апта жуымай қойды. Бір

күні атам: "Балам, күшігіңе ұрыспа", - деді. Мен өз қателігімді түсініп, күрке жағына барып: "Ақтөс, келе ғой, кешір мені", - деп шақырдым. Күркеден оның алдымен тұмсығы, сонан соң екі құлағы көрінді. Ақтөс екеуміз осылайша қайта татуластық.

("Қазақстан пионерінен").

3. Етістіктің синонимін табыңдар: сөйлеу, аяқтау, достасу, жақсы көру, жану.

4. Ертегі бойынша жұмыс. "Түлкі, тасбақа және кене" ертегісі оқылып, сөздік жұмысы жүргізіліп, түсіндірілген соң, ертегі желісіне құрылған суреттерге бір сөйлемнен құрау. (Суретші Ф.Камаловтың салған суреттері бойынша).

5. Сөздік ойынын жүргізу.

"Суретті лото" ойыны. Бұл ойынның түрі оқушылардың есінде жаңа сөздерді ұзақ уақытқа қалдыруға, оның мағыналарын жете түсінуге жағдай жасайды.

Тақтаға суретті карта ілінеді. Әрбір суреттің қасында төртбұрышты бос қатарлар орналасқан. Ойынның барысы: Мұғалім 3 қатардан 3 оқушыны шығарып, суретті көрсете отырып, сұрақ қояды. Оқушылардың қолында 5-5-тен етістік сөздер жазылған карточкалар болады. Сұрақ бойынша қажеттілерін таңдап, суретке лайық қасындағы қалталарға карточкаларды салады. 3 жауап та салынып болған соң, оқушылармен бірлесе отырып, талданады. Содан соң 2-кезекте басқа 3 оқушы шақырылады.

6. Контекст бойынша көп нүктенің орнына қажетті етістіктерді қойыңдар.

Мен таңертең сағат 7-де тұр... Ертеңгілік жаттығу ... Бетіқолымды..., тісімді щеткамен ..., сонан соң киімімді ..., шай ... Бүгін мен балық ...

7. Терме диктант жазу (магнитофон арқылы етістіктерді теріп жазу).

Диктант мазмұны

Қоңырау соғылды. Шу тынып, залда тыныштық орнады. Мұғалімдер оқу бөлмесінен шығып, сыныптарға тарап жатты. Сыныпқа директор мен жаңа мұғалім кірді. Оқушылар орындарынан тұрып, амандасты. Жаңа мұғалімді таныстырып директор шығып кетті. Сыныпта күбір басталды. Жақыпбек балалардың күбірді қоюын үнсіз тұрып күтті. (М.Иманжанов).

Сөйлем құрау әр сабақтың кез келген буынында қолданылады. Бұл оқушылардың сөйлеу дағдыларын жетілдіреді, оқушы біліміндегі кемшіліктерді анықтауға көмектеседі.

Сонымен бірге етістікті оқытуда қиын мәселелердің бірі - сөз тіркесімен жұмыс. Сөз тіркесі - тілдің негізгі синтаксистік единицаларының бірі. Оқушы ұғымы үшін бұл синтаксистік категория ауыр. Олар көбіне қатені сөз тіркестіруде жібереді. Ал сөз тіркесін құра білу, оны өз бетінше қолдану - оқушының сөйлеу тілін, тілдік интуициясын дамытады. Осы тұрғыда Г.А.Мейрамовтың қазақ мектебінде орыс тіліндегі етістікті меңгеру әдістемесі туралы жазған еңбегін қазақ тіліндегі материалмен салыстыра оқытуда маңызы зор.[1]

Бұл бағытта төмендегідей жаттығулар болады:

1. Етістіктермен сөйлем құрандар.

Көгеру, қорқу, ұялау, еріну, сену, достасу.

2. Сөз тіркесін жасаңдар.

- Үлгі: баламен кездесу.

Кездесу, асығу, аяу, кешіру, достасу.

Қажет сөздер: қатесін, мысықты, Нұрланмен, баланы.

3. Зат есімді табыс және жатыс септігінде қойыңдар.

Сен	кітапхана ...	болдың ба?
Біз	ит ...	далаға шығардық.
Марат	ағаштар ...	суғарды.
Әжем мен інім	Наурыз мерекесі ...	болды.

Болымсыз етістікті оқыту

Қазақ тілінде болымсыздық мән синтетикалық және аналитикалық тәсіл арқылы жасалады..

7 сынып көлемінде есімшені оқыту қамтылмағандықтан, болымсыздықтың синтетикалық жолы ғана үйретіледі.

Әрине, мәтіндерде немесе басқа да оқу материалдардың мазмұнында есімше тұлғалары кездесіп қалғанда ішінара айтып кетуге болады, бірақ оған арнайы тоқтап, оның жіктелуі үлгісін үйретіп, грамматикалық материалды күрделендірудің қажеті жоқ деп ойлаймыз.

Орыс мектебінде болымсыз етістік пен оған байланысты материалды игерту аса қиындық келтірмейді. Мұнда екі тілдегі ерекшелік айтылып, салысытырла түсіндіріледі, яғни қазақ тілінде болымсыз етістік түбірден -ма/ме, -ба/бе, -па/пе жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалатынын айту қажет. Ал орыс тілінде болымсыз мағына *не* частицасы арқылы беріледі. Ол түбірден бөлек жазылады. Болымсыз етістіктің жұрнақтары етістік түбіріне тікелей жалғанады. Тақырыпты түсіндіруде төмендегі кестені пайдалануға болады:

---

[1] Мейрамов Г.А. Система обучения русскому грамматическому управлению учащихся казахов. А., 1968.

Мысалдар:	*Етістіктің мағынасы*
1. Атаңның баласы болма, Адамның баласы бол.	болымсыз, болымды
2. Алтыннан қымбат сөз айтсаң, Ақымақ құлақ салмайды.	болымды, болымсыз
3. Құмырсқаның илеуін көрсендер, Бұзбай, қорғай жүріндер.	болымды, болымсыз
4. Балалар орманнан үйге қайтуға асықпады.	болымсыз

Қорытынды:

Болымсыздық мағына етістікке -ма/ме, -ба/бе, -па/пе жұрнақтарының тіркесуі арқылы жасалады.

Бұл материалды игерумен байланысты қиындық келтіретін мәселелердің бірі - қосымшалардың дыбыс үндестігі бойынша жалғану тәртібі. Сондықтан үнемі мына кестені пайдалану оқушылардың жұрнақты дұрыс жалғай білу дағдыларының қалыптасуына көмегін тигізеді:

Сөз дауысты немесе л, р, й, у дыбыстарына аяқталса:	-ма/ме: сана-ма жу-ма
сөз м, н, ң, з дыбыстарына аяқталса:	-ба/бе: түсін-бе сыз-ба
сөз к, қ, т, с, ш дыбыстарына аяқталса:	-па/пе: қайт-па асық-па

Болымсыз етістікті игертуде төмендегі жаттығуларды орындатуға болады:

1. Болымсыз етістіктерді табыңдар.

Күн көзін бұлт баспасын!
Енді соғыс болмасын!
Қабаққа қайғы қонбасын.
Күрсіне қалып аналар
Күлкісін тыйып балалар
Күн көзін бұлт шалмасын.
(Ө. Тұрманжанов).

2. Мәтінді оқып, көп нүкте орнына болымсыз етістік жұрнақтарын қойыңдар.

1. Салқын суға ... 2. Үлкенмен сәлемдесуді ұмыт... 3. Ата-ананды ренжіт... 4. Партаға сыз... 5. Қарт тұрғанда, сен отыр... 6. Сабаққа кешік... 7. Есікті қатты жап ...

3. Болымсыз етістіктермен сөйлем құрандар: ұмытпау, асықпау, жүзбеу, жыламау, лақтырмау, қорықпау.

4. Етістіктерді аударыңдар: не кричать, не танцевать, не обижать, не писать, не ждать, не ломать.

5. Жұмбақтарды шешіп, болымсыз етістіктерді табыңдар:

Кіруге адам батпайды,
Затыңды аман сақтайды.
(Құлып).

Төрт аяқты, басса да жүре алмайды,
Өздігінен еш нәрсе біле алмайды.
Жайылған дүниеге бір ғажайып
Тік көтеріп отырар адамдарды.
(Орындық).

6. Болымсыз етістіктерді өткен шақта жіктеңдер.

Ренжімеу, лақтырмау.

7. Сұраққа жауап бере отырып, болымсыздық мағнаны білдіретін етістіктерді қолданыңдар.

1. Марат, бүгін сен кітапханаға барасың ба?
2. .....
1. Сен тауға шыққанды жақсы көресің бе?
2. .....
1. Саған суда жүзу ұнай ма?
2. .....

Туынды етістікті оқыту

Етістікті оқытудың күрделі мәселелерінің бірі - етістіктің сөзжасам жүйесі. Мектеп бағдарламасында, кейінгі оқулықтарда етістіктің бұл жүйесі қарастырылмаған. Бұл мәселе әдістемелік жағынан тіл үйретуде етістікті неғұрлым жетік түсінуге көмектеседі.

Етістіктің жасалуының синтетикалық және аналитикалық, семантикалық тәсілдері бар. Соның бірі синтетикалық тәсілі түбір етістікке сөз тудырушы жұрнақ жалғану арқылы жасалады.

Оның 2 түрі бар:

1) Есім негізді туынды етістік
2) Етістік негізді туынды етістік

1. Есім негізді туынды етістік жасайтын ең өнімді жұрнақтардың сөз жасаудағы ауқымын мына кестеден көруге болады:

Жұрнақтар	-ла/ле...	-лас, -лес	-лан, -лен	-а/е	-ра/ре	-ар/ер/р	-сы/сі
Сөз таптары							
Зат есім	+	+	+	+	+	+	+
Сын есім	+	+	+	+	+	+	+
Сан есім	+						
Есімдік	+						
Одағай	+						
Еліктеуіш	+			+			+
Үстеу	+						

2. Етістік сөздерден етістік тудыратын жұрнақтар.

Етістік түбірден етістік тудыратын деп көрсетілетін жұрнақтар етістікке байланысты монографиялық зерттеулер мен арнайы оқулықтарда, грамматикаларда осылай бөлініп көрсетіліп келгендіктен де, біз қалыптасқан бұл дәстүрді бұзбай, сол ізбен беруді жөн көрдік. Осы мәніне қаншалықты сай келеді деген мәселеге де назар аудару керек сияқты. Өйткені етістік түбірден (негізден) етістік тудырады деп жүрген жұрнақтардың қатарына ең алдымен етіс жұрнақтары енгізілген. Сөз жоқ, етіс жұрнақтары жалғанған етістіктердің біраз тобы туынды сөз деп танылып, сөздіктерге де жеке сөз ретінде еніп жүр. Бірақ бұл жерде принципті бір мәселе бар. Ол етістіктердің етіс категориясының статусы жайында. Етіс жұрнақтарын етіс категориясын тудыратын тұлғалар деп танитын болсақ, ол ешбір даусыз, өйткені қазақ тілі грамматикаларының барлығында дә, етістікке байланысты зерттеулерде де етіс категориясы етіс жұрнақтары арқылы жасалады деп ашық көрсетіледі, ол (етіс жұрнақтары) етістіктің парадигмалық түрлену жүйесінің бір түрі болып табылады да, етістіктің грамматикалық (лексика-семантикалық немесе сөзжасамдық емес) сипатын танытатын бір формалық көрсеткіші болып табылады. Сөйтіп, ол (етіс тұлғалары) негізінен алғанда, жаңа сөз жасау сипатын емес, етістіктің грамматикалық немесе лексика-грамматикалық сипатын (қимылдың субъекті мен объект арасындағы әр түрлі қатынасын) білдіретін тұлға, демек, етістіктің лексика-грамматикалық категориясы деп анықталып жүр.[1] Олай болса, жаңа сөз жасау етіс қосымшаларының басты, негізгі сипаты емес. Ал етіс тұлғалары сөздердің жеке сөз ретінде танылуы - басқа мәселе. Айталық, көлемдік септік тұлғаларында қолданылатын біраз зат есімдер қазір үстеу деп танылады: тек-ке, түн-де, шал-қасы-нан, ал-да т.б. Бұған қарап септік жалғаулары сөзжасам қосымшалары деп танылмайды. Әрине, бұл сияқты қосымшалардың осындай

[1] Исаев С.М. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. А., 1992, 138-б.

ерекшеліктері мен табиғатын арнайы зерттеулер арқылы танып, ашу қажет.

Ал етістік түбірден етістік жасайды деп жүрген қосымшалардың қалған тобында да мына ерекшеліктерді байқаймыз: 1) -ла/ле, -да/де дегенінен басқасы күрделі қосымшалар, олардың алғашқы бөлшегі етістіктен есім тудырады: -қы/кі, -ғы/гі, -ла/ле, -ма/ме, -ба/бе, -па/пе, -ла/-ле, -ғыш/гіш, -қыш/кіш, -та/те, ыңқы/іңкі, -ра/ре т.б. Сонда осының өзінен көрінетіндей, бұл жерде етістік түбірден әуелі есім сөз жасалып, одан барып етістік туған, яғни етістік тікелей етістік түбірден емес, түбір арқылы жасалған.

2) Сөзжасам қосымшалары жаңа мағыналы сөз тудырады, ал бұл жердегі қосымшалар семантикасы өзгеше жаңа мәндегі етістік емес, негізінен, алғашқы түбір білдіретін қимыл мағынасының дүркінділігін көрсетеді. Мысалы, сабала деген етістік саба деген мананың дүркінділігін ғана білдіреді. Сондықтан болса керек, бір кезде бұндай қосымшаларды кейбір ғалымдар етістіктің сыпат, я көрініс (вид) категориясын тудыратын қосымшасы деп айқындаған.

Әрине, бұл мәселелер - әлі де болса зерттеуді қажет ететін дүниелер.

Оқыту процесінде етістіктің жасалуының морфологиялық тәсілінің ішіндегі тілде ең жиі қолданылатын түрін анықтап үйрету тиімді. Осы тұрғыда етістік жасаушы жұрнақ ішіндегі ең өнімді түрлері -ла/ле, -да/де, -та/те, етіс жұрнақтары, соның ішінде ырықсыз етіс жұрнақтары. Оқытуда оқушылардың бұл жұрнақтардың сыртқы тұлғасымен қоса оның ішкі мазмұнын ұғыну - етістік құрамын түсінуде шешуші кезең болып табылады.

Оқушыларға қазақ тіліндегі туынды етістіктерді меңгертуде иегрілуге тиісті сөздік минимумға кіретін етістіктердің ішінде ла/ле... формалары арқылы жасалған қимыл сөздеріне грамматикалық талдау жұмысын жүргізу тиімді.

Туынды етістік жасайтын жұрнақ қатарында қарастырылып жүрген ырықсыз етіс жұрнағы, сонымен бірге жалпы етіс категориясы мектеп курсының бағдарламасында берілмеген. Ол қиын категория есебінде оқу материалынан алынып тасталған. Дегенмен, тілде жиі қолданылуына байланысты ырықсыз етіс жұрнақтарының қызметін оқушылардың меңгеруі қажет.

Баяндаушы ырықсыз етіс жұрнағы арқылы жасалған етістік болған жағдайда сөйлемдегі қимылдың иесі айтылмайтындығын, яғни іс-әрекеттің өз бетінше істелген сияқты болатындығын меңгерумен бірге, оның орыс тілінде *-ся*, және есімше (краткое страдательное причастие) арқылы жасалатындығы түсіндіріледі. Сонымен бірге орыс тілінде *-ся* формалы етістік арқылы жасалған сөйлемде бастауыш адамнан басқа зат, нәрсе, заттық ұғымды білдіретін атау болған жағдайда ғана қазақ тіліндегі ырықсыз

етістікке сәйкес келетінін, ал бастауышы адам атаулары болған жағдайда өздік етіске сәйкес келетіндігі айтылады.

Қазақ тіліндегі ырықсыз етісті орыс тіліндегі "страдательный залогпен" салыстыра түсіндіріп, екі тілдегі мысалдарды салыстыру тиімді. Мәселен:

Есік ашылды - Дверь открылась.

Тамақ желінді - Обед съеден.

Алма жиналады - Яблоки собираются

немесе

Марат есікті ашты	- есік ашылды.
Сара тамақ жеді	- тамақ желінді.
Оқушылар алма жинайды	- алма жиналады.

Қазақ тілінен орыс тіліне аударту арқылы да игертуге болады.

Мысалы:.

1. Ақ сандығым ашылды,
Ішінен жібек шашылды.
(Күн көзі)

2. 1982 жылы 1 қарашада Марсқа тұңғыш ракета ұшырылды.

3. "Абай - ұлы ақын" атты кеште ақынның өлеңдері оқылып, әндері айтылды.

Көсемшені оқыту

Көсемше жіктеліп немесе күрделі етістіктің алғашқы сыңары болып келіп, қимыл, іс-әрекетті білдіріп, баяндауыш қызметін атқарады және іс-әрекеттің себебін, амалын, мезгілін білдіріп, пысықтауыш болады. Қазақ тілінде көсемше мағынасы мен сыртқы тұлғасына қарай үш түрлі болады:

1) өткен шақ көсемше (-п, -ып, -іп);

2) келер шақ көсемше (-а, -е, -а);

3) мақсатты көсемше (-ғалы, -гелі, -қалы, -келі).

Көсемше сөйлемде екі түрлі қызмет атқарады. Атап айтқанда, біріншіден, жеке тұрып жіктеліп және күрделі етістіктің 1-сыңары ретінде қимылдың өзін білдірсе, екіншіден, қимылдың сынын, амалын анықтайтын үстеу қызметінде қолданылады. Көсемшені оқыту арқылы етістіктің шақтық мәнін және күрделі етістік құрамындағы етістіктің тіркесу ерекшеліктерін жете түсіндіруге болады.

Көсемшенің -а, -е, -й жұрнақтары - шақтық мағынаны білдіруде ең тұрақсыз көрсеткіштер. Бұл жөнінде қазақ тіліндегі шақ категориясын зерттеген Т.Р.Қордабаев былай дейді: "Ауыспалы шақтық көсемшелер контекстіде осы шақ мағынасында да, келер

шақ мағынасында да, өткен шақ мағынасында да, тіпті аорит мәнінде де қолданылады".[1]

Көсемшенің шақтық мәнді білдіруде қолданылатын бұл түрі - тілде сирек кездесетін құбылыс емес. Сондықтан етістіктің шақтарын оқытумен байланысты -а, -е, -й қосымшалы көсемшелердің шақтық мәнін контексте ажырата білуге үйретудің маңызы зор. Бұл ретте осы форма арқылы жасалған әр түрлі шақтық мағынадағы сөйлемдерді салыстыра түсіндірудің орны ерекше. Мәселен, келер шақты түсіндіруде тақтаға осы көрсеткіштер арқылы жасалған бірнеше сөйлемдер жазылады.

1. Бұлт батысқа қарай жылжып барады.
2. Көп кешікпей біз де қайтып ораламыз.
3. Партизандар эшалондарды қиратады, көпірлерді бұзады, қоймаларды өртейді. Сөйтіп фашистерге қатты соққы берді.
4. Мақтадан мата жасалады. Құс ұшады. Адам сөйлейді. Сағат жүреді т.б.

Келтірілген мысалдарға көсемшелі етістіктердің астын сыздырып, әр сөйлемдегі шақтық мағыналарының әртүрлілігін оқушыларға ұғындыру барысында бұл форманың сөйлемнің мағынасына қарай, бірде келер, бірде өткен шақтық мағына беретіндігіне көздерін жеткізу керек. Мәселен, алдыңғы сөйлемде етістік осы шақтық мағынаны білдірсе, 2-сөйлемде келер шақты, 3-сөйлемде өткен шақты, 4-сөйлемде нақты шақты білдірмей, үнемі болып тұратын, яғни заттың бойына сіңген дағдылы іс-әрекетін білдіріп тұр. Сондықтан көсемшенің бұл түрі арқылы жасалған баяндаушы бар сөйлемдегі іс-әрекеттің шағын констекст, сөйлем мағынасына қарай ажыратуға үйретудің маңызы зор екендігін мұғалім ескеруі қажет. Сонымен бірге көсемшенің -а, -е, -й және -ып, -іп, -п жұрнақтарының күрделі етістік құрамындағы сөздерді тіркестіруге қатынасатындығын оқытудың орны ерекше. Міне, осы қызметіне қарай А.Ысқақов: "Тіркесте ондай дәнекер болмаса, компоненттері бір-бірімен отаспай, ыдырап кетеді де, күрделі етістік біртұтас тұлғалық (единицалық) мағынадан да, функциядан да айырылып қалады"[2] - дейді.

Бұл ретте көмекші етістіктердің алдыңғы негізгі етістік қызметін атқарушы көсемшінің -ып/іп, -п және -а, -е, -й болып келуі оқушылар үшін қиындық келтіреді. Сондықтан жиі қолданылатын көмекші етістіктердің алдында көсемше формаларының қолданылу ерекшеліктеріне мына кестені қолдану арқылы бірті-бірте үйретуге болады.

Күрделі етістік құрамы	
1-компонент	2-компонент
... -ып, -іп/ -п	1) + отыр, жатыр, тұр, жүр Ескерту: бара жатыр, келе жатыр 2) + бол, кет, қой, шық, біт, кел 3) + ал 4) + бар
... -а, -е, -й	1) + ал 2) + баста

Көсемшінің шақтық мәнді білдіруге қатыссын меңгертумен байланысты әр түрлі дәрежедегі грамматикалық, тіл дамыту жаттығуларын жүргізуге болады. Грамматикалық ережені жеке мысалдар арқылы игеруден бастап, бірте-бірте орындалатын жұмыстың деңгейін күрделендіріп, көсемше формаларын оқушылардың өз бетінше ауызша, жазбаша тілде қолдануға мүмкіндік беретіндей жаттығуларды орындатуға болады:

1. Көп нүкте орнына көсемше жұрнақтарын қойыңдар.

Оқушылар мектептен үйлеріне кел... жатты. Жолда олар бір әжейдің құдықтан су ал... жатқанын көрді. Олар әжейге құдықтан су ал..., үйіне суын апар... берді. Әжей балаларға алғысын айтты.

2. Көсемшелермен сөйлем құраңдар.

Айта, тауып, тыңдап, тойлай, мақтап, баяндап, басқара, әндете, аулап, аудара.

Көсемше формаларын оқушылардың сөйлеу тілінде өз бетінше қолдана білуге дағдыландыру мақсатында көсемшелермен сөз тіркесін жасау, олармен сөйлем құрау, көп нүкте орнына қажетті көсемше тұлғалы етістіктерді қою, белгілі тақырыпқа сөйлесулер, (диалог) оқу, рольдік ойындар ұйымдастыруға болады. Мәселен, оқытудың практикалық-коммуникативтік принципінің негізінде оқушылардың сөйлеу тілі: дамытумен байланысты төмендегідей сөйлесулерді оқып, ондағы көсемшінің мағыналарын түсіндіріп беру тапсырылады:

Телефонмен сөйлесу

1-оқушы: Серік, сен қазір не істеп жатырсың?

2-оқушы: Мен қазір қызық кітап оқып жатырмын.

1-оқушы: Ертең жаңа көрмені көруге барасың ба?

2-оқушы: Жоқ, Серік, бара алмаймын. Себебі ертең ауылдан әжем келеді.

1-оқушы: Жарайды, кейін бірге барамыз. Сау болып тұр!

2-оқушы: Сау болып тұр!

Күрделі етістікті оқыту

Күрделі сөз мәселесі қазақ тіл білімінде 60-жылдар басынан сөз болып келеді. Соның бірі - қазақ тіліндегі күрделі етістік проблемасы бүгінгі күні арнайы зерттеліп, көп мәселелері шешімін тапты.

Бұл салада ірі зерттеу ретінде Н.Оралбаеваның[1] еңбектерін атауға болады. Мұнда көпке дейін күрделі етістікке жатқызылып келген тілдің түрлі құбылыстарының өзіндік белгілері көрсетіліп, айырмашылықтары айқындалады.

Күрделі етістік теориялық жағынан ғана күрделі қиын мәселе емес, оны оқыту, мәнін меңгертудің өзі жеңіл-желпі қарауға болмайтын проблемалардың бірі болып отырғаны да даусыз. Осымен байланысты оқытуда күрделі етістіктің құрамындағы компоненттерінің орнын, олардың лексикалық, грамматикалық мағыналарын, тіркесу ерекшелігін, контекстегі тұтас мағынасын түсіндірудің қажеттігі туындайды.

Оқушылардың бірнеше етістіктің немесе есім сөз бен етістіктің тіркесіп келіп, біртұтас мағына беретіндігін ұғыну барысында оның құрамындағы алғашқы сыңарының барлық жағдайда негізгі мағынасының басым болатынын түсінуі қажет. Күрделі етістікті жете түсінуде көмекші етістіктердің жеке тұрғандағы мағынасы мен контекстегі мағыналарын ажырата білудің маңызы зор. Бұл тұрғыда көмекші етістіктердің мәнді және мәнсіз деп аталатын түрлерін бір-бірінен ажырата түсіндірудің және жоғарыда айтып кеткендей, атқарып тұратын қызметіне қарай мағынасын түсіндірудің маңызы ерекше.

Қазақ тілінде көмекші етістік *мәнді, мәнсіз* болып екіге бөлінеді. Мәнсіз көмекші етістіктер: *е (екен, еді), ет, де, жазда.* Бұл көмекші етістіктердің жеке тұрғанда лексикалық мағынасы жоқ. Олар сөйлем ішінде күрделі етістік құрамында келіп, негізгі мағынаны білдіріп тұрған бірінші компонент етістікке немесе есім сөзге грамматикалық әр түрлі мағына үстейді. Мәселен; (екен, еді) өзі тіркескен сөзге өткен шақтық мағына береді. *Мысалы*: Күн батып, қараңғы түскен екен. Бұл келген Абай еді. (М.Ә.)

Ет көшкені етістігі есімдер мен еліктеу сөздерге тіркесіп, оған қимыл мағынасын үстейді. *Мысалы*: Еңбек *ет*сең ерінбей, тояды қарның тіленбей (Абай).

Де - сөйлеушінің бөгде адам сөзін, не ойын екінші біреуге айтқанда қолданылады. Мысалы: Динаны тоғыз жасында "домбырашы қыз" деп атады.

---

[1] Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форматтары. А., 1978.
Осы автор. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форматтарының құрылысы мен мағынасы. А., 1979.

Жазда - іс-әрекеттің бастамасымен-ақ үзіліп қалғанын, не аяқталмай, орындалмай қалғанын, білдіреді. Мысалы: жүгіріп бара жатып, құлай жаздады. Бұл етістік орыс тіліндегі "*чуть не*" тіркесіне сәйкес келеді. Ал мәнді көмекші етістіктерге бірде негізгі, бірде көмекші мағына білдіретін етістіктер жатады. Қазақ тілінде оның 30 шақты түрі бар. Олар: отыр, жүр, жатыр, тұр, ал, кел, кет, қой, көр, бар, жібер, жөнел, сал, түс, баста, қал, шық, қара, ет, біт, бол, бер, таста. Оқыту барысында осылардың ішінен жиі қолданылатынын іріктеп алып, олардың тіркестегі мағыналарын түсіндіру қажет. Ал олардың негізгі етістікке үстейтін мағыналарын төмендегідей мазмұндауға болады:

1) *Отыр, жатыр, тұр, жүр* көмекші етістіктері күрделі етістік құрамында осы шақты мағына береді. Қалып етістіктерін күрделі етістік құрамында негізгі етістіктерге тіркестіру қиындығы-оқу процесінде жиі кездесетін құбылыс. Бұл етістіктер негізгі етістіктерге тіркесіп қимылдың созылыңқылық дәрежесін көрсетеді. Мәселен: *тұр, отыр* көмекші етістіктері қысқа мерзімді болып жатқан қимылды білдіреді. Мысалы; кітап оқып отыр, өлең оқып отыр. *Отыр* етістігі көбіне өзінің лексикалық мағынасын жоғалтпаса, *тұр* кейде өзінің лексикалық мағынасыннан мүлдем айрылып қалады. Бұл көбіне табиғат құбылыстарына байланысты болып келеді. Мысалы: Күн жауып тұр. *Жүр* ұзағырақ мерзім ішінде үзіліспен болып тұратын, не болып жатқан қимылды білдіреді. Мысалы: оқып жүр, келіп жүр. *Жатыр* - ең көп қолданылатын, алдыңғы үшеуінің де орнына жүре беретін етістік.

Сонымен *жүр, жатыр* ұзаққа созылған қимылды білдірсе, *отыр, тұр* сөйлеушінің хабарлап, тұрған кезінде жасалып жатқан қимылды білдіреді. Оқушы ұзақ уақытқа созылған қимылды тұр, отыр етістіктерімен тіркестіруге болмайтынын меңгерту керек.

2) *Баста* көмекші етістігі негізгі етістікке тіркесіп қимылдың басталу мағынасын білдіреді. Оқыту барысында оның алдындағы негізгі етістіктің - *а* көссемшелі тұлғада тұруын қажет ететіндігі түсіндіріледі.

3) *Бар* негізгі етістікке тіркесіп іс-әрекеттің бірте-бірте өсуін немесе бәсеңдеуін және бағытын білдіреді. Мысалы: құстар қиқулап ұшып барады.

4) *Кет, бол, шық, біт, қой* - қимылдың аяқталғанын білдіреді. Мысалы: Арал теңізінің деңгейі 13 метрге дейін төмендеп кетті.

5) *Ал* етістігі *-а, -е, -й* формалы негізгі етістікке тіркесіп, іс-әрекеттің орындалу, орындалмау мүмкіндігін білдіреді. Мысалы: Пигвин ұша алмағанмен, суда жақсы жүзе алады. Көмекші етістіктердің жоғарыдағы әр түрлі мағыналары меңгерілген соң, олардың алдындағы негізгі етістікпен байланысу тәсілі үйретілуі керек. Күрделі етістік құрамындағы сыңарын байланыстыратын

қосымша -ып, -іп, -п, -а, -й. Өнімді қолданылатыны: -ып, -іп, Жиі қолданылатын көмекші етістіктердің алдында көсем формаларының қолданылу ерекшелігіне мына кестені қолдан босады.

Күрделі етістік құрамы	
...-ып, -іп, -п...	1. + отыр, жатыр, тұр, жүр... Ескерту: бара жатыр, келе жатыр. 2. + бол, кет, қой, кел, шық, біт... 3. + ал... 4. +бар...
... -а, -е, -й	1. + ал... 2. + баста...

Сыпат категориясы соңғы кезде жарық көре бастаған еңбектерде ғана айтылып жүр. Түркологияда сыпат категориясын зерттеп, оның түркі тілдерінде бар құбылыс екенін дәлелдеген академик А.Н.Кононов болды.[1] Бұл еңбек жарық көргеннен кейін қазақ тілінде сыпат категориясы жөнінде пікірталас көп болды. 1956 жылы көрініс категориясына арналған кеңесте түркі тілдерінде көрініс категориясының жоқ екендігі анықталды. Қимылдың өту сипатының мағынасын көрсететін етістіктерге мұндай вид терминін тағу орыс тіліндегі вид категориясымен шатастыруға әкеліп соқты. А.Коновтың бұл жөнінде 2-еңбегінде[2] қимылдың өту сипаты категориясының жасау жолдары көрсетілген соң, бұл мәселенің басы ашыла бастады. Соңғы кезде бұл категорияның қазақ тілінде теориялық негізін түбегейлі көрсеткен еңбек - Н.Оралбаеваның "Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктердің аналитикалық форманттары".[3] Автор сыпат категориясының аналитикалық және синтетикалық жолдарын көрсете отырып, оны нақты тілдік мысалдармен дәлелдейді.

Қазақ тілін өзге тіл ретінде үйренушілер үшін бұл категория күрделі болғандықтан, оқыту процесінде оның аналитикалық тәсілін үйрету тиімді.

Оның -п ал, -п бол, -п кел, - қой, -п бара жат, - келе жат, -п отыр, -п жүр, -п тұр, -п бар, -п біт, -й жазба сияқты формаларын үйрету, олардың контекстегі атқаратын қызметін айқындап түсіндіру оқытуда ерекше орын алады. Күрделі етістік - қазақ тілінде жиі кездесетін құбылыс. Оның құрамындағы әрбір сөздің атқарып тұрған қызметін, мағынасын түсіндіру - мұғалім үшін күрделі. Бағдарлама бойынша берілген негізгі, көмекші етістік,

[1] Кононов А. Грамматика узбекского языка. Ташкент, 1948 г.
[2] Кононов А. Грамматика современного узбекского литературного языка. М-Л., 1960 г.
[3] Оралбаева Н.О. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктердің аналитикалық форманттары. А., 1975.

күрделі етістік - бір-бірімен тығыз байланысты тақырыптар. Сондықтан алдымен күрделі етістіктерді түсіндіріп, содан соң оның құрамындағы негізгі, көмекші етістіктерді қарастыруға болады.

Оқушы үшін күрделі етістікке байланысты әр түрлі тілдік құбылыстарды жеке ат беріп оқыту, меңгерту мүмкін емес. Сондықтан оқу материалдарында күрделі етістік деп қарастырылып, оның ішіне құрамды етістіктерді, аналитикалық формалы етістіктерді, тұрақты етістіктерді кіргізіп, олардың ортақ элементтері арқылы меңгерту тиімді.


Ортақ элементтеріне:

- бірнеше сөздердің тіркесіп келіп, мағына тұтастығын жасауы;
- құрамындағы 1-компоненттің негізгі мағына атқаратындығы (күрделі етістіктің аналитикалық форманттарға байланысты 2-компоненттің де дербес лексикалық мағына беретіндігін ескермегенде) жатады. Сабақ барысында мұғалім алдын ала даярлаған кестені ілініп, ондағы сөйлемдерді оқушылардың өздеріне оқытып, дара етістік бір сөз арқылы жасалатынын, күрделі етістік бірнеше сөздердің тіркесі арқылы жасалатынын, бұған орыс тіліндегі әр түрлі сөз жасаушы, сөз түрлендіруші приставкалардың сәйкес келетінін айта келіп, қорытынды шығарады.

Оқушылар күзде колхозшыларға көмектеседі. Сахара түйесі аптасына бір рет су ішеді. Машина көшені тазартады.	Оқушылар колхозшыларға көмектесіп жүр. Мысық ыдысқа құйылған сүтті ішіп кетті. Машина көшені тазартып кетті.
Қорытынды:	
1. Бір етістіктен тұрады. 2. Негізгі мағынаны білдіреді.	1. Бірнеше сөздерден тұрады. 2. 1-компоненті негізгі, 2-компоненті көмекші мағынаны білдіреді.

Тақырыпты түсіндірудің 1-сатысында "Ұшақ ұшты" жұмысын жүргізуге болады. Мұны ұшаққа байланысты әрекеттерді дара етістіктен күрделі етістікке айналдыру мақсатында пайдалануға болады. Магнит тақтада ұшақтың қиып алынған суреті былай орналасады. Кестедегі шартты белгілер: Х - ұшақ, П П - ұшақтың қозғалысы.

Магнит тақта



Алдымен ұшақтың бастапқы қалпына сөйлем құралады.

- Ұшақ тұр.

Мұғалім ұшақтың суретін алға қарай жылжыта отырып, сөйлем құратады.

- Ұшақ жылжып бара жатыр.

- Ендігі әрекет - ұшып бара жатуы. Мұғалім ұшақты жоғары көтеріп, ұшу қалпын көрсетеді. Құралған сөйлем:

- Ұшақ ұшып бара жатыр.

Ең соңында оның ұшып кеткен қалпын көрсетеді.

- Ұшақ ұшып кетті, деген сөйлем құралады.

Міне, осы сөйлемдер тақтаға жазылып, мағыналары түсіндіріледі. Мұндай бағыттағы жаттығулар күрделі етістік құрамындағы компоненттерінің мағынасын, олардың атқарып тұрған әр түрлі лексикалық, грамматикалық қызметін анықтай түсуге көмектеседі. Күрделі етістіктерді игерудің 2-сатысында мұның құрамындағы компоненттерді байланыстырушы қосымшаларды және құрамды етістіктердің жасалуын меңгерту көзделеді.

Күрделі етістіктің құрамындағы компоненттерін байланыстыруға қатысатын тілдегі қосымшалар - көсемшенің -ып, -іп, -п, -а, -е, -й, -ғалы, -гелі, -қалы, -келі жұрнақтары. Осылардың ішінде өнімді қызмет атқаратын қосымша -ып, -іп, -п, -а, -е, -й. Сондықтан күрделі етістік компоненттерінің де осы жиі кездесетін көмекше жұрнақтарын көрсету тиімді.

Тақтаға бірнеше мысалдар жазып, мұғалім күрделі етістік құрамына кіретін етістіктердің 1-компонентіндегі жұрнақтың орнына көп нүкте қойып, оны түсіндіру барысында оқушылардың өздеріне толтыртады. Мәселен, Әкем көп кітап ал... келді. Біз теле дидар қара...отырмыз. Келген қонақтың сырт киімін іл... қойды. Біз әжемізге көмектес... жатырмыз.

Осы сөйлемдерді оқи отырып, аудару барысында оқушылар етістіктің мағыналарының толық ашылмағандығын аңғарады. Мұғалім күрделі етістіктің сыңарларының бір-бірімен байланысуда -ып, -іп, -п жұрнақтарының атқаратын қызметінің ерекше роль атқаратындығына оқушылардың көздерін жеткізіп, олардың

өздеріне көп нүкте орнына жұрнақтарды қойғызып, мағыналарын түсіндіреді.

Күрделі етістікті түсіндіруде оның құрамды түрін игертудің орны ерекше. Құранды етістіктің 1-сыңары зат есім, еліктеуіш сөз, сирек те болса, сын есім, сан есім, есімдік, үстеу, модаль сөз болып келетіндігі жөнінде ғылыми еңбектерде көрсетілген.[1] Осының ішіндегі жиі кездесетін зат есім мен еліктеуіш сөздердің тіркесуі арқылы жасалған түрін оқыту оқушылардың сөйлеу тілін дамытуға себін тигізеді. Сонымен бірге 2-сыңарының негізінен ет, бол көмекші етістіктері болып келетінін оқушылар саналы түрде түсінуі қажет.

Осы ретте іс-қимыл ұғымын білдіруге бейім зат есімдер мен ет, бол көмекші етістіктерінің тіркесіп келуін үйрету қажет. Мәселен, ол сөздер: еңбек, әңгіме, сәлем, бұйрық, уәде, арман, адам кәсібінің атауына байланысты сөздер (мұғалім, дәрігер, жұмысшы, студент т.б.).

Ал еліктеуіш сөздердің ет сөзімен тіркеспейтіндері кемде-кем, сондықтан еліктеуіш сөздерге ет сөзі тіркесіп, оны қимылға айналдыратындығын оқушы түсінуі қажет. Осыған орай пайдаланылатын көрнекілік үлгісі:

1-сыңары	Көмекші етістік	Мысалдар
еңбек әңгіме уәде арман жарқ тарс мұғалім инженер студент жүргізуші	ет бол	еңбек ету уәде ету жарқ ету мұғалім болу студент болу жүргізуші болу

Оқыту барысында көмекші етістіктердің мағыналарын түсіндіруде мына кестені қолдануға болады:

Көмекші етістіктер	Мысалдар	Орыс тіліндегі мағынасы
ет	уәде ету жәрдем ету	обещать помогать
бол	сатушы болу	стать продавцом

[1] Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. "Ғылым" баспасы. А., 1989.

отыр жатыр	айтып отыр барып жүр	несов. вид. глагола наст.-собств. время
бол, кет қой, шық	айтып болу оқып шығу	сов. вид. глагола /законч. действие/
а, е, й + ал	бара алмау айта алмау	мочь, уметь етістігіне сәйкес келуі
баста	айта бастау	начать етістігімен тіркеседі
бару	айтып бару алып бару	қимылдың бағыттық мәнін білдіреді

Күрделі етістікті игерту мақсатымен байланысты төмендегідей жаттығуларды жүргізуге болады:

1. Мәтінді оқып, күрделі етістіктерді тауып жазыңдар.

Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш.

Әкесі он жасар баласымен келе жатып, одан сұрайды:

- Балам, анау өрмекшіні көрдің бе? Ол не істеп жүр?
- Иә, көрдім, әке. Ол өрмек тоқып жүр.
- Анау құмырсқаны көрдің бе?
- Көрдім, аузында тістеген бидайы бар, жүгіріп кетіп барады.
- Жоғары қарашы, көкте не көрінеді?
- Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр. Аузында тістеген шөбі бар.
- Олай болса, балам, өрмекші маса-шыбындарға тұзақ құрып жүр. Ұстап алған соң, өзіне азық етеді. Құмырсқа балаларына тамақ тасып жүр. Қарлығаш балапандарына ұя салу үшін шөп жинап жүр. Міне, көрдің бе, жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сен де босқа жүріп, уақытыңды бекерге жіберме. Еңбек етуге әдеттен. Еңбек етсең - емерсің, - деген. (Ы.Алтынсарин).

2-жаттығу. Күрделі етістік құрамындағы негізгі мағынаны білдіріп тұрған етістіктің астын сызыңдар.

Бір топ оқушы ән айтып тұр. Біз оларды тыңдап отырмыз. Оқушылар ән айтып болды. Әннен соң, бір топ қыз сахнаға билеп шықты. Аяқталған соң, біз қол шапалақтадық. Концерт бізге ұнады, үйге көңілді қайттық.

3. Көп нүкте орнына негізгі етістіктерді қойып, мағынасын түсіндіріңдер.

1. Көшеде ағаштар ... тұр. 2. Балалар мөлтекфильмді ... болды. 3. Наурыз мерекесі бізде жылда ... тұрады. 4. Көктемде қар тез ... кетеді де, күн ... бастайды. 5. Қияр көп суғарған сайын тез ... береді.

Қажет сөздер: өсе, еріп, жыли, өтіп, көріп.

4. Мәтінді оқып, бір бағанға дара, 2 бағанға күрделі етістіктерді теріп жазыңдар.

Арал тағдыры

Арал теңізі 20 жыл ішінде 640 текше километр суынан, көлемінің жартысынан астамынан айрылды. Теңіз деңгейі 13 метрге төмендеп кетті. Тақырға айналған 2,6 миллион гектар жерді құм басып, "Аралқұм" деген атқа ие болып отыр. Аралға миллиондаған тонна улы химикат жиналған. Ол егістіктерден сумен бірге теңізге құйылып отырған. Арал маңында 20 тұзды көлшік пайда болды. Қалада әр адамға тәулігіне бір бақыр судан ғана келеді.

5. Сөздерді өз орындарына қойып, сөйлем құраңдар.

Өленді	жау...	қалды.
Есікті	айт...	жатыр.
Қоңырау	өс...	болды.
Ағаш	шырылда...	қой.
Сабақ	аяқталып	Тұр.

Үлгі: Өленді айтып болды.

6. Құранды етістік жасаңдар.

Оқушы мұғалім болуды арман...

Балалар көмектесуге уәде...

Әжем колхозда ұзақ жылдар еңбек...

7. Көп нүкте орнына көмекші етістік қойыңдар.

Ол кір жуып...

Мұғалім сабақ түсіндіріп...

Інім сабақ оқып...

8. Күрделі етістіктерді аударыңдар.

Жуып болды, алып қойды, айтып кетті, оқып жатыр, жазып жүр, сызып отыр, оқи алады, жаза алады, оқып алады, біліп алады.

9. Мұғалімнің іс-әрекетін айтып отыру. Мұғалім стакандағы суды құюға дайындық жасап жатқанын, құйып жатқанын, құйып болғанын көрсете отырып, осыларға сөйлем құратады.

10. Көмекші етістіктердің қызметін түсіндіріңдер.

Көп ойласаң, дана боласың,
Көп ойнасаң, бала боласың.
Біреуге жақсылық етсең,
Ол жақсылығыңды міндет етпе.
(Ы.Алтынсарин).

Ел үшін еңбек ет,
Халық сүймек.

11. Күрделі етістіктерді табыңдар.

Дүниеде ұша алмайтын құстар да бар. Бұл - түйе құс пен пингвин. Түйеқұс Африка жерінде өмір сүреді. Қанаты қысқа әрі өте кішкентай болады. Пингвиндер Антарктидада тіршілік етеді. Пингвин жақсы жүзеді, тамаша сүңгиді. Су астында да еркін жүзеді.

12. Контекске сәйкес көп нүкте орнына қажетті етістіктерді қойыңдар, баяндауышты табыңдар.

Таңертең сағат 7-де Анар тұрып, ... Таңертеңгілік тамағын .... мектепке .... Қазақ тілі сабағында мұғалім одан үй тапсырмасын .... Анар жақсы жауап .... Мұғалім "5" деген баға .... Ол бүгін үйіне көңілді ....

13. "Жыл мезгілдері" диафильмі бойынша (құрастырған Адамбаева Ж.) көктемге арналған бірнеше диакадрлар көрсетіліп, сұрақтар бойынша сөйлем құралады.

1-дикадр бойынша: - Көктем келгенін неден білдіңдер?

2-диакадр: - Оқушылар не істеп жатыр?

3-диакадр: - Қандай мерекеге даярлық жүріп жатыр?

4-диакадр - Сендерге қай мезгіл ұнайды? Не себепті?

14. Таспа жазуын тыңдатып, терме диктант жазу.

Қарға мен түлкі

Бір күні қарға ірімшік тауып алады. Оны түлкі көріп қалып, қарғаны мақтайды. Қарға мақтанып, бар дауысымен қарқ етеді.оның аузындағы ірімшік жерге түседі. Сөйтіп, түлкі қарғаның ірімшігін алдап алады.

15. "Түлкі мен қарғалар" суретіне әңгіме құраңдар.

жақындайды, ұшып кетеді, өледі, келіп қонады, ұстап алады етістіктерін қолданыңдар.

16. Етістіктерді аударыңдар:

писал	переписал
написал	переписывать
ехал	кричать
выехал	закричать
уехал	читал
	прочитал.

17. Етістіктерді аяқталған сыпат етістіктеріне айналдырыңдар.

Үлгі:

жазып жатыр	жазып болды
келе бастады	...
айтып тұр	...
оқып жүр	...
жөндеп отыр	...

шай қайнады	...
қайталайды	...
пісіріп жатыр	...
орындап отыр	...
сөйлей бастады	...

18. Күрделі етістіктерді тауып, құрамын түсіндіріңдер.

Күйші Дина

Дина Нұрпейісова 1861 жылы Батыс Қазақстан облысының Жаңақала ауданында дүниеге келді. Оны 9 жасында "домбырашы қыз" деп атады. Әйгілі Құрманғазы күйші Динаны іздеп келіп, батасын берген.

1937 жылы 75 жасында Дина Алматыда өткен байқауда бірінші орынға ие болады. Оның мынадай күйлері бар: "Бұлбұл", "Жеңіс", "Қосалқа", "Тойбастар" т.б.

19. Ситуациялық сөйлеу (диалог) құраңдар.

а) Азық-түлік дүкеніне қант, шай алуға келдің? Қалай сұрайсың?

ә) Қарт кісі сенен сағат қанша екенін сұрады. Сағат 5 жарымды көрсетіп тұрды, қалай айтар едің?

20. Ойын: "Домино". 2 оқушы ортаға шақырылып, күрделі етістіктер жазылған "фишка-карточкалар" беріледі. Екеуі кезекпен күрделі тіркестерді қойып отыруы қажет. Мәселен, ойнап жүр деген карточканы қойса, 2-оқушы жүріп келеді тіркесін тіркеу керек. Осылайша ойын жалғаса береді. Қателескен оқушы ойыннан шығады.

Етістіктің шақтарын оқыту

Етістіктің грамматикалық категориясының бірі - шақ категориясы.

Тіл - тілдерде шақтың үш түрі бар: өткен шақ, осы шақ, келер шақ.

Шақ категориясының оқушы ұғымы үшін қиын болуы, біріншіден, жалпы уақыт категориясының неғұрлым дерексіз ұғымды білдіретіндігінде екіншіден, көрсеткіштердің жіктік жалғауына ұқсастығында, үшіншіден, кейбір шақтық көрсеткіштердің контекске байланысты зерттеу объектілеріміздің бірі болып отырған оқулықта етістіктің шақтық мәндері және оның тілде берілу жолдарының үлгісінің берілмеуі - оқу құралының басты кемшілігі.

Бұл тұрғыда сөйлеу тілде жиі қолданылатын өткен шақтың -ды/ді, -ты/ті жұрнақтарын, осы шақтың қалып етістіктері арқылы

жасалу жолын, келер шақтың -а, -е, -й жұрнақтарын үйрету және осылардың болымсыздық мәндерінің берілу тәсілін, жіктелу үлгісін оқыту маңызды мәселе.

Алғашқы сабақта оқушылар төменгі кластарда өткен етістік шақтары бойынша мұғалім даярлаған сұрақтарына жауап беріп, қайталайды.

Сабақ барысында етістіктерді қайталауда ең алдымен шақтарға шолу жасаудан бастаған дұрыс. Осы тұрғыда төмендегі грамматикалық кесте қолданылады:

Етістік шақтары	Жасалу жолдары	Мысалдар
Өткен шақ	-ды/ді, -ты/ті	Мектепте болдық
Осы шақ	отыр, жатыр, тұр, жүр	Мектепке бара жатырмыз
Келер шақ	-а, -е, -й	Мектепке бүгін барамыз

Шақтарды оқыту шақты қайталаудан басталады.

Мұғалім өткен шақтың -ды/ді, -ты/ті жұрнақтары арқылы жасалатынын түсіндіреді. Өткен шақты оқытуда кездесетін қиындықтардың бірі - оның жұрнақтарының жіктік жалғауының III жағы мен зат есімнің табыс септігінде тұрған сөздермен шатастыру. Осындай ұқсас тұлғаларды бір-бірінен ажыратуға үйретуде етістік пен зат есімді сөз құрамына талдау тиімді. Мысалы, тарады, барады, дәптерді, қаламды, қайтты, үреді, келді сөздерін тақтаға жазып, олардың түбірі мен қосымшаларын тапқызады:

тарады - тара-ды - өткен шақ жұрнағы

жүреді - жүр-е-ді - жіктік жалғауының III жағы

қайтты - қайт-ты - өткен шақ жұрнағы

кітапты кітап-ты - табыс септігінің жалғауы немесе мына кестемен жұмыс жасатуға болады:

Қосымша	Өткен шақ	Жіктік жалғау	Табыс септігі
-ды/ді -ты/ті	бар-ды кет-ті	бар-а-ды кет-е-ді	қалам-ды кітап-ты
есіңе сақта:	етістікке тікелей жалғанады	-а, -е, -й жұрнақтарынан соң жалғанады	зат есімдерге жалғанады

Өткен шақтың жіктелу үлгісін мына кесте арқылы түсіндіруге болады:

жақтары	1	2	3
жекеше	барды-м	барды-ң барды-ңыз	барды
көпше	барды-қ	барды-ңдар барды-ңыздар	

Өткен шақ орыс тілінде бір ғана көрсеткіш - л жұрнағы арқылы жасалып, оның жағы жіктеу есімдігі арқылы анықталады.

Өткен шақтық мағына күрделі етістік арқылы берілсе, -ды/ді, -ты/ті жұрнақтары көмекші етістікке тіркеседі. Мұндай жағдайда қалып етістіктерінің күрделі етістік құрамындағы көмекшілік қызметі осы шақтық емес, өткен шақтық мағынаны білдіретіні айтылады.

Өткен шақ мағыналарының келер шақ жұрнақтары арқылы берілуі - тілде жиі кездесетін құбылыс. Мысалы: 1) Ол өткен жылы институт бітірді де, жолдамамен Қарағандыға келді. 2) Ертең жұмысын бітіреді де, бізге келеді. 3) Күйші Дина Батыс Қазақстан өңірінде дүниеге келді. Оны 9 жасында домбырашы қыз" деп атайды. 4) Гүлжан оқу жылын аяқтап қалды. Ол жазда атасы мен әжесіне барады, оларды қуантады.

Алғашқы екі мысалдағы өткен шақтық және келер шақтық мағына мезгіл үстеулері арқылы ажыратылса, соңғы екі мысалдағы шақтық мағыналар контекст арқылы анықталып тұр. Осы тұрғыда көсемшенің -а, -е, -й жұрнақтары арқылы жасалған өткен шақ пен келер шақ мағыналарын адыратуда, біріншіден, мезгіл үстеулеріне, екіншіден, контекст мағынасына сүйену керектігін оқушылар білуі керек.

Өткен шақтың жасалу жолдарын меңгертуде төмендегідей сияқты жаттығуларды жүргізуге болады:

1. Өткен шақ етістіктерін табындар:

Сен құрметте оны

Сен құрметте оны,
Түсіндің бе, қарағым?!
Ол ақшаға сатқан жоқ
Тізеден кесіп аяғын.
Еріккеннен ұстап та жүрген жоқ
Қолтықтағы ұзын таяғын.
Кеше елге қатер төнгенде,
Ол жауға қарсы шапты,

Бізді жалмамақ болған ажалды
Өр кеудесімен қақты.
Ол арыстанша алысып,
Өлім соққысын өз үлесіне алды.
Денесін оқ пәршелесе де,
Ел намысын қорғап қалды.
Сен құрметте оны,
Түсіндің бе, қарағым,
Сенің келешегің үшін берді ол
Азаттық жолда аяғын.

Ә.Сәрсенбаев

2. -ды/ді, -ты-ті қосымшалары бар сөздерді төмендегі бағандарға бөліп жаз.

өткен шақ	жіктік жалғау	зат есім табыс септігі

Ақ лақ маңырап,
Анасын іздейді.
Әсем таңырқап:
"Тиді екен кім?" - дейді.
Көріп еді уатып,
Ақ лақ көнбеді.
Сипады жұбатып,
Одан да іс көнбеді.
- Кім сені жылатты?
Кім? - деді, сұрады.
Аяды ол лақты
Қосылып жылады.

3. Өткен шақ етістіктерінің жасалу жолын түсіндіріңдер.

Қазақты әлем таныған күн

Он алтыншы желтоқсан. Бұл күні Қазақстан Жоғарғы Кеңесі өзінің тәуелсіздігі туралы Заң қабылдады. 10 миллион қазақтың Отаны оянып, терезесі тең мемлекет болып танылды.

Бұл жаңалық дүние жүзіне тез тарады. Тәуелсіз мемлекет ретінде Түркия бас болып, іле Канада, Бразилия, Үндістан, Швеция, Египет, Куба, АҚШ, Швейцария таныды.

4. Жұмбақтарды шешіңдер.

Көреді бәрін өзгенің,
Көрмейді бірақ өздерін.
(Көз)

Судан шығып келеді,
Суға салса өледі.
(Тұз)

Қолы жоқ, сурет салады,
Тісі жоқ, тістеп алады.
(Аяз)

Сонымен бірге коммуникативті жаттығулар орындау оқушылардың сөйлеу тілін дамытады. Олар: инсценировка - қойылымдар, сөйлесулер (диалог), суретке мәтін құрау.

Жаттығу үлгілері:

1. Монолог мәтін беріліп, диалогқа айналдыру тапсырылады.

Оқушылар демалыс лагеріне келеді. Бір күні олар орманға барады. Жетекші орманда адасып кету қаупі барын айтқан еді. Сондықтан ол бір-бірін бақылап жүруді ескерткен. Бір оқушы жаңбыр жауғанда не істеу керек екендігін сұрады. Жетекші ондай жағдайда төмен өскен ағаштың түбіне тығылып отыру керектігін айтты.

2. Етістіктердің шағын ажыратыңдар.

1. Былтыр еліміз өзінің ұлы ақыны Мұқағали Мақатаевтың 60 жасқа толу тойын тойлады. 2. Кеште Абайдың "Көзімнің қарасы", "Айттым сәлем, Қаламқас" әндері айтылады, өлеңдері оқылады. Біз Абай туралы көп нәрсе біліп қайттық. 3.Пеш ішінде шоқ ақырын сөнеді, сөнген шоқты үріп бала күледі. (М.Жұмабаев). 4. Міне, XXI ғасыр да келді. 5. Ертең біраз қойшы жайлауға көшеді.

3. Хабарлау, аяқтау сөздерін жіктеп, сөйлем құрандар.

Келер шақты оқыту

Оқушылар үшін келер шақты жұрнақтары арқылы ажырату қиын болмағанымен, оның контекстегі мағыналарын бір-бірімен шатастыру жиі кездеседі. Сондықтан бұл форманы әр шақтың мағынасын білдіріп тұрғанын контексте келтіріп, мағыналарын сөйлемді, мәтінді оқып салыстыру арқылы ажыратуға болатындығына аса назар аудару қажет. Мәселен, -а, -е, -й жұрнақтары арқылы жасалған үш шақтық мәнде қолданылған сөйлемдерді бір-бірімен салыстырып игертуге болады.

Осы шақ	Өткен шақ	Келер шақ
Осы кезде бір топ оқушы сыныпқа кіреді	Үйге қарт адам кіреді	Ол бұл кабинетке ертең кіреді
Бұл жерде жеміс ағаштары өседі	Бұл жерде көптен алма ағаштары өседі	Ағашты күтсең тез, жақсы өседі

Келер шақтың жіктелу үлгісін төмендегідей көрсетуге болады:

жақ	I жақ	II жақ	III жақ
жекеше	қайта-мын	қайта-сың қайта-сыз	қайта-ды
көпше	қайта-мыз	қайта-сыңдар қайта-сыздар	

Оқушылар орыс тілінде келер шақтың дара түрінің жақ жалғаулары арқылы, күрделі түрінің *быть* етістігінің тіркесуі арқылы жасалатындығын төменгі сыныптарда меңгерген. Сондықтан орыс тіліндегі материалмен салыстырып, естеріне түсіре кету артық емес.

Келер шақ жұрнақтарының ауыспалы шақтық мағыналарын ажыратқызып үйретуде мұғалім контекст пен үстеудің маңызды роль атқаратындығын айтумен бірге, ауыспалы мағына көбіне ғылыми, көркем әдебиет туындыларында, мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаштарда жиі кездесетін құбылыс екенін жете түсіндіреді. Сонымен қоса ауыспалы келер шақ үнемі болып тұратын, дағдыға айналған іс-әрекетті, яғни заттың, құбылыстың өзінің бойына сіңген қасиетін көрсететін қимылдың мағынасын да білдіреді. Мысалы, су ағады, ағаш өседі, құс ұшады, ит үреді, күн шығады, батады т.б. Мұндай құбылыстарды орыс тіліндегі материалдармен салыстыра түсіндіру қажет.

Келер шақты практикалық тілде қолдану мақсатында мына сияқты жаттығуларды жүргізу тиімді:

1. Диалогты оқып, келер шақ етістіктерін табыңдар:
- Тамара, сен бүгін үйде боласың ба?
- Иә, мен бүгін үйде боламын.
- Көрмені көруге барамыз ба?
- Жоқ, бүгін көрмені көруге бара алмаймын.
- Сен көрменің қайда екенін білесің бе?
- Иә, білемін, мен саған айтамын.

- Ой, рақмет, жазып аламын.

2. Төлеу, емдеу етістіктерін келер шақта жіктеңдер.

3. Сөйлесуді рольмен оқыңдар.

Алма: - Наташа, сен таңертең нешеде тұрасың?

Наташа: - Мен таңертең жеті жарымда тұрамын.

Алма: - Бүгін шаңғы тебуге барамыз ба?

Наташа: - Жарайды, бүгін шаңғы тебуге барамын.

Алма: - Ендеше, мен сағат 12-де барамын.

4. Демалыс күні не істейтіндігіңді досыңа айтып бер, ол не істейтінін сұрап біл.

5. -а, -е, -й жұрнақтары арқылы жасалған етістіктерді тауып, шағын анықтаңдар.

Екі жалқау

Қыстың бораны есікті ашып, үйге кіреді. Екі жалқау пештің жанынан тұрғысы келмейді:

- Сен кішісің ғой, есікті жапшы.

- Сен үлкенсің ғой, өзің жап.

- Жоқ, өзің жап.

Екеуі осылай отырғанда, қар үйге толады. Көмірдің қызыл шоқтары сөніп, үй суи береді. Екі жалқауды мұз басады, үйде екі мұз адам пайда болады.

Осы шақты оқыту

Қазақ тілі сабағында осы шақтың нақ осы шақ және ауыспалы осы шақ түрі де игертіледі. Нақ осы шақтың *отыр, жатыр, тұр, жүр* қалып етістіктері арқылы жасалатындығы айтыла келіп, оның дара және күрделі түрлерінің жасалу жолдары түсіндіріледі. Қалып етістіктерінің жіктелу үлгісін төмендегіше көрсете отырып, оның III жақта жіктік жалғауынсыз жұмсалатындығын, *отыр, тұр, жүр* етістіктерінің арнайы жұрнақсыз 2-жақтық мәнде бұйрық мағынасын білдіретіндігін түсіндіреді. Қалып етістіктерінің жіктелу үлгісі:

Қалып етістік	Жақ	I	II	III
отыр жатыр	жекеше	-мын, -мін	-сың/сің -сыз/сіз	⊗
тұр жүр	көпше	-мыз/міз	-сыңдар/сіңдер -сыздар/сіздер	⊗

Нақ осы шақтың күрделі түрінің көсемше тұлғасы негізгі етістіктерге тіркеліп келіп, алдындағы етістікке осы шақтық мағына

беретіндігі түсіндіріледі. Осы жерде жүр, жатыр етістіктерінің ұзаққа созылған қимылды, ал отыр, тұр хабарланып тұрған оқиғаның сол кезде жасалып жатқандығын білдіретіндігін және *бара, келе* етістіктерінен басқа етістіктерге тіркескенде, олардың (негізгі етістіктердің) көбіне -ып/іп, -п формаларында тұратындығын меңгерту қажет. Күрделі осы шақтың жіктелуін түсіндіру алдында өткен күрделі етістіктер секілді оның құрамындағы соңғы сыңарының жіктік жалғауларын қабылдайтындығын оқушылар естен шығармау керек.

Ауыспалы осы шақ мағынаның көсемшенің -а, -е, -й жұрнақтары арқылы жасалатындығы айтыла келіп, оның я осы шақтық, я келер шақтық мағыналарын контексте немесе үстеулердің (мезгіл) лексикалық мағыналарының көмегімен ажыратылатындығы айтылады.

Осы шақты оқытумен байланысты төмендегі жұмыстарды жүргізуге болады:

1. Көп нүктенің орнына 2-бағандағы сәйкес келетін етістіктерді қойып, көшіріп жазыңдар:

Балалар далада асық...	көріп отыр
Самал ертегі кітап...	ойнап жүр
Жанар гүлге су...	оқып отыр
Поезд вокзалға...	жазып тұр
Оқушы тақта...	келіп тұр
Айша "Балдырған" журналын...	құйып тұр

2. Сұраққа жауап беріңдер.

Үлгі: Сіз не істеп жатырсыз?

Мен қазақша газет оқып отырмын.

1. Ира тақтада не істеп жүр?
2. .....
1. Бақыт дүкенде не істеп жүр?
2. .....
1. Сіз нешінші автобусты күтіп отырсыз?
2. .....
1. Біз қандай ән айтып отырмыз?
2. .....

3. Демалыс күні не істейтіндерің туралы 3 сөйлем құрандар.

Етістік райларын оқыту

Етістікті оқытуда күрделі категориялардың бірі - рай категориясы. "Рай - бай мағыналық құрылыстан тұратын өте үлкен,

күрделі категория. Оның қолданылу аясы өте кең, тілде ол ең жиі қолданылатын категория".[1]

Рай көрсеткіштерін оқытудағы мақсат - олардың сөйлемге қосатын модельдік, яғни бұйрық, тілек, шарттылық мағыналарын ұғындыру. Оқытудың ана тіліне сүйене отырып түсіндіру принципінің негізінде орыс тіліндегі етістіктің рай түрлері оқушылардың есіне түсірілген соң, оның қазақ тілінде де бар екендігін айта келіп, мысалдармен салыстырылады.

Рай түрлерін меңгеру алдымен бұйрық райды оқытудан басталады. Қазақ тілінде бұйрық райдың мәні 1-жақта - айын/ейін, көпше түрі -айық/ейік, 2-жақ жекешеде арнайы тұлғасы жоқ, сыпайы түрі -ыңыз/іңіз, -ңыз/ңіз, көпше анайы түрі -ыңдар/іңдер, -ңдер/ңдер, сыпайы түрі -ыңыздар/іңіздер, ңыздар/ңіздер, III жақта -сын/сін көрсеткіштері арқылы көрінсе, орыс тілінде II жақ жекеше түрінің -и, көпше түрінің -ите жұрнақтары, ал III жақ пусть, пускай сөздері арқылы берілетінін мұғалім ескеру қажет.

Қазақ тілінде бұйрықтық мағына II жақ пен басқа (I және III) жақтарда бірдей мәнде емес екенін, I және III жақтарда бұйрықтан гөрі, тілек, ниет мәнінің басым екенін баса көрсетіп, мысалдармен дәлелдеп отыру қажет.

Бұйрық райдың көрсеткіштерін мына грамматикалық кестені пайдалану арқылы игерту болады:

Жақ	II	III
жекеше	аш	аш-сын
көпше	аш-ыңдар аш-ыңыздар	

Бұйрық райдың I жағының көрсеткіштерін оқытудың практикалық мәні аз болғандықтан, грамматикалық материалды күрделендірудің қажеті жоқ деп санап, оны кестеге енгізбедік.

I жақ көрсеткіштерін оқытудың қажетті емес екендігін орыс мектебіндегі қазақ тілінен әдістемелік еңбегінде ғалым Ы.Маманов та айтқан болатын.[2]

Бұйрық райды меңгертумен байланысты төмендегі жаттығуларды жүргізуге болады:

1. Етістіктерге бұйрық райдың жұрнағын жалғап, жақшаны ашыңдар. Сен сабағыңды жақсы (оқу). Ол атамды (ренжітпе). Гүлге су (құю). Балалар, сабаққа (кешікпе). Сіз кітапқа ақшаңызды (төле). Олар жұмыс істеуге (ерінбе). Жиналыста Әсемгүл (сөйле).

[1] Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің категориялары. (Тіркесімі, сөздегі орны). А., 1980. 48-49-б.
[2] Маманов Ы. Орыс мектебіндегі қазақ тілін оқыту. А., 1983.

2. Сөз тіркесі мен сөйлемді аударыңдар.

1. Ты читай это стихотворение. 2. Вы не сердитесь. 3. Пусть они играют. 4. Пусть он думает. 5. Вымойте тарелки. 6. Ты ешь кашу.

3. Диалогты рольмен оқындар.

Айша: Асем, накрой на стол, достань тарелки, стаканы, положи для каждого ложку, вилку, нож.

Асем: Хорошо, сделаю.

Все сели и стали обедать.

Серик: Дайте мне, пожалуйста, напиток.

Асем: Возьми.

Серик: Передайте хлеб.

Айша: На, возьми.

Мама: Ешьте суп, а то остынет.

Асем: Я выпью компот.

Мама: Сначала съешь котлеты, потом выпьешь компот.

4. Етістіктің тұлғасын өзгертпей сөйлем құраңдар.

Оқып болсын, отыра тұрсын, тез кел, құрметтеңдер.

5. Грамматикалық ойын. Оқушылар жұп болып, біреуі етістіктерді айтып, екінші оқушы бұйрық райға айналдырады.

6. Ситуациялық жаттығу.

Оқушы кешігіп келді, есікті қақты.

Тапсырма: Мұғалім не деу керек. Оқушы қалай жауап береді?

Бұйрық райлы етістіктерді пайдаланып, сөйлем құраңдар.


7. Мәтінді оқып, етістіктерді табыңдар, оларды бұйрық райдың жекеше түрінің III жағына айналдырыңдар.

Бүгін Шолпан ерте тұрып, үйді жинастырды. Дәмді самса пісіріп, базардан гүл сатып әкелді. Кешкісін апасы келгенде, Шолпанның ісіне қатты қуанды. Шолпан апасын туған күнімен құттықтады.

Шартты рай. Қазақ тіліндегі шартты рай формасы етістікке -са/се жұрнағын жалғау арқылы жасалады. Бұл "орыс тіліндегі" "сослагательное - условное" райына сәйкес келетіндігі, ал ол орыс тілінде - л өткен шақ жұрнағы мен бы частицасы арқылы жасалатындығын айта келіп, қазақ тіліндегі шартты райдың жіктелу үлгісін былай көрсетуге болады:

Жақ	I	II	III
жекеше	келсе-м	келсе-ң келсе-ңіз	келсе
көпше	келсе-к	келсе-ңдер келсе-ңіздер	

Сонымен бірге бұл формамен сөйлемді аяқтауға болмайтындығы айтыла келіп, мысалдармен дәлелденеді. Қазақ тіліндегі -са/се формасы арқылы үстелетін шарттылық мағына орыс тілінде если, тогда шылаулары арқылы (құрмалас сөйлем ішінде) берілетіндігі мына схемамен түсіндіріледі:



Шартты райлы оқытумен байланысты төмендегі жаттығуларды орындатуға болады:

1. Шартты райды етістіктерді табыңдар.

а) Күн болсам.

Нұрланып күн болсам,
Күллі әлем жайнайды.
Жер беті құлпырса,
Бұлбұлдар сайрайды.
Небір үн естіліп
Жұртты мәз етеді.
Күн бірақ кешкілік
Көрінбей кетеді.
Жайнатқан өмірді
Бұл күнге құмар ел
Күн болсам мен нұрлы,
Кетпестен тұрар ем.

(С.Қалиев)

ә) Жақсымен дос болсаң,
Алдыңнан шығар елпектеп.
Жаманмен дос болсаң,
Сыртыңнан жүрер өсектеп.

(М.Өтемісұлы)

2. Жақшаны ашып, шартты райлы етістікке айналдырыңдар.

Тақта таза (тұру), мұғалімге жазуға ыңғайлы болады. Ерте тұрып жаттығу (үйрену), денең шынығады. Сабақты зейінмен (тыңдау), жақсы түсінесің. Бүгін үйге ерте (келу), інімді хайуанаттар паркіне апарамын.

4. Жазу, аулау етістіктерін шартты рай формасында жіктеңдер.

5. Үйретсе, тазаласындар, көрсем, құттықтасақ етістіктерін өзгертпей сөйлем құрандар.

6. Мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріңдер.

Еңбекке бейім болсаң,
Қатарыңнан кейін болмайсың.

Еңбек етсең, ерінбей,
Қарның тояр тіленбей.
(Абай)

Қалау рай. Қазақ тілінде қалау рай, негізінен, етістікке -ғы/гі, -қы/кі жұрнақтары мен көмекші *кел етістігінің тіркесуі арқылы* жасалады. Бұл категория - орыс тілінде жоқ категория, дегенмен оның мағынасының хотеть, желать сөздері арқылы берілетінін оқушы түсінуі шарт. Қалау райдың мағынасын мысалдармен түсіндіре отырып, оның жіктелу үлгісін (тәуелдік жалғаулары арқылы) төмендегідей көрсету қажет.

Жақ	I	II	III
жекеше	барғым кел/е/ді барғы-ң кел/е/ді	барғы-ың кел/е/ді барғы-ңыз кел/е/ді	барғы-сы кел/е/ді
көпше	барғы-мыз кел/е/ді	барғы-ларың кел/е/ді барғы-ларыңыз кел/е/ді	

Әрине, қалау рай тұлғасының морфологиялық ерекшеліктері мен білдіретін семантикалық сипаты жан-жақты талданбайды, тек семантикалық жағынан қалай мәнін, тұлғалық жағынан көрсетілген үлгісін түсіндірудің өзі жеткілікті.

Қалау рай формасын игертуде "Қандай маман болғың келеді?" деген тақырыпта диалогты оқытып, соның үлгісінде өздеріне сөйлем құратқызуға болады:

Мұғалім: - Марина, қандай маман болғың келеді?
- Мен дәрігер болғым келеді.
- Не себепті?
- Себебі ауырған адамдарды емдегім келеді, оларға көмектескім келеді.
- Алеша, сен кім болғың келеді?
- Мен автобус жүргізушісі болғым келеді.
- Не себепті?
- Себебі адамдарды тасып, оларды қуантқым келеді.

2. Ұшу, аралау етістіктерін қалау райының өткен шағында жіктеңдер.

3. Көп нүктенің орнына қалау рай етістіктерін қойып, келер шақтан жіктеңдер.

Балалар өзенге шомыл...
Оля театрға бар...

Мен ағама көмектес...
Інім коньки теп...

Жіктік жалғауды оқыту

Етістікті жете түсіндіріп, тілде дұрыс қолданылуына мүмкіндік жасауда етістіктің жіктелу жүйесін үйретудің маңызы зор. Біріншіден, "...сөйлемнің діңгегі, ойдың көрінісі, негізі болып тұратын сөйлемнің баяндаушы жіктік жалғауы арқылы жасалса, осы көрсеткішпен негізгі ой тұжырымдалып, тиянақталып, сөйлем аяқталады".[1]

Жіктелетін, негізінен, етістік сөздер. Сөйте тұрса да етістік түбіріне жіктік жалғау тікелей жалғана алмайды.

Жіктік жалғау етістік тұлғаларына тек қалып етістіктері мен "функциялық етістік"[2] деп аталып жүрген түрлеріне ғана тікелей алғанады.

Қазақ тілінде жіктелу жүйесінің күрделілігіне қарамастан, мектеп оқулығында арнайы тақырып етіп берілмеуі етістікті тиянақты меңгеруде қиындық келтіреді.

С.Исаев жалпы қазақ тілінде етістіктің 5 түрлі жіктелетіндігін айта келіп, олардың ерекшеліктеріне толық тоқтаған. Осы еңбек бойынша етістіктің жіктелу үлгісін мына кестеден көруге болады:[3]

Сөздер	I жақ жекеше, көпше	II жақ жекеше, көпше	III жақ
Есімдер I. есімше қалып етістіктері	-мын, -мін -бын, -бін -пын, -пін -быз-, -біз -пыз, -піз	-сың,-сің,-сыз,-сіз -сыңдар, -сіңдер -сыздар, -сіздер	нольдік тұлға
көсемше II. -а,-е,-й -ып,-іп,-п	-мын, -мін -пын, -пін -мыз, -міз -пыз, -піз	-сың,-сің,-сыз,-сіз -сыңдар,-сіңдер -сыздар,-сіздер	-ды, -ді -ты, -ті
жедел өткен шақ, III. шартты рай	-м, -к, -қ	-ң,-ңыз,-ңіз -ңдер,-ңдар -ңыздар,-ңіздер	
IV. Бұйрық рай	-айың,-ейін -айық,-ейік	-ыңыз,-іңіз,-ңыз,-ңіз -ыңдар,-іңдер,-ңдар -ңдер	-сын -сін

[1] Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. А., Ана тілі. 1992. 96-бет.
[2] Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі. Етістік. А., 1966.
[3] Исаев С. Аталған еңбек. 120-бет.

V. Қалау рай модаль мәндес сөздер	-ғы-м -ғы-мыз кел/е/ді -у-ым -ымыз қажет	-ғы-ң,-ңыз кел/е/ді -ғыларың-ың,-ыңыз -у-ың -у-ыңыз -у-ларың -у-ларыңыз	-ғы-сы кел/е/ді -у-ы -у-лары қажет

Етістіктің жіктелуінің әркелкілігі оқушылардың бұл сөз табыснан жүйелі білім алуына қиындық келтіреді. Етістік сөз табы оқушылардың тілін дамытуда ерекше орын алатындықтан, оқулықта етістік түрлерінің жіктелу ерекшеліктерінің үлгісін көрсетпеу, оқушылардың сөйлеу тілін қалыптастырудағы жұмысқа үлкен нұқсан келтіретіні даусыз. Сондықтан етістік бойынша өтілген әрбір тақырыптың жіктелу ерекшеліктеріне оқушылардың көңілін ерекше аудару етістікті меңгертудің маңызды шарттарының бірі екендігін мұғалім естен шығармау қажет. 7 сынып көлемінде игерілуі тиісті жіктелу жүйесі:

Етістіктің түрлері	I		II		III	
	жекеше	көпше	жекеше	көпше	жекеше	көп-ше
1. Жедел өткен шақ	-м	-қ, -к	-ң -ңыз -ңіз	-ңдар -ңдер -ңыздар -ңіздер	нольдік тұлға	
1. Есімдер 2. Қалып етістік	-мын -мін -бын -бін -пын -пін	-мыз -міз -быз -біз -пыз -піз	-сың -сің -сыз -сіз	-сыңдар -сіңдер -сыздар -сіздер	нольдік тұлға	
Көсемше -а, -е, -й -ып, -іп, -п	-мын -мін -бын -бін -пын -пін	-мыз -міз -бы- -біз -пыз -піз	-сың -сің -сыз -сіз	-сыңдар -сіңдер -сіңдер -сіздер	-ды, -ді -ты,-ті	

Етістіктің жіктелуінің осы үш түрін әр сабақта жаттықтырып отыру оқушылардың етістіктерді жазбаша, ауызекі тілде дұрыс жіктей білу дағдыларын қалыптастырады.

Етістіктерді жіктей білуге дағдыландыру мақсатында мына жұмыстарды жүргізуге болады:

1. Етістіктерді жіктеңдер:

естіce, іздеді, жібергісі келмеу, өтіну, қабылдап жатыр.

2. Сөйлемдегі етістіктердің жіктік жалғауларын тауып, жалғану тәртібін түсіндіріңдер.

1. Үстіме матрос киімімді жарқырата киіп, туған жерге келемін. 2. Тіқұшақ жоғарыға көтерілді. Шіркін, ұшқыш болған қандай жақсы, аспанда құстай қалқисың! 3. Атасы бір табақ алманы немерелеріне таратып береді. 4. Біз орманда саңырауқұлақ теріп, үйге кеш қайттық. 5. Жазда мен атам мен ажемнің аулына барып демалдым.

3. Мәтінді оқып, көп нүкте орнына жіктік жалғауын қойыңдар.

Мен алтын ұям, мектебіме келе жатыр... Он жыл білім берген ұстаздарымды көргенше асықты... Міне, ұстаздарымның бәрі қолымды алып жатқандай болды. Мен оларға сағынышымды айтып жатыр...

Тұйық етістікті оқыту

Мектеп бағдарламасында оқушылардың меңгеруге тиісті тілдік материалдарының бірі - тұйық етістік.

Тұйық етістік қазақ тілінде -у жұрнағы арқылы жасалады. Бұл қимылдың атауын білдіреді. Басқа етістіктерден айырмашылығы - есім сөздер сияқты септеулі, тәуелденуі, тәуелдеулі түрде көптелуі.

Тұйық етістіктің бұл қызметі оны заттық ұғымға жақындатады. Ол етістіктің модальдік, шақтық мағынасын білдіре алмайды, жіктелмейді. Осы қасиетіне қарай С.Исаев[1] тұйық етістікті әдеттегідей етістіктің грамматикалық категорияларына жатқызбай, оның ерекше түрі деп берген.

Оқыту барысында тұйық етістіктің осы қасиеті оқушыларға етістікті тиянақты меңгеруге қиындық жетілдіреді. Себебі тұйық етістіктің мұндай қасиеті орыс тілінде жоқ. Қазақ тіліндегі тұйық етістіктің орыс тілінен айырмашылығы - оның есім қыметін өн бойында сақтауы. Етістіктің бұл түрінің есімдерше түрленіп қолданылуы және қажет, керек, үшін, болу, тиіс сөздермен тіркесіп келуі - жиі кездесетін тілдік құбылыс. Сондықтан бұл реттегі орыс тіліндегі сәйкес келетін эквиваленттерін іздеп тауып орынды қолдану жақсы нәтиже береді. Мәселен, септік жалғауларын қабылдаған тұйық етістіктер орыс тіліндегі тұйық етістік формаларымен сәйкес келеді. Мысалы, айтуға болады, жазуды қойды. Бұлардың аудармадағы жұрнағы -ть. Ал тәуелденген тұйық етістік көбіне орыс тіліндегі етістіктен жасалған есім сөздерге сәйкес келеді. Мысалы, Төл дыбыстарды оқуы - әлі нашар, чтение

[1] Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі грамматикалық ұғымдар. А., 1992. 138-б.

2. Ғылымның ісі - адамға қызмет ету.
(Л.Толстой)

Мұнда тұйық етістіктердің бірінші сөйлемде есім орнында, екіншісінде етістік қызметін атқарып тұрғанын салыстырмалы түрде меңгертудің маңызы бар.

Оқушылардың тұйық етістікті меңгеруіне қиындық келтіретін мәселелердің бірі - кейбір дауысты дыбысқа аяқталған етістіктерге жалғағанда, соңғы дыбыстың түсіріліп айтылуы, жазылу және қатаң дауыссыз дыбыстарға біткен етістік сөздердің соңғы дыбыстардың ұяң дауыссыздарға айналатындығы. Сондықтан мұны жүйелі, жинақы түрде мына кесте арқылы игертуге болады:

Тұйық етістіктің емлесі	
ереже	мысалдар
1. Етістік ы, і дыбыстарына аяқталса, соңындағы дауысты түсіріліп қолданылады.	оқы + у - оқу есті + у - есту ері + у - еру
2. Етістік қ, к, п дыбыстарына аяқталса, оған -у жағанғанда қ, к-г, г дыбыстарын, п -б-ға айналады.	бақ + у - бағу тік + у - тігу тап + - табу

Тұйық етістік бойынша практикалық дағдыларын қалыптастыруда төмендегі жұмыстарды жүргізуге болады:

1. Текстегі тұйық етістіктерді теріп жазып, мағынасын түсіндіріңдер.

Далада ойнап жүрген інім жүгіріп келіп:

- Әпке, айтыңызшы, құрылысшы болу үшін "оқу керек емес", - дейді Сәрсен, рас па?

- Жоқ, Сәрсен дұрыс айтпаған, кім болсаң да, оқу керек. Сен "Шебер қолдар" үйірмесіне қатыс.

Бірнеше күннен кейін інім қолына қағаз ұстап маған келді:

- Әпке, ұя жасау үшін қанша ағаш кететінін есептеп шығардым, мен құстың ұясын жасауым қажет, - дейді.

Мен оған: "Дұрыс екен!" - деп мақтадым.

Таңертең сыртқа шықсам, ағашта әдемі құс ұясы ілулі тұр.

2. Төмендегі етістіктерге келер шақ жұрнақтарын жалғап, II, III жақта жіктеңдер.

Үлгі: ояту - оятасың, оятасыңдар, оятады.

Ояту, қазу, жату, тігу, алу, ұялу, құттықтау, тойлау.

3. Тіркестерді аударыңдар: бару қажет, айту керек, жуу үшін, ұруға болмайды, шығуға болады, орындауға тиіс, айтуы керек.

4. Түйық етістіктердің мағынасын түсіндіріңдер:

1. Адам ақылды, кішіпейіл, әділ, батыл да қайырымды болуға тиіс. Тек сонда ғана оны осынау адам деген мәртебелі атпен атауға құқы болады. *(К.Паустовский)* 2. Біз мектепке баруға жиналдық. 3. Мұғалім біздің қайда демалғанымызды білу үшін сұрақтар қойды. 4. Аз білетініңді түсіну үшін көп оқып үйрену керек. (М.Монтель). 5. Білу аз, сол білгеніңді істе қолдана білуің керек.

5. Мына етістіктерге 2 сөйлемнен құрандар: бірде етістік, бірде есім қызметін атқаратын болсын.

Үлгі: Тойдың (есім) бастауын жас жігіт домбырамен айтып берді. Жұмысты бүгін аяқтап үлгерудің бір шарты - оны қазір (етістік) бастау.

Сөздер: Оқу, жазу, жалғау, құттықтау

6. Төмендегі етістіктерге тұйық етістігінің -у жұрнағын жалғаңдар.

Оқы, жап, жылы, шық, сүй, ек, ренжі, тоқы, ая.

Етістік бойынша жүргізілетін сөздік жұмысы

Орыс мектебінде қазақ тілін оқытудың негізгі элементтерінің бірі - сөздік жұмысын жүргізу. Адам бір тілде сөйлеу үшін ол алдымен сол тілдің сөз байлығын игеруі керек. Оқушылардың белгілі дәрежеде сөздік қоры молайтудың қайнар көзі - оқулық, оқу құралдары. Осы тұрғыдан қарағанда, оқулықтағы лексикалық материал бірқатар әдістемелік талаптар негізінде құрылу керек. Олар: - оқушылардың жас ерекшелігін ескеру.

- мәтіндердің мазмұнының ықшам, қызықты, тартымды болуы;
- ситуативті - тақырыптық жағдайларға құрылуы;
- сөздердің оқтын-оқтын қайталанып отыруы;
- әр сабақта үйретілетін сөздер саны алдын ала анықталып алыну тәртібі қатаң сақталу керек.

Көрнекті әдіскер З.П.Даунене:[1] "При обучении лексике целесообразно уделять внимание тем запросам, которые связаны с практическим овладением русской речью, с трудностями при усвоении русской лексики. Естественно при такой цели и своеобразных условиях изучения русского языка в национальной школе необходимо ограничение словаря, научный отбор минимума слов для учебных целей" - демекші, орыс мектебіндегі қазақ тілі бойынша игеруге тиісті минимум сөздіктің жоқтығы етістікті оқыту барысында көптеген қиындықтарға әкеліп тірейді. Ал біздің етістік бойынша іріктеген минимум сөздігіміз мыналарға негізделеді:

1. Оқулықтағы лексикалық материал (етістік бойынша).

---

[1] Даунен З.П. Лингводидактические основы обучения лексике русского языка в IV-X кл. В кн.: Методика преподавания русского языка в национальной школе. М., 1981. С.140.

2. Қазақ тілінің бағдарламасы.
3. Қазақ тіліндегі әр түрлі сөздіктер.
4. Ұлт мектептеріне арналған орыс тілінен минимум сөздіктер.

7 сынып көлемінде игерілуге тиісті етістік сөздерді іріктеуде ұлттық мектептерде орыс тілін оқытудың лексикалық минимумын іріктеу принциптеріне сүйендік. Солардың ішінен таңдалып алынғандары:

1. Жиілік принципі.
2. Сөз тіркесімділігі принципі.
3. Ситуативті - тақырыптық принцип.
4. Сөзжасамдық.

Сөздің жиілік принципі жалпы қоғамдық өмірдің барлық салаларында жиі қолданылатын сөздер жиынтығын қамтиды. Бұл сөздер оқушының күнделікті қарым-қатынасқа және өтілетін материалдарға байланысты өз ойын анық жеткізуге мүмкіндік беретіндей болуы керек.

Сонымен бірге жиі қолданылатын етістіктердің тіркесімділігі әр тілде әр түрлі берілетіні белгілі. Қазақ тілінде етістіктің басқа сөздерді меңгеру қабілеті күшті. Сондықтан етістік бойынша лексикалық минимумды жасағанда, етістік сөздерді меңгерумен қатар, оған меңгерілу икемі жоғары сөздердің тіркесім қасиетін ескеру - оқытуда жақсы нәтижеге қол жеткізеді.[1]

Келесі етістік бойынша лексикалық минимумды меңгертудің ситуативті - тақырыптық негізі лексикалық минимум жасаудың басты принциптерінің бірі болып саналады. Бұл жөнінде Л.Г.Саяхованың айтқаны орынды: "Достоинство этого принципа в том, что он сохраняет наиболее естественную для речи ситуативно-тематическую организацию языкового материала и обусловленные ею связи языковых элементов".[2]

Лексикалық материалды іріктеудің ғылыми негіздерінің бірі - сөзжасамдылық принцип. Қазақ тілінде етістік - сөзжасамдылық қасиеті жағынан күрделі сөз тобы. Оқушы қазақ тіліндегі етістіктің сөз тудырушылық қасиетін неғұрлым жақсы түсінсе, оның байлығында соғұрлым етістік сөздер көбейеді. Сонымен бірге тілді меңгеруде ортақ элементтері бар материалды оқушы тез және сапалы игереді.

Оқушылардың сөздік қоры белсенді және пассив болып екіге бөлінеді. Белсенді сөздік қор оқушылардың күнделікті сабақта немесе басқа ситуациялық жағдайда қолданылатын сөздіктері болса, пассив сөздер - белсенді түрде қолданылмайтын, бірақ оқушылар түсінетін сөздері. Орыс мектебінде қазақ тілі

---

[1] Единый лексический минимум русского языка для национальной школы. / Под ред. Н.М.Шанского, Н.Б.Бакеевой, Даунене З.П. / М., 1985.
[2] Л.Г.Саяхова. Лексика как система и методика ее усвоения. Уфа. 1979. С.15.

сабақтарындағы сөздік жұмысының бір-бірімен тығыз байланысты екі жағы бар:

1. Сөзді семантикаландыру (сөз мағынасын түсіндіру).

2. Сол сөзді белсенді сөздік қорға айналдыру, тілде дұрыс қолдануға үйрету.

Сөз мағынасын түсіндіру жолдары:

-Аудару. Аударма - сабақта сөздік жұмысын жүргізудің, жаңа сөздікті семантикаландыру, яғни мағынасын жете түсіндіру үшін жиі қолданылатын тәсілдің бірі. Сөздердің мағынасын түсіндіру тек аударма тәсілі ғана емес, басқа да төмендегідей тәсілдер арқылы жүргізілгенде, нәтижелі болады.

- Көрнекі түсіндіру (заттың, макет, муляждың т.б. көрнекіліктегі зат, құбылыстың іс-әрекет, қимылын айту арқылы).

Мысалы, күрделі етістіктердің мағыналарын түсіндіру үшін бір заттың қимылын түрлендіру арқылы көрнекі көрсетіп, меңгертуге болады. Мұғалім стакандағы суды құйып жатқанын, содан құйып болғанын, тақтаға жазып жатқанын, жазып болғанын т.б. осындай қимылдардың өзін көрнекі көрсету арқылы аяқталған, созылыңқы сыпат мағынасындағы етістіктердің мәнін игертеді.

- сөз мағыналарын орыс тілінде түсіндіру;
- бір түбірлі сөздермен салыстыру;
- антонимін табу;
- синонимін табу;
- контекст арқылы түсіндіру. Бұл былай жүзеге асады: Оқушы бұтаққа отырған құсты атып түсіреді. Келе жатқан қарт кісі оған құстың адамға пайдалы екендігін түсіндіреді. Бала өзінің ісі үшін (не істейді?). Бұл жерде бала ұялады немесе өкінеді деген сөздердің қажет екендігін түсінеді.

Етістіктің мағыналары осылайша түсіндірілген соң, сөздік жұмысының 2-кезеңінде сол етістіктерді оқушының белсенді сөздік қорына айналдыру мақсатында төмендегідей жұмыстар жүргізіледі.

- етістіктермен сөз тіркесін, сөйлем құрау;
- диалог, әңгіме, мәтін құрау;
- картина, суретпен жұмыс;
- тақырыптық белгілеріне қарай топтау немесе мағыналық ұқсастықтарына қарай жинақтау;
- ТОҚ (ТСО) материалдарын пайдалану;
- (эпидиаскоп, диафильм, магнитті таспа жазулар, күйтабақ т.б.);
- ауыз әдебиеті элементтерін пайдалану (жұмбақ, мақал-мәтел, жаңылтпаш, өлең, ән айту);
- сөздік ойындарын жүргізу;
- әр түрлі жазба жұмыстары (диктант, мамұндама, шығарма);
- грамматикалық талдаулар жасау.

Сөздерді меңгеруде мидағы ассоциативті байланыстар негізгі роль атқаратыны психология ілімінен белгілі. Мысалы, В.Шярнастың зерттеуі бойынша, жаңа үйретілген сөздер алдыңғы игерілген сөздермен байланыстырылмаса, сөз игеру процесі 15%-ке төмендейді.[1] Сондықтан үйретілетін сөз алдыңғы сабақтарда үйретіліп кеткен сөздермен байланыс негізінде меңгерілуін мұғалім әрқашан ескеруі қажет. Сонымен, оқушы етістікті меңгергенде, оны комплексті түрде қабылдау керек, оның мағыналық жағын жете түсініп, дұрыс қолдана білуге және әр түрлі ситуацияларда, монологтық сөйлеу түрлерінде оны еркін пайдалана білуге дағдылануы қажет.

[1] Шярнас Б. Методические основы словарной работы, учебная лексикография. Русский язык за рубежом. 1973. N 2. С.30.

ЖИІ ҚОЛДАНЫЛАТЫН СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ ҚАЗАҚША-ОРЫСША СӨЗДІГІ

А

Алдау: кімді? нені	Обманывать: кого?
баланы	мальчика
итті	собаку
аралау: нені?	побывать: где?
қаланы	в городе
бөлмелерді	в комнате
мектепті	в школе
аудару: нені?	переводить: что?
мәтінді	текст
өленді	стихотворение
сөйлемді	предложение
асығу: қайда?	спешить: куда?
сабаққа	на урок
үйге	домой
аулау: нені?	ловить (поймать) кого?
балықты	рыбу
ауыру: қалай?	болеть: как?
қатты	сильно
қайда?	где?
үйде	дома
ауруханада	в больнице
аяқтау: нені?	закончить: что?
оқуды	чтение
жұмысты	работу
тапсырманы	задание
аяу: кімді, нені?	жалеть: кого?
баланы	мальчика
итті	собаку

Ә

Әкелу, әкету: кімді? нені?	Принести, привезти, унести увести: кого? что?
итті	собаку
баланы	мальчика
тамақ	пищу
қайдан?	откуда?

қаладан	из города
мектептен	из школы
қайда?	куда?
үйге	домой
мектепке	в школу

Б

Бару: қайда?	Идти: куда?
мектепке	в школу
циркке	в цирк
байқау: кімді? нені?	наблюдать: кого? что?
баланы	мальчика
итті	собаку
баяндау: нені?	излагать: что?
тексті	текст
мазмұнын	содержание
әңгімені	рассказ
билеу: қалай?	танцевать: как?
қалай?	как?
әдемі	красиво
үйде	дома
сахнада	на сцене
болу: қайда?	быть: где?
үйде	дома
мектепте	в школе
концертте	на концерте
кім болу	кем быть (стать)?
мұғалім	учителем
жазушы	писателем
бұйыру: кімге?	приказывать: кому?
балаға	мальчику
нені	что?
істеуді	работать
баруды	идти
білу: нені? кімді?	знать: кого? что?
сабақты	урок
мұғалімді	учителя
біту: нені?	закончить: что?
сабақты	урок
жұмысты	работу

Д

Дәлелдеу: нені?	Доказывать: что?
дұрыстығын	правоту
достасу: кімнен?	дружить: с кем?
баламен	с мальчиком
қыздармен	с девочками

Е

Егу: нені?	Сажать: что?
ағашты	деревья
жеміс-жидекті	овощи-фрукты
қайда?	где?
аулаға	в огороде
далаға	на поле
екеулеу: нені?	вдвоем делать: что?
жұмысты	работу
емдеу:	лечить:
кімді? нені?	кого?
ауруды	больного
итті:	собаку
қайда?	где?
ауруханада:	в больнице
есту:	слышать:
нені?	что?
әнді	песню
әңгімені	рассказ
дауысты	голос:
қайда?	где?
үйде	дома
көшеде	на улице
жабу: нені?	закрывать: что?
есікті	дверь
терезені	окно
кітапты	книгу
жазу: нені?	писать: что?
хатты	письмо
жаттығуды	задание, упражнение
қайда?	куда?
дәптерге	в тетрадь
жақындау: қайда?	приближаться: куда?
үйге	к дому
өзенге	к озеру

жату: қайта	лежать: где?
төсекте	на постели
жерде	на земле
жалғау	присоединять
нені?	что?
қосымшаны	аффикс
жіпті	нить
қайда?	куда?
түбірге	к корню, к основе
жөндеу: нені?	ремонтировать: что?
машинаны	машину
велосипедті	велосипед
теледидарды	телевизор
жүзу: қайда?	плавать: где?
суда	в воду
өзенде	в реке
қалай?	как?
әдемі, тез	красиво, быстро
жылау: неге?	плакать: почему?
ұрғанға	от удара плакать
ұрысқанға	от ругани
қалай?	как?
қатты	сильно
жіберу: кімді?	отпустить: кого?
Баланы	ребенка
итті	собаку
қайда?	куда?
қалаға	в город
көшеге	на улицу

И

Иіскеу:	Нюхать
нені?	что?
алманы	яблоко
гүлді	цветы

К

Кездесу: кіммен	Встречаться: с кем?
баламен	с мальчиком
мұғаліммен	с учителем
қайда?	где?
мектепте	в школе

көшеде?	на улице
келісу: кіммен	договориться: с кем?
баламен	с учителем
мұғаліммен	с мальчиком
көшіру: кімді? нені?	прощать: что? кого?
баланы	мальчика
бұлдіргенін	натворившего
кешігу: қайда?	опаздывать: куда?
сабаққа	на урок
концертке	на концерт
киіну: қайда?	одеваться: где?
үйде	дома
қалай	как?
әдемі	красиво
тез	быстро
көгеру: не?	зеленеть, зеленеет: что?
ағаш	дерево
гүлдер	цветы
көтеру: нені? кімді?	поднимать: кого? что?
сумканы	сумку
кітапты	книгу
баланы	мальчика, ребенка
күлу: кімге?	смеяться: кому?
балаға	мальчику
қалай?	как?
қатты	сильно
күту: кімді?	ждать: кого?
баланы	мальчика
итті	собаку
қайда?	где?
үйде	дома
кірлеу: не?	загрязнять; что?
киім	одежда
жаға	воротник
төсек	постель

Қ

Қағу: нені?	Стучать: во что?
есікті	в дверь
терезені	в окно
қалай?	как?
қатты	сильно

жай	тихо
қазу:	копать:
нені?	что?
жерді	землю
немен?	чем?
күрекпен	лопатой
қолмен	руками
қайнау:	кипеть
не?	что?
шайнек	чайник
тамақ	еда, пища
қайда?	где?
газда	на газе
отта	на огне
қайталау: нені?	повторить: что?
сабақты	урок
тапсырманы	задание
қайтару: нені?	возвращать, вернуть: что?
затты	вещь
кітапты	книгу
кімге?	кому?
мұғалімге	учителю
досына	другу
қарау: кімге?	смотреть: за кем? что?
балаға	за ребенком
теледидарға	телевизор
қарсы алу: кімді?	встречать кого?
мұғалімді	учителя
әжені	бабушку
қайда?	где?
вокзалда	на вокзале
үйде	дома
қону	приземлиться
не?	что? кто?
құс	птица
ұшақ	самолет
қайда?	где? куда?
бұтаққа	на ветке
жерге	на землю
қорғау: кімді? нені?	защищать: кого? что?
баланы	ребенка
итті	собаку

табиғатты	природу
кімнен? неден?	от чего? от кого?
суықтан	от холода
құттықтау	поздравлять
кімді?	кого?
мұғалімді	учителя
атасын	дедушку
немен?	с чем?
мерекесімен	с праздником
гүлмен	с цветами

Л

Лақтыру: нені?	Бросать: что ?
допты	мяч
тасты	камень
қайда ?	куда?
арыққа	в арык
суға	в воду

М

Мақтау :	Хвалить :
кімді?	Кого?
оқушыны	школьника
мектепті	школу

О

Оқу: нені?	Читать: что?
шығарманы	произведение
текстi	текст
қайда?	где?
үйде	дома
класта	в классе
отыру: қайда ?	сидеть: где?
партада	на парте
үйде	дома
сабақта	на уроке
орындау: нені?	выполнять: что?
тапсырманы	задание
ояну: қашан ?	просыпаться: когда?
ерте	рано
кеш	поздно

неден?	от чего?
шудан	от шума
айқайдан	от крика

Ө

Өтіну: нені?	Просить: о чем?
кіруін	о входе
алуын	о взятии
келуін	о возвращении

П

Пісіру: нені?	Варить: что?
тамақты	пищу
жұмыртқаны	яйцо
неге? қайда?	в чем?
табаға	на сковороде
кастрюльге	на кастрюле
газға	на газе

Р

Ренжу: кімге? неге?	Сердиться; на кого?
мұғалімге	на учителя
балаға	на мальчика

С

Сақтау: неден?	Хранить: от чего? от кого?
суықтан	от холода
иттен	от собаки
нені?	что?
жемісті	овощи
қайда?	что?
мұздатқышта	в холодильнике
үйде	дома
салу: қайда?	класть, положить: куда?
сумкаға	в сумку
жәшікке	в ящик
нені?	что?
кітапты	книгу
ыдысты	посуду
сату: нені?	продавать: что ?
кітапты	книгу

затты	вещь
қайда?	Где?
дүкенде	в магазине
көшеде	на улице
сөйлеу: қайда?	говорить: где?
үйде	дома
сабақта	на уроке
теледидарда	на телевидении
қалай ?	как?
тез	быстро
әдемі	красиво
жай	тихо
қатты	громко
сүю: кімді? нені?	любить: кого? что?
баланы	ребенка
Отанын	Родину
мектепті	школу

Т

Табу: кімді? нені?	Находить: кого? что?
итті	собаку
кітапты	книгу
қайдан ?	где?
даладан	на улице
шкафтан	в шкафу
туу: кім?	родился: кто?
бала	ребенок
қашан	когда?
жазда	летом
мамыр айында	в мае
1978 жылы	в 1978 году
тойлау: нені?	праздновать, пировать: что?
туған күнді	день рождение
мерекеяі	праздник
қайда?	где?
үйде	дома
кафеде	в кафе
тою: неге?	насытиться: чем?
тамаққа	едой
жеміске	овощами
сусынға	напитками

төгу: нені?	лить, разлить: что?
суды	воду
қоқысты	мусор
қайда ?	куда?
шелекке	в ведро
далаға	на улицу
тыңдау: нені? кімді?	слушать: кого? что?
сабақты	урок
мұғалімді	учителя
түсіну: кімді? нені?	понимать: кого? что?
мұғалімді	учителя
сабақты	урок

Ұ

Ұйықтау: қайда?	Спать: где?
төсекте	в постели
диванда	на диване
ұмыту: нені?	забыть: что?
кітапты	книгу
баруды	пойти, поехать, сказать
ұту: нені?	выиграть: что?
ойыншықты	игрушку
неден?	во что?
шахметтан	в шахматы
ойыннан	в игре
ұшу: қайда?	летать: куда?
аспанға	на небо
(космоқа) ғарышқа	на космос
қайда?	где?
аспанда	на небе
жоғарыда	на высоте
ұялу :	стесняться :
кімнен?	кого?
мұғалімнен	учителя
менен	меня
не үшін?	почему?
Ісі үшін	за поступок
алдағаны үшін	за ложь

Ү

Үлгеру: қайда?	Успеть: куда?
сабаққа	на урок

концертке	на концерт

Х

Хабарлау: нені?	Извещать: о чем?
жиналысты	о собрании
келетінін	о приезде

Ш

Шаршау: неден?	Устать: от чего?
жұмыстан	от работы
шығу	выходить
қайдан ?	откуда?
мектептен	из школы
үйден	из дома
қайда?	куда?
Көшеге :	на улицу
іздеу: кімді?	искать: кого?
баланы	мальчика
қайдан?	где?
көшеден	на улице
ілу: нені?	вешать: что?
киімді	одежду
қайда?	где? куда?
ілгішке	на вешалку
ішу: не?	пить? что?
шай, шырын	чай, сок

Оқулықта кездесетін тұрақты етістік тіркестерінің аудармасы

Жан аямай еңбек ету	Трудиться не жалея сил, в поте лица, класть душу
жаны ашу - букв: болеть душой	- душа болит (сердце болит)
жөнімен кету	- идти своим путем

К

Көз тұну	Букв: положить взгляд. Взглянуть, обратить внимание на кого-либо, на что-либо - бросать взгляд
көз жасын төгу	горько плакать - лить слезы (в три ручья) - лить (проливать)

	слезы, заливаться слезами
көз жауын алу	букв: ослеплять глаза Притягивать взор - глаза разбегаются
көз тастау	букв: взглянуть краешком глаз; бросать взгляд; замечать краем глаза. Заглядываться, смотреть украдкой, мельком взглянуть, запускать глаза - краем глаза (взглянуть)

Қ

Құрбан ету	Жертвовать
қол ұшын беру	букв: подать кончики фук. Помогать кому-либо - подать (протянуть) руку помощи, оказать помощь, поддержку
қабақ шыту	букв: слегка нахмурить брови. Проявлять недовольство
қолына түсу	попасть в руки
қамқорлыққа алу	опекать, проявлять заботу о ком-либо. Глаз да (и)глаз
күлін көкке ұшыру	букв: развеять золу по ветру. Уничтожать. Превратить в прах стереть с лица земли
күшін жою	утерять силу

М

Мерт болу	Погубить
мұңға бату	горевать, печалиться

С

Салқын қабылдау	Принимать холодно, нерадостно
сөзден жығылу	букв: быть побежденным силой слова
сыр шерту	разговаривать душа в душу

Т

Тілін алу	Букв: принимать язык. Последовать совету: слушаться
түбіне жету	букв: добраться до дна. Истощить, лишить сил, доконать.

І

Іші пысу	Испытывать тоску, скучать
іргесін қалау	положить основу, строить, заложить основу

У

Үлес қосу	Внести вклад
үстінен түсу	застать врасплох

ҚОРЫТЫНДЫ

Тіл жөніндегі қазіргі жаңа саясат елімізде қазақ тілін оқып, үйренуді іс жүзінде жүзеге асыруды неғұрлым жетілдіре түсуге, оның жан-жақты дамуына толық мүмкіндігін жасап отыр. Жоғарғы, арнаулы орта оқу орындары мен жалпы білім беретін мектепте қазақ тілі пәнін оқытуды міндеттеу оны үйретудің жетілдірілген, қазіргі заман талаптарына сай әдістемесін жасауды талап етеді. Осы тұрғыда етістікті оқыту мәселесі-қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша күрделі тақырыптардың бірі.

Басқа сөз таптарымен салыстырғанда, етістікті оқытудың өзіндік ерекшеліктері бар. Етістік-оқушы ұғымы үшін қиын тараудың бірі болумен қатар, сөйлеу тілде жиі қолданылатын сөздер. Сондықтан етістікті оқытуды ғылыми, теориялық жағынан негіздеу - оқушыларға тиянақты білім берудің негізгі шарттарының бірі. Бұл жөнінде шет тілін оқыту әдістемесінің көрнекті өкілдерінің бірі. Е.И.Пассов: "Соблюдение психолого-педагогических требований, предъявляемых к своевременному уроку, настолько важно, что от этого зависит все остальное общий успех дела"[1] деген еді. Ендеше, қазақ тілін өзге тіл ретінде оқытуды психологиялық, педагогикалық жағынан негіздеу етістікті оқытудың тиімділігін арттырары сөзсіз.

Ұлттық мектепте қазақ тілін оқытуда көзделетін мақсат - балалардың шығармашылық ойлау қабілетін, танымын кеңейту, сөйлеу тілін дамыту.

Басқа ұлт өкілдерінің өзге тіл қазақ тілін үйрену мен ана тілінің ерекшеліктерін игеруінің арасында елеулі айырмашылықтар бар. Осы айырмашылықтардың психологиялық-педагогикалық жақтарын айқындау тілді игерудің тиімді жолдарын белгілеп береді.

Өзге тілді меңгерту - оқушылардың психологиялық қалпы, оның ерекшеліктері, қабілеті, білімі, мұғалім шеберлігі оқытудың әдіс-тәсілдері сияқты көптеген факторларға тікелей қатысты.

Ұлттық мектепте қазақ тілін оқыту лингводидактиканың бір саласы ретінде жалпыдидактикалық және өзге тілді оқытумен байланысты қалыптасқан коммуникативтік-практикалық, жаттығудың оқу үрдісінің барлық буынында басым болуы және оқушылардың ана тілін ескеру сияқты принциптеріне сүйенгенде ғана нәтижелі болады.

Етістік бойынша сөйлеуге қажетті грамматикалық материалды ғылыми негізде іріктеу және оның көлемін анықтау, орналасу тәртібі, жүйесін белгілеу оны оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін жолдарын анықтау, оқу уақытын үнемдейтін оқушылардың танымдық белсенділігін арттыратын дидактикалық жабдықтарды

[1] Урок иностранного языка в средней школе. М., 1988. С.216.

даярлау оқушылардың осы пәннен тиянақты білім алуына толық жағдай жасайды және мұғалім еңбегін жеңілдетеді.

Қазақ тіліндегі етістіктің грамматикалық категориялары мен оның ерекше түрлерін меңгертуде орыс тіліндегі тілдік единицалардың ерекшеліктері мен ұқсастықтарын салыстыра түсіндірудің маңызы зор. Оқушылардың ана тілінде қалыптасқан сөйлеу дағдылары мен грамматикалық білімін қазақ тілін меңгертуде пайдалану жақсы нәтиже береді. Оқушыларға қазақ тіліндегі етістіктің грамматикалық категорияларының қайсысы орыс тіліндегі етістік категорияларына сәйкес, қайсысы сәйкес келмейтінін салыстырмалы түрде меңгертудің оқытуда алатын орны ерекше.

Оқу үрдісінде оқушының белсенділігі жоқ жерде білім беру нәтижесіз болады. Сондықтан баланың білімін бекіту, сөйлеу іскерлігі, дағдыларын дамыту мақсатында жүргізілетін жаттығу жүйесін құруда оқушының танымын қанағаттандыратын қазақ халқының дәстүрі, тұрмысы, тарихын насихаттайтын, яғни оқушылардың шығармашылық қабілетін ұштайтын материалдың қолданылуы шарт. Осы тұрғыда сабақтың әр буынында тілдік және тіл дамыту жаттығуларының неғұрлым көп болуы, сапалы, "жеңілден ауырға" қарай жүйелі, логикалық байланыста құрылуы - жаттығу жүйесін жасауға қойылатын талаптар.

Етістікті оқытумен байланысты әр түрлі көрнекіліктер, техникалық оқу құралдарын пайдалану, грамматикалық, дидактикалық ойын түрлерін жүргізу, сөздік жұмысын түрлендіру оқушының пәнге қызығушылығын оятады, сабақты неғұрлым жеңіл түсінуіне мүмкіндік жасайды.

Республикамызда өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту ауқымы кең, келелі мәселе. Қазақ тілін өзге тіл ретінде оқытудың жалпы әдістемесін жасау, оның етістіктен басқа да жеке грамматикалық категорияларын оқыту жолдарын зерттеу келешекте жалғасын таба бермек.

МАЗМҰНЫ:

КІРІСПЕ 3

ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҚ ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ 5
Орыс мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесінің тарихына қысқаша шолу 5
Қазақ тілін өзге тіл ретінде оқытудың психологиялық негізі 11
Орыс мектебінде қазақ тілін оқытудың педагогикалық негізі 19
Қазақ тілі сабақтарында жалпыдидактикалық және жеке принципінің жүзеге асуы 19
Орыс мектебінде қазақ тілін оқыту әдістері 23
Қазақ тілі сабағының түрлері мен құрылымы 42

ЕТІСТІКТІ ОҚЫТУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН 48
Қазақ тілі бағдарламасы мен оқулықтарда етістік бойынша берілген оқу материалдарының ерекшеліктері 48
Етістік сөз табы бойынша оқушының білім, іскерлік, дағдыларын анықтау 54
Болымсыз етістікті оқыту 62
Тұйынды етістікті оқыту 64
Көсемшені оқыту 67
Күрделі етістікті оқыту 70
Етістіктің шақтарын оқыту 79
Келер шақты оқыту 83
Осы шақты оқыту 85
Етістік райларын оқыту 86
Жіктік жалғауды оқыту 91
Тұйық етістікті оқыту 93
Етістік бойынша жүргізілетін сөздік жұмысы 96

Жиі қолданылатын етістікті сөз тіркестерінің қазақша-орысша сөздігі 100

Қорытынды 113

СҮЛЕЙМЕНОВА ЖАРҚЫНБИКЕ НУАЙҚЫЗЫ

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Техникалық редакторы: Сүлейменова О.Ж.

Басылуға 16.01.2001 ж. қол қойылды. Форматы 60х84 1/16. Қағазы офсеттік №1.
Есептік баспа табақ 7,2. Таралымы 500 дана. Тапсырыс №35.
ББ "Қазбілімжабдық", Сейфуллин к-сі, 467, 32-37-38